

**«M.S.NARIKBAEV ATYндағы KAZGUU UNIVERSITETI»
ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ МЕКТЕБІ**



**2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН
АКАДЕМИЯЛЫҚ КАТАЛОГ**

**Нұр-Сұлтан
2021**

Жоғары гуманитарлық мектебінің 2021-2022 оқу жылына арналған академиялық каталогының негізгі мақсаты студенттерді, оқытушыларды, әкімшілікті, сонымен бірге қызығушылық танытқан басқа да азаматтарды мектеп тынысына қатысты ақпаратпен таныстыру. Осы каталогта 2021-2022 оқу жылына арналған жоспарлар мен ұйымдастырушылық құрылымдар туралы ақпарат енгізілген. Әр студент, оқытушы мен университет қызметкері каталогты мұқият қарап шығып, жазылған ережелер мен ресімдерді ұстануы керек.

Ескертпе: ҚР БҒМ мен КАЗҒЮУ университетінің нормативтік-құқықтық актілері мен ресімдердегі өзгерістерге сай оқу жылы бойына ЖГМ каталогының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**Қош келдіңіздер!
Жоғары Гуманитарлық мектебінің
құрметті студенттері!**



KAZGUU School of Liberal Arts сіздерді M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нің қабырғасында қарсы алғанына қуанышты. Сіз орта мектепте оқуды аяқтап, оқуға түсу емтихандарын тапсырып, болашаққа үлкен қадам жасадыңыз, ал бүгін KAZГЮУ Жоғары гуманитарлық мектебі деп аталатын үлкен отбасының бір бөлшегіне айналасыз!

Өздеріңіз білетіндей, KAZГЮУ 25 жылдан астам уақыт бойы сапалы білім беріп келеді, осы кезеңде университет бірқатар халықаралық аккредитацияларға қол жеткізді.

Атамекен ҰКП рейтингінің нәтижелері бойынша №1 университет деп танылды және еліміздің ең табысты, танымал университеттерінің бірі ретінде жоғары беделге ие болды.

KAZГЮУ ЖГМ-нің білім беру бағдарламалары әлемдік деңгейдегі өз салаларында үлкен сұранысқа ие көшбасшы болып табылады. ЖГМ білім беру бағдарламаларына қызмет көрсететін оқытушылық құрам лингвистикалық, туристік және аударма ұйымдарының практик-оқытушыларынан, практик психологтардан, журналистік қоғамдастық өкілдерінен, жетекші халықаралық университеттердің түлектерінен, ғылыми қоғамдастықтардың өкілдерінен тұрады. Біздің серіктестеріміз сапалы контентті әзірлеуге, тәжірибеден өткізуге және түлектерді жұмысқа орналастыруға көмектеседі. Оқудың екінші және үшінші жылында сізде академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, АҚШ, Франция және Германия университеттерімен қос дипломдық бағдарламаға қатысуға және KAZГЮУ серіктестерінің ЖОО-ның бірінде оқуға мүмкіндік болады.

Қымбатты достар, сіздердің алдарыңызда көптеген мүмкіндіктер бар және ЖГМ командасының әрбір мүшесі сізге университет өмірінің әрбір кезеңінде қолдау көрсетуге дайын!

Шын жүректен,

Анар Ибраева

M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti

ЖГМ директоры,

Филология ғылымдарының кандидаты,

MA in Applied Linguistics and TESOL

Мазмұны

1 БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ	6
2 БӨЛІМ. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҰСТАНУ	11
3 БӨЛІМ. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ	11
4 БӨЛІМ. ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ	12
ЖГМ бакалавриатының білім беру бағдарламаларына	12
Қабылдау ережелері мен ресімдері	12
KAZGUU English Placement Test (КЕРТ)	17
Қабылдау кезінде академиялық кредиттерді есепке алу	18
Халықаралық бакалавриат мектептері мен Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектерін қабылдау талаптары	20
Шетелдік студенттер үшін қабылдау талаптары	23
5 БӨЛІМ. ОҚУ ҮДЕРІСІ	26
Пәндерге тіркелу	26
Тыңдаушыларды тіркеу	27
Академиялық кеңес беру	28
Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ережелері	29
Бір білім беру бағдарламасынан (мамандығынан) екінші білім беру бағдарламасына ауысу ережелері	29
Басқа ЖОО-дан ауысу ережелері	30
Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру	31
Академиялық ұтқырлық	33
Қос дипломды білім беру бағдарламалары	34
Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу	35
6 БӨЛІМ. СЕРТИФИКАТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР (MINORS)	36
"МЕДИАЛИНГВИСТИКА" сертификатталған бағдарламасы	37
«ЖАЗБАША АУДАРМА» сертификаттау бағдарламасы	38
"КОНФЕРЕНЦ-АУДАРМА" сертификаттау бағдарламасы	40
«ӨЗГЕ ТІЛДІЛЕРГЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ» сертификаттау бағдарламасы	40
"ІШКІ ЖӘНЕ КІРМЕЛІ ТУРИЗМ" сертификаттау бағдарламасы	42
«ЭКСКУРСИЯТАНУ» сертификаттау бағдарламасы	44
«ТУРИЗМ МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ САЛАЛАРЫНЫҢ МАРКЕТИНГІ» сертификаттау бағдарламасы	47
"ҚОНАҚ ҮЙ ЖӘНЕ МЕЙРАМХАНА ІСІ" сертификаттау бағдарламасы	48
"NILTON-ASTANA" тағылымдамасының сертификаттық бағдарламасы	49
«ЛОГОПЕДИЯ» сертификаттау бағдарламасы	50
"HR-АНАЛИТИКА" сертификаттау бағдарламасы	51
«BRAND-АНАЛИТИКА» сертификаттау бағдарламасы	53
"ЗАҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ" сертификаттау бағдарламасы	53

7-БӨЛІМ.БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	55
«6B02301-АУДАРМА ІСІ» Білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры	56
«6B02302-ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКА» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры.....	67
6B02303 – «ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ТІЛІ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА» бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім беру бакалавры.....	77
6B11101 – ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету бакалавры	82
«6B11102-ТУРИЗМ» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету бакалавры.....	89
«6B03101-ПСИХОЛОГИЯ» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры.....	98
«6B03201 ЖУРНАЛИСТИКА: АНАЛИТИКА ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры.....	115
8-БӨЛІМ.МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	120
9-БӨЛІМ. ПӘНДЕР ТІЗБЕСІ МЕН КАТАЛОГЫ.....	127
Барлық білім беру бағдарламалары үшін.....	129
ЖЭМ білім беру бағдарламалары үшін.....	132
ЖҚМ білім беру бағдарламалары үшін	134
«Қолданбалы лингвистика» және «Аударма ісі» білім беру бағдарламалары үшін ..	138
«Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика» білім беру бағдарламасы үшін	152
«Туризм» және «Қонақжайлылық» білім беру бағдарламалары үшін	156
«Журналистика: аналитика және зерттеу» білім беру бағдарламасы үшін.....	166
«Психология» білім беру бағдарламалары үшін.....	174
10-БӨЛІМ. ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ.....	194
11-БӨЛІМ. ТІЛДІК КУРСТАР KAZGUU Language Learningand CertificationCentre	197
12-БӨЛІМ. СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАР	200
13-БӨЛІМ. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ	201
14-БӨЛІМ. M.S.NARIKBAEV ATYNDAĞY KAZGUU UNIVERSITETІ ТҮЛЕГІНІҢ ПРОФАЙЛЫ	205

1 БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

МИССИЯСЫ

Заман талаптары мен сұраныстарына сай сапалы білім ортасын қалыптастыру және өркендету, құрмет пен әлеуметтік жауапкершілік арқылы құнды білім беруді дамыту және ана тіл мен мәдениетке ену арқылы рухани-өнегелік ұстанымдарды қалыптастыру.

МАҚСАТЫ

Лингвистика және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында жоғары білікті мамандарды даярлау. Студенттердің академиялық сауаттылық дағдылары мен тілдік дағдыларын қалыптастыру.

БОЛАШАҒЫ

Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін әлеуметтік-гуманитарлық бағдарлы маман түлектерді даярлауды жүзеге асыратын жетекші жоғары мектеп болу.

Мектеп қызметінің бағыттары:

- жалпы білім беру және тілдік пәндер саласында тыңдаушыларды даярлау;
- «Қолданбалы лингвистика», "Аударма ісі", "Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика", "Туризм", "Қонақжайлылық", "Психология" және "Журналистика: аналитика және зерттеу" білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау;
- студенттер арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу – студенттерде өнегелік-әдеп қасиеттерін қалыптастыру және дамыту (LiberalArtsмодулі).

Мектептің стратегиялық мақсаттары:

- ЖГМ ББ және қосымша білім беру бойынша сапалы білім беруін қамтамасыз ету;
- ЖГМ түлектерін жұмысқа орналастыру;
- ЖГМ ББ интернационализациялау;
- Зерттеу мектебін дамыту (Institutional Research);
- Профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің мектептің дамуына қатысуын қамтамасыз ету.

Мектеп міндеттері

- Мектептің білім беру бағдарламаларын халықаралық мамандандырылған аккредитациядан өткізу;
- SLA Business Council-ді дамыту;
- Сапалы білім берудің халықаралық стандарттарын қамтамасыз ету;
- Сертификатталған бағдарламалар мен білім беру саласындағы сарапшылармен, өндірістік базамен, жұмыс берушілермен байланыстар орнату;
- Студенттердің тәжірибелік құзыреттерді алуына бағытталған тәжірибелік-бағдарлы амалды пайдалануды жетілдіру;
- Білім алушылар мен оқытушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын дамыту;
- Халықаралық грант бағдарламаларына қатысу;
- Түлектердің қол жеткізген оқу нәтижелерін силлабустар мен бейініне сәйкес талдау;

- Білім беру бағдарламаларының практикалық бейінделуін күшейту;
- Халықаралық байланыстарды кеңейту: халықаралық студенттерді, оқытушыларды тарту, қос диплом бағдарламасын дамыту, кітапханалық қорды ұлғайту;
- Студенттердің қолданбалы және зерттеушілік құзыреттерін дамыту;
- Ғылыми конференциялар мен семинарларды ұйымдастырып, өткізу;
- Ғылыми мектепті қалыптастыру (Institutional Research)
- Оқу үдерісіне алдыңғы қатарлы шетелдік университеттердің түлектерін, сонымен қатар сертификатталған мамандарын (CELTA, DELTA, TESOL, TOLES және т.б.) тарту;
- Коммерциялық негіздегі сертификатталған курстар мен бағдарламаларды ұйымдастыру.

Тарихы

Жалпы білім беру пәндері мектебі жалпы білім беру пәндері аясында бірінші курс студенттеріне даярлық бағдарламасын жүргізу мақсатында 2014 жылдың 1 тамызында құрылып, 2019 жылы Жоғары Гуманитарлық Мектебі атауына өзгерді.

1-курс студенттері жалпы білім беру пәндерінің негіздерін оқиды, сонымен бірге таңдалған мамандықтары бойынша негізгі білімді игереді, оған қоса:

- сыни ойлау дағдыларын;
- ұжымда жұмыс істеу дағдыларын;
- қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде қатысым дағдыларын;
- ана тілдері мен мемлекеттік тілде зерттеу жүргізу мен академиялық мәтіндерді (эссе, аннотация, мақала, курстық/ дипломдық жұмыстар) құрастырудың негізгі дағдыларын игереді.

Жоғары гуманитарлық мектебі студенттердің адамгершілік тәрбиесінің деңгейін арттыру және олардың туған мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсініктерін халықаралық контексте қалыптастыру мақсатында жыл сайын Қазақстанның тарихи орындарына 10 күндік экскурсия ұйымдастырады.

2019-2020 оқу жылынан бастап мектеп ҚР БҒМ Білім беру бағдарламалары тізілімінде сараптамадан және тіркеуден сәтті өткен «Қолданбалы лингвистика» атты жаңа білім беру бағдарламасын ашты.

2021-2022 оқу жылынан бастап мектеп "Қолданбалы лингвистика", "Аударма ісі", "Туризм", "Қонақжайлылық", "Психология", "Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика" білім беру бағдарламалары бойынша жұмысын жалғастырды, сондай-ақ "Журналистика: аналитика және зерттеу" бағдарламасы іске қосылды.

Мектеп құрылымына кіретіндер:


- Жалпы білім беру пәндері департаменті;
- Ағылшын тілі департаменті;
- ЖГМ Эдвайзерлер офисі;
- ЖГМ мансап, тәжірибе және жұмысқа орналастыру орталығы;
- Қазақ тілін креативті оқыту орталығы;
- KAZGUU Tourism Center;
- KAZGUU Language Learning and Certification Center.

Жоғары гуманитарлық мектептің **Академиялық сапа комитеті** мектептің академиялық қызметі жөніндегі атқарушы және алқалы орган болып табылады.

Ғылым мен этика комитеті ЖГМ-нің ғылыми-зерттеу қызметі, сондай-ақ корпоративтік және іскери этика жөніндегі атқарушы және директивті орган болып табылады.

Бизнескеңес (Business Council) жұмысберушілердің, академиялық, стратегиялық және бизнес серіктестердің өкілдерін қамтиды, бұл орган мектептің білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылған.

Мектептің (факультеттің) ұйымдық құрылымы



Organizational structure
 School of Liberal Arts
 M. Narkisbayev KAZGUU University

Әкімшілік қызметкерлер

Қызметі	Аты-жөні	Қаб.	Байланыс ақпараты
Директор (декан)	Ибраева Анар Бауыржановна	503	+7 (7172) 70-30-49 a_ibrayeva@kazguu.kz
Директордың (деканның) бакалавриат бойынша орынбасары	Бопурова Жамиля Толегеновна	503	+7 (7172) 70-30-49 zh_bopurova@kazguu.kz
Жұмысқа орналастыру, әлеуметтік қолдау көрсету және дамыту бойынша Директор (Декан) орынбасары	Баржаксина Гульмира Амиржановна	503	+7 (7172) 70-30-49 g_barzhaksina@kazguu.kz
«Аударма ісі» және «Қолданбалы лингвистика» білім беру бағдарламасының жетекшісі	Целенко Елена Павловна	503	+7 (7172) 70-30-49 e_tselenko@kazguu.kz
«Туризм» және «Қонақжайлылық» білім беру бағдарламасының жетекшісі	Лукпанова Мадина Жумажановна	503	+7 (7172) 70-30-49 m_lukpanova@kazguu.kz
«Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика» білім беру бағдарламасының жетекшісі	Салимова Акерке Тукубаевна	503	+7 (7172) 70-30-49 a_salimova@kazguu.kz
«Психология» білім беру бағдарламасының жетекшісі	Емельянова Елена Вячеславовна	503	+7 (7172) 70-30-49 e_emelyanova@kazguu.kz
«Журналистика: аналитика және зерттеу» білім беру бағдарламасының жетекшісі	Даулетбаева Алтынзер Дуйсеновна	503	+7 (7172) 70-30-49 a_dauletbayeva@kazguu.kz
Жалпы білім беру пәндері департаментінің координаторы	Каргашев Расул Каргашевич	515	(Ішкі) 1293 r_kargashev@kazguu.kz
Ағылшын тілі департаментінің координаторы	Иманжанова Динара Дуйсеновна	503а	+7 (7172) 70-17-12 d_dauletbayeva@kazguu.kz
Эдвайзерлер офисінің жетекшісі	Абдрахманова Дина Канатовна	238	(Ішкі) 1017 d_abdrakhmanova@kazguu.kz
Эдвайзер	Кустубаева Балжан Серимжановна	238	(Ішкі) 1017 b_kustubayeva@kazguu.kz
Эдвайзер	Жақсылық Айзат Саматқызы	238	(Ішкі) 1017 a.zhaksylyk@kazguu.kz

Мансап, тәжірибе және жұмысқа орналастыру орталығының менеджері	Алимбаева Гульзат Канатовна	503	+7 (7172) 70-30-49 g_alimbayeva@kazguu.kz
Мансап, тәжірибе және жұмысқа орналастыру орталығының менеджері	Акшалова Айжан	503	+7 (7172) 70-30-49 a_akshalova@kazguu.kz
Академиялық сапа комитетінің төрағасы	Сарсенбаева Алия Сериқовна	503а	+7 (7172) 70-17-12 a_sarsenbayeva@kazguu.kz
Ғылым және этика комитетінің төрағасы	Айкенова Айжан Жарқыновна	503а	+7 (7172) 70-17-12 a_aikenova@kazguu.kz
Ішкі байланыстар бойынша менеджер	Кудерова Гүлнұр Тельмұхаметқызы	503	+7 (7172) 70-30-49 kuderova_g@kazguu.kz
Мектеп ассистенті	Утегенова Шолпан Маратовна	503	(Ішкі) 1293 sh_utegenova@kazguu.kz
Мектеп ассистенті	Бахтиярова Акбота Армановна	515	(Ішкі) 1293 a_bakhtiyarova@kazguu.kz

2 БӨЛІМ. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҰСТАНУ

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti барлық оқытушылар, білім алушылар мен қызметкерлердің академиялық адалдық ережелерін ұстануын және кез келген түрдегі академиялық адалдыққа қарсы әрекеттерді болдырмауды талап етеді. Білім алушылар мен қызметкерлерге Академиялық адалдық нұсқаулығында <http://tson.kazguu.kz/file/rukovod.pdf> жазылған академиялық адалдық ережелерін таныстыру, оларды бұзудың салдарлары бар екенін ескерту университеттің барлық бөлімшелеріне міндеттеледі.

3 БӨЛІМ. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер ұсынады және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға қатысты нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық белгілері бойынша, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы, отбасы жағдайы, дене мүмкіндіктері, жасы немесе басқа да субъективті өлшемшарттары бойынша кемсітушілікке жол бермейді [КАЗГЮУ Академ. саясаты, 2-тарау].

Университет академиялық және университеттік өмірдің барлық салаларына қатысты ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беру саясатымен мына сілтеме арқылы танысуға болады: <https://tson.kazguu.kz/ru/akademicheskaya-politika/>

4 БӨЛІМ. ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жоғары гуманитарлық мектебі (бұдан әрі – ЖГМ) академиялық үлгерімі жоғары, болашақта кәсіби салада жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатын талапкерлерді қабылдауға мүдделі. Осыған орай, мектеп «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» (ҚР БҒМ-нің 31.10.2018 ж. №600 бұйрығы) негізінде талапкерлерді қабылдау ережелерін әзірледі. Талапкер таңдап алынған бағдарлама аясында ЖГМ талаптары мен ережелерін ұстануы керек.

Бакалавриат бағдарламасы үшін талапкерлерді жалпы қабылдау ресімі:

Студенттерді университетке тіркеу Қабылдау комиссиясымен жүргізіледі.

Талапкер M.S.Narıkbaev атындағы KAZGUU Universiteti Қабылдау комиссиясына қажетті келесі құжаттар тізімін тапсыруы керек*:

- бекітілген үлгіде толтырылған өтініш;
- орта (жалпы орта), техникалық және кәсіби (бастапқы кәсіби немесе орта кәсіби), жартылай орта немесе жоғары (жоғары кәсіби) білімін растайтын құжатты қосымшасымен;
- 3x4 көлемді 6 фотосурет;
- 086-У үлгідегі медициналық анықтама (флюорографиялық суретпен бірге);
- ҰБТ сертификаты;
- оқу грантының берілгенін растайтын куәлік (бар болған жағдайда);
- КЕРТ сертификаты;
- ЖГМ, ЭЖМ, ҚЖМ-ге оқуға түсушілерді қабылдау комиссиясы тіркеуінің хаттамасы (бар болған жағдайда);
- жеке куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі, туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі (егер оқуға түсуші кәмелетке толмаған болса);
- тіркеу куәліктің немесе әскери билеттің көшірмесі (күндізгі бөлімге қабылданушы ер азаматтар үшін);
- IELTS/TOEFL/FCE/CAE сертификаттарының көшірмесі (бар болған жағдайда).

* Толық құжаттар тізімін уақытында өткізбеген талапкерлер, ресми құжаттар ұсынылғанға дейін тіркеле алмайды.

ЖГМ бакалавриатының білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелері мен ресімдері:

ЖГМ бағдарламасына түсу кезінде Университетке жалпы қабылдану талаптарын, сондай-ақ ЖГМ білім беру бағдарламаларының тілдік талаптарын орындау қажет (4.1 кесте).

4.1-кесте. Ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасының атауы	КЕРТ нәтижелеріне сәйкес ағылшын тілін білу деңгейі (CEFR)	Academic IELTS	TOEFL IBT/PBT, FCE/CAE/PET* (IELTS баламасы)
Келесі ББ ағылшын бөлімі үшін: 6B11101 - Қонақжайлылық 6B11102 - Туризм	Pre-Intermediate (A2) (100%-ден 40%)	3,0-ден кем емес	IBT 24-тен кем емес PBT 370-тен кем емес PET 120-дан кем емес FCE 140-тан кем емес CAE 160-тан кем емес
6B02301 Аударма ісі (ағылшын бөлімі, оқу мерзімі - 4 жыл)	Intermediate B1 (100%-ден 60%)	5,0-ден кем емес	IBT45-тен кем емес PBT 450-ден кем емес PET 154-тен кем емес FCE 154-тен кем емес CAE 160-тан кем емес
6B02301 Аударма ісі (оқу мерзімі - 3 жыл)	Intermediate B1 (100%-ден 65%)	5,5-тен кем емес	IBT 59-дан кем емес PBT 496-дан кем емес FCE 162-ден кем емес CAE 162-ден кем емес
6B02302 - Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі - 4 жыл)	Intermediate B1 (100%-ден 60%)	5,0-ден кем емес	IBT45-тен кем емес PBT 450-ден кем емес PET 154-тен кем емес FCE 154-тен кем емес CAE 160-тан кем емес
6B02302 - Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі - 3 жыл)	Intermediate B1 (100%-ден 65%)	5,5-тен кем емес	IBT 59-дан кем емес PBT 496-дан кем емес FCE 162-ден кем емес CAE 162-ден кем емес
6B02303 - Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика	Талап етілмейді	Талап етілмейді	Талап етілмейді
6B03101- Психология (оқу мерзімі - 3 жыл, 4 жыл)	Талап етілмейді	Талап етілмейді	Талап етілмейді
6B03201 Журналистика: аналитика және зерттеу (оқу мерзімі - 4 жыл)	Талап етілмейді	Талап етілмейді	Талап етілмейді

**Оқытудың қысқартылған нысанына түсуге қойылатын талаптар
(орта кәсіптік білім базасында, оқу мерзімі - 3 жыл)**

- 4.2-кестеге сәйкес таңдалған білім беру бағдарламалары тобына ұқсас орта кәсіптік білім туралы дипломда көрсетілген біліктілігінің болуы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 01 сәуірдегі № 134 бұйрығына сәйкес);

- ақылы негізде оқуға түсу үшін-түсушілерді қабылдау бойынша жоғары мектеп комиссиясының мүшелерімен әңгімелесу ХАТТАМАСЫ;

- білім беру гранты негізінде оқуға түсу үшін-ҰБТ сертификаты (25 балдан төмен емес), оның ішінде 4.3-кестеге сәйкес жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша (пәндердің әрқайсысы бойынша) кемінде 5 балл.

4.2-кесте. ЖГМ бакалавриатының ББ ұқсас топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігі:

Жоғары білім беру бағдарламаларының атауы	Техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтары мен біліктіліктері	
	Мамандықтар мен біліктіліктердің шифры	Мамандықтар мен біліктіліктердің атауы
В036 Аударма ісі		
6В02301 –Аударма ісі (оқу мерзімі – 3 жыл)	0105000	Бастапқы білім беру
	0105000 3	Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі
6В02302 –Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі – 3 жыл)	0111000	Негізгі орта білім
	011108 3	Шет тілі мұғалімі
	0512000	Аударма ісі (түрлері бойынша)
	051201 3	Аудармашы
	051202 3	Гид-аудармашы
В037 Филология		
6В02303 Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика (оқу мерзімі – 3 жыл)	0111000	Негізгі орта білім
	0111013	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011102 3	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011103 3	Ұйғыр тілі мен әдебиетінің мұғалімі
	011104 3	Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011108 3	Шет тілі мұғалімі
	051202 3	Гид-аудармашы
В091 Туризм		
6В1102 – Туризм (оқу мерзімі – 3 жыл)	0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру
	050806 3	Технолог-менеджер
	0511000	Туризм (салалар бойынша)
	051104 3	Менеджер
	0512000	Аударма ісі (түрлері бойынша)
	051201 3	Аудармашы
	051202 3	Гид-аудармашы
	0521000	Қонақ үй ісі: мейрамхана/қонақ үйді басқару
	052101 3	Қызмет көрсету бойынша менеджер
	0522000	Іс-шараларды ұйымдастыру және қызмет көрсету
	052201 3	Іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі менеджер
	1226000	Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімдерін өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру
	122603 3	Технолог
	122604 3	Техник-технолог
122606 4	Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімдерін өндіру технологиясы және ұйымдастыру қолданбалы бакалавры	
В041 Психология		
6В03101 Психология (оқу мерзімі – 3 жыл)	0102000	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша)
	010201 3	Қосымша білім беру педагогы
	010202 3	Педагог - ұйымдастырушы
	010206 4	Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қолданбалы бакалавры
	0103000	Дене шынықтыру және спорт
	010302 3	Дене шынықтыру мұғалімі
	010303 3	Спорт бойынша тренер-оқытушы
	010304 3	Бейімделген дене шынықтыру мұғалімі
	010305 4	Дене тәрбиесінің қолданбалы бакалавры

	0105000	Бастапқы білім беру
	010501 3	Бастауыш білім беру мұғалімі
	010502 3	Информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі
	010503 3	Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі
	010504 3	Өзін-өзі тану мұғалімі
	010508 3	Ағылшын тілін меңгерген бастауыш білім беру мұғалімі
	010509 3	Ағылшын тілін меңгерген информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі
	010510 4	Бастауыш білім берудің қолданбалы бакалавры
	0108000	Музыкалық білім беру
	010801 3	Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка мұғалімі
	0109000	Тіршілік қауіпсіздігі және валеология
	010901 3	Негізгі орта білім беру валеология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері мұғалімі
	0111000	Негізгі орта білім беру
	011101 3	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011102 3	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011103 3	Ұйғыр тілі мен әдебиетінің мұғалімі
	011104 3	Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011105 3	Өзін-өзі тану мұғалімі
	011106 3	Математика мұғалімі
	011107 3	Физика мұғалімі
	011108 3	Шет тілі мұғалімі
	011109 3	Информатика мұғалімі
	011110 3	Ағылшын тілін білетін өзін-өзі тану мұғалімі
	011111 3	Ағылшын тілін білетін математика пәнінің мұғалімі
	011112 3	Ағылшын тілін білетін физика пәнінің мұғалімі
	011114 3	Көркем еңбек мұғалімі
	011113 4	Негізгі орта білім берудің қолданбалы бакалавры
	0112000	Исламтану
	011202 3	Ислам негіздері мұғалімі

4.3-кесте. Қысқартылған оқыту нысаны үшін ЖГМ бакалавриаты ББ бойынша ҰБТ бейіндік пәндерінің тізбесі

Коды	Білім беру бағдарламаларының атауы	Жалпы кәсіптік пәндер	Арнайы пәндер	Тіл бөлімі	Оқу мерзімі
В036 Аударма ісі					
6В02301	Аударма ісі	Қазақ тілі/ Орыс тілі	Шет тілі	ағылшын	3
6В02302	Қолданбалы лингвистика	Қазақ тілі/ Орыс тілі	Шет тілі	ағылшын	3
В091 Туризм					
6В11102	Туризм	География	Туристік қызметті ұйымдастыру	ағылшын	3
В037 Филология					

6B02303	Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика	Қазақ тілі/ Орыс тілі	Қазақ/ Орыс әдебиеті	қазақ	3
В041 Психология					
6B03101	Психология	Қазақстан тарихы	Психология негіздері	қазақ/ орыс	3

**Оқудың толық нысанына түсуге қойылатын талаптар
(орта білім базасында, оқу мерзімі - 4 жыл)**

- тиісті бейіндік пәндерді тапсыра отырып, ҰБТ сертификатының болуы (кемінде 50 балл, әрбір пән бойынша кемінде 5 балл):

4.4-кесте. ҰБТ бейіндік пәндерінің және оқытудың толық нысаны үшін ЖГМ бакалавриатының ББ бойынша шекті балдарының тізбесі

Код	Білім беру бағдарламаларының атауы	Бейіндік пән 1	Бейіндік пән 2	Тіл бөлімі
В036 Аударма ісі				
6B02301	Аударма ісі	Дүние жүзі тарихы (5 балдан кем емес)	Шет тілі (5 балдан кем емес)	ағылшын
6B02302	Қолданбалы лингвистика	Дүние жүзі тарихы (5 балдан кем емес)	Шет тілі (5 балдан кем емес)	ағылшын
В037 Филология				
6B02303	Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика	Қазақ тілі (5 балдан кем емес)	Қазақ әдебиеті (5 балдан кем емес)	қазақ
В091 Туризм				
6B11101	Қонақжайлылық	География (5 балдан кем емес)	Шет тілі (5 балдан кем емес)	ағылшын
6B11102	Туризм	География (5 балдан кем емес)	Шет тілі (5 балдан кем емес)	ағылшын
В041 Психология				
6B03101	Психология	Биология (5 балдан кем емес)	География (5 балдан кем емес)	қазақ/орыс
В042 Журналистика және репортер ісі				
6B03201	Журналистика: аналитика және зерттеу	Шығармашылық емтихан (Шығарма)	Шығармашылық емтихан (кәсіби деңгейінанықтау үшін әңгімелесу сұқбат)	қазақ/орыс

KAZGUU English Placement Test (KEPT)

(талапкерлерүшіналдыналашәттiлiненқабылдауемтиханыменқазақ/орыстiлд ерiндеңгейлiканықтаутестiлеуi)

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-niң бiлiм беру бағдарламаларына қабылдану үшiн (күндiзгi бөлiм) KAZGUU English Placement Test пен қазақ/орыс тiлдерiнен қабылдау тестiлеуiн өту мiндеттi шарттардың бiрi болып табылады.

Қазақ бөлiмiне қабылданатын талапкерлер орыс тiлiнен, ал **орыс бөлiмiне қабылданатын талапкерлер** қазақ тiлiнен алдын ала тiлдiк деңгейдi анықтау тестiлеуiнен өтедi.

Ағылшын бөлiмiне қабылданатын талапкерлер қабылдау тестiлеуiн тапсыру кезiнде не қазақ, не орыс тiлiн өзiннiң қалауы бойынша таңдайды.

KEPT қабылдау емтиханын өткiзу (қазақ/ орыс және ағылшын тiлдерi бойынша) келесi бөлiмдерден тұрады:

Ағылшын:	Оқылым Тыңдалым Жазылым Айтылым
Орыс тiлi (қазақ бөлiмiне түсушiлер үшiн):	Лексико-грамматический тест Жазылым Айтылым
Қазақ тiлi (орыс бөлiмiне түсушiлер үшiн):	Лексико-грамматикалық тест Оқылым Тыңдалым Айтылым

Ағылшын тiлiн меңгеру деңгейi жеткiлiксiз болған жағдайда, **Language Learning and Certification Centre** базасында өткiзiлетiн ақылы дайындық курстарынан өту ұсынылады(<https://courses.kazguu.kz/vgh>).

Талапкер баға реестрiне сәйкес KEPT-тi ақылы негiзде бiрнеше рет қайта тапсыруға құқылы.

Егер талапкер KEPT бойынша балл санын талап етiлетiн деңгейден төмен жинаған жағдайда, ағылшын тiлдi бөлiмшеге қабылдау туралы шешiм Жоғары гуманитарлық мектеп ретiнде шешiм негiзiнде қабылданады. Бұл ретте студент "Қазақстанның қазiргi заманғы тарихы" және "Қазақ/орыс тiлi", "Дене шынықтыру" пәндерiне орыс немесе қазақ тiлдерiнде тiркелуге мүмкiндiк алады. Шет тiлiн меңгерудiң белгiлi бiр деңгейiн көздейтiн басқа пәндерге тiркеуге рұқсат беру Жоғары гуманитарлық мектеп ретiнде шешiм негiзiнде жүзеге асырылатын болады. Шешiмнiң орындалуын бақылау тиiстi бiлiм беру бағдарламасының эдвайзерiне жүктеледi.

IELTS/TOEFL IBT/PBT/**FCE /CAE/PET** сертификаттары бар талапкерлердi қоспағанда, 1-курс оқу пәндерiне тiркелу және жеке кестенi қалыптастыру қазақ/орыс тiлдерi бойынша KEPT және кiру тестiлеуiнен өтпей мүмкiн емес.

Талапкерлер IELTS/TOEFL IBT/PBT /**FCE/CAE/KET/PET** сертификатының көшiрмесi мен түпнұсқасын(тексеру үшiн) қабылдау комиссиясына тiркеу туралы бұйрықтың шығуына дейiн тапсыруы керек. Сертификаттардың түпнұсқасы

ағылшын тілі департаментінің <https://ielts.ucles.org.uk/> және cambridgeenglish.org/verifiers ресми сайттарында тексеріледі:

KAZGUU English Placement Test-ілеуінен босатылады:

• Жоғары мектептің талаптарына сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын құжат ұсынған талапкерлер (Academic IELTS немесе 4.1-кестеге сәйкес деңгейі бар TOEFL IBT/PBT, FCE/CAE/PET баламасы). Бұл ретте үміткерлер КАЗГЮУ Университетіне түскенге дейін кемінде 3 жыл бұрын алған FCE/CAE/PET сертификаттары ғана қарауға қабылданады. Academic IELTS және TOEFL сертификатының 2021 жылғы 25 тамыздағы (қоса алғанда) қазіргі жарамдылық мерзімі болуы тиіс.

• Ағымдағы жылы шыққан Назарбаев Зияткерлік мектептерінің түлектері **қазақ/орыс тілдері бойынша КЕРТ және кіру тестілеуі үшін** ақы төлеуден босатылады.

Қабылдау кезінде академиялық кредиттерді есепке алу

Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша академиялық кредиттер қайта есептелуі мүмкін:

- Назарбаев Зияткерлік мектептері мен халықаралық бакалавриат бағдарламасының бітіруші студенттеріне;
- ұқсас білім беру бағдарламалары бойынша техникалық кәсіптік білімі бар студенттерге;
- алдыңғы деңгейлерде және басқа да ресми білім беру ұйымдарында оқу нәтижелері мен оң бағалары бар студенттерге;
- студенттер құрамына қабылдау кезінде бакалавриаттың білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген "Жоғары сынып оқушыларына арналған бакалавриат" (Provisional Program) бағдарламасының тыңдаушыларына;
- бакалавриат немесе магистратура білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген тыңдаушыларға (non-degree) студенттер немесе магистранттар құрамына қабылдау кезінде.
- тиісті деңгейдегі IELTS/TOEFL IBT/PBT /FCE/CAE/PET сертификаттары бар студенттерге.

Тиісті деңгейдегі IELTS/ TOEFL IBT/PBT/ FCE/ CAE/ PET сертификаттары бар талакерлерге/студенттерге мынадай кестелерге сәйкес 100% (А, "өте жақсы", 4,0) баға бере отырып, ағылшын тілі бойынша пәндер есепке алынады:

4.5-кесте. "Туризм", "Қонақжайлылық", "Журналистика: аналитика және зерттеу" ББ бойынша ағылшын тілі пәндерінің сынағы

Сынаққа арналған пәннің атауы	Кредиттер саны	Негіздеме-сертификаттың болуы
«Cambridge English: B1 Preliminary» / «Cambridge English: B2 First» / «Cambridge English: C1 Advanced» (1 семестр)	10	<ul style="list-style-type: none">• Band Score Academic IELTS 5.0-ден (Writing and Speaking секциялары бойынша минимум 5.5)• TOEFL (TOEFL IBT 45 IBT немесе 450 PBT), немесе• PET (Overall Score: 154 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher), немесе• FCE (Overall Score: 162 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher), немесе• CAE (Overall Score: 169 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)

«Cambridge English: C1+ Advanced» (2 семестр)	10	<ul style="list-style-type: none"> • Band Score Academic IELTS 7.0 (Writing and Speaking секциялары бойынша минимум 5.5) немесе • TOEFL (TOELF IBT от 94 или 590 PBT), немесе • CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)
--	-----------	--

4.6-кесте. "Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика" ББ бойынша ағылшын тілі пәндерінің есебі

Сынаққа арналған пәннің атауы	Кредиттер саны	Негіздеме-сертификаттың болуы
Базалық шет тілі I	10	CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)
Базалық шет тілі II	10	CAE (Overall Score: 200 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)

4.7-кесте. "Қолданбалы лингвистика"/"Аударма ісі" ББ бойынша ағылшын тілінен пәндерді есепке алу

Сынаққа арналған пәннің атауы	Кредиттер саны	Негіздеме-сертификаттың болуы
Базалық шет тілі B1	10	<ul style="list-style-type: none"> • Academic IELTS 7.0-ден Band Score (Writing and Speaking секциялары бойынша минимум 5.5) немесе • TOEFL (TOELF IBT 94-тен немесе 590 PBT), немесе • CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)
Базалық шет тілі B2	10	<ul style="list-style-type: none"> • Academic IELTS от 8.0 Band Score (Writing and Speaking секциялары бойынша минимум 5.5) немесе • TOEFL (TOELF IBT 110-нан немесе 637 PBT), немесе • CAE (Overall Score: 200 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)

4.8-кесте. "Психология" ББ бойынша ағылшын тілі пәндерін есепке алу

Қайта есептеуге арналған пән атауы	Кредиттер саны	Негіздеме
«Cambridge English: B1 Preliminary» / «Cambridge English: B2 First» / «Cambridge English: C1 Advanced» (1 семестр)	5	<ul style="list-style-type: none"> • Academic IELTS 5.0-тен Band Score (Writing and Speaking секциялары бойынша минимум 5.5) немесе • TOEFL (TOELF IBT 45 IBT немесе 450 PBT), немесе • PET (Overall Score: 154 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher), немесе • FCE (Overall Score: 162 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher), немесе • CAE (Overall Score: 169 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)
«Cambridge English: C1+ Advanced» (2 семестр)	5	<ul style="list-style-type: none"> • Academic IELTS 7.0-ден Band Score (Writing and Speaking секциялары бойынша минимум 5.5) немесе • TOEFL (TOELF IBT 94-тен немесе 590 PBT), либо CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)

Cambridge CAE/FCE/PET сертификаты негізінде тиісті пәнді есепке алу ЖГМ академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша 100% (А, "өте жақсы", 4,0) баға бере отырып жүргізіледі:

1) Егер білім алушыларға Cambridge CAE/FCE/PET сертификаты студенттер құрамына қабылданғанға дейін немесе пәндерге тіркелу мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылса;

2) Егер білім алушыларға Cambridge CAE/FCE/PET сертификаты пәнді меңгергеннен кейін, алайда келесі академиялық кезеңнің аяқталу мерзімінен кешіктірілмей ұсынылса. Бұл ретте ААК шешімі бойынша оқытылған пән ретінде транскриптке тиісті өзгерістер енгізіледі.

3) білім алушылар үшін білім беру грантының қаражаты есебінен 2-тармақтың шарттары бойынша пән бойынша бағаның өзгеруі алдыңғы академиялық кезеңдегі стипендияны қайта есептеуге әсер етпейді.

4) GPA балының өзгеруі транскриптегі бағалау өзгерген сәттен бастап күшіне енеді.

Халықаралық бакалавриат мектептері мен Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектерін қабылдау талаптары

Халықаралық бакалавриат және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің түлектеріне мектеп бағдарламасын аяқтау туралы аттестат (4.9-кесте) негізінде мынадай пәндер есепке алынады, сынақ туралы шешімді академиялық сапа жөніндегі Комитет қабылдайды.

4.9-кесте. НЗМ және IB Diploma пәндері бойынша есепке алынуы мүмкін ЖГМ ББ пәндерінің тізімі

ЖГМ ББ курстарының атауы	Кредиттер саны	Ескерту
Қазақ/орыс тілі (A1/ A2/ B1/ B2/ C1)	5	Тілдік деңгей КЕПТ нәтижелері бойынша анықталады
Қазақ/орыс тілі (A1+/ A2+/ B1+/ B2+/ C1+)	5	Тілдік деңгей КЕПТ нәтижелері бойынша анықталады
Қазіргі Қазақстан тарихы	5	Академиялық сапа жөніндегі комитеттің шешімі бойынша
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	Академиялық сапа жөніндегі комитеттің шешімі бойынша
Философия: жаһандану және тұлға I	4	Академиялық сапа жөніндегі комитеттің шешімі бойынша ("Таным теориясы" пәні болған жағдайда)
Философия: жаһандану және тұлға II	4	Академиялық сапа жөніндегі комитеттің шешімі бойынша ("Таным теориясы" пәні болған жағдайда)
CSI	1 және 2 семестрлер үшін	«CAS» пәні болған жағдайда
Базалық шет тілі B1/ Базалық шет тілі B2/	20 дейін	Тиісті деңгейдегі IELTS /TOEFL IBT/PBT /FCE/CAE/PET сертификаты

Cambridge English B1/ Cambridge English B2/ Cambridge English C1/ Cambridge English C1+		болған кезде
Қорытынды кредиттер:	48 кредитке дейін	

При этом Комитет по академическому качеству имеет право запросить силлабус по дисциплине, пройденной в школе, а оценки по зачитываемым дисциплинам выставляются в соответствии с таблицей. 4.10.

4.10-кесте. НЗМ бағаларын білім алушылардың оқу нәтижелерін балдық-рейтингтік сандық жүйеге айналдыру

НЗМ-дегі баға	Әріптік жүйедегі баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	A	4,0	95	Өте жақсы
B	B	3,0	80	Жақсы
C	C+	2,33	70	Қанағаттанарлық
D	D+	1,33	55	Қанағаттанарлық
7 немесе 6	A	4,0	95	Өте жақсы
5	B	3,0	80	Жақсы
4	C+	2,33	70	Жақсы
3	D+	1,33	55	Қанағаттанарлық

ЖГМ магистратура бағдарламаларына қабылдау ережелері мен рәсімдері

ЖГМ магистратурасының білім беру бағдарламаларының тізімі:

Коды	Білім беру бағдарламасының атауы	Оқу мерзімі	Тіл бөлімі
М056 Аударма ісі, ілеспе аударма			
7M02321	Аударма ісі	2 жыл	ағылшын
7M02301	Аударма ісі	1 жыл	ағылшын
М059 Шет тілі филологиясы			
7M02322	Қолданбалы лингвистика	2 жыл	ағылшын
7M02302	Қолданбалы лингвистика	1 жыл	ағылшын

Бағдарламаға қабылдау үшін қажетті құжаттар тізімі:

- университет провосты атына өтініш;
- жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру кезінде);
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- кешенді тестілеуді тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі.

4.11-кесте.Магистратураға түсу үшін кешенді тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламасы	1-пән	2-пән
Аударма ісі	Аударма теориясы	Кәсіби бағытталған шет тілі
Қолданбалы лингвистика	Оқытылатын тіл теориясының негіздері	Кәсіби бағытталған шет тілі

Магистратураға ағылшын тілінде оқуға түсетін тұлғалар КТ тапсырады, оған ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдау бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тест кіреді.

Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған адамдар Білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтуі және қабылдау комиссиясына білім туралы құжаттарды тану / нострификациялау туралы куәлікті ұсынуы қажет.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

Ағылшын тілі:

- ✓ Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP)– 543балдан кем емес;
- ✓ Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL IBT) шектібалл – 60-тан кем емес;
- ✓ Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл –498-дан кем емес;
- ✓ International English Language Tests System (IELTS), шекті балл –6.0-денкемемес;
- ✓ IELTS indicator, шектікбалл –6,0-дан кем емес.

Неміс тілі:

- ✓ Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/ C1 деңгейі),
- ✓ TestDaF-Pruefung (Niveau C1/ C1 деңгейі);

Француз тілі:

- ✓ TestdeFranzaisInternational™ - (TFI) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;
- ✓ Diplome d’Etudes en Langue française - (DELF), B2 деңгейі;
- ✓ Diplome Approfondi de Langue française - (DALF), C1 деңгейі;
- ✓ Test de connaissance du française - (TCF) –50балдан кем емес.

Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша академиялық кредиттер қайта есептелуі мүмкін:

- бакалавриатта оқу кезеңінде магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін оқыған магистранттарға;

-студенттер немесе магистранттар құрамына қабылдау кезінде магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген тыңдаушыларға (non-degree).

Өз мамандығына байланысты емес мамандық бойынша магистратураға түсетін және түсу емтихандарын сәтті өткен адамдарға ЖГМ академиялық каталогында көрсетілген талаптарға сәйкес бағдарламалардың пререквизиттерін игеру ұсынылды.

Білім беру бағдарламасы	1-пән	2-пән
Аударма ісі	Аударма теориясы	Оқытылатын тіл теориясының негіздері
Қолданбалы лингвистика	Тіл тарихы	Теориялық грамматика

Шетелдік студенттер үшін қабылдау талаптары

M.S.Narıkbaev atyndaqy KAZGUU Universiteti–не қабылдау кезінде шетелдік студенттер оқу ережелері мен университетте тұрғылықты өмір сүру шарттарымен танысып алуы керек.

Құжаттарды қабылдау мерзімдері

Шетел азаматтарын бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларына қабылдау талапкердің өтініші негізінде және университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Студенттердің өтініштері іріктеуден өтеді, онда GPA деңгейі және тілді білуі негізгі өлшемшарттар болып табылады. Студенттер алдын ала сұхбаттасу және курстар мен кредиттер саны туралы ақпарат алу үшін өтініш беру мерзімі аяқталғанға дейін қабылдау комиссиясымен admission@kazguu.kz байланысуы керек.

Бакалавриатқа түскісі келетін шетелдік студенттер келесі мерзімге дейін Application form (өтініш) толтыруы керек:

Ел азаматтары үшін:

- ағымдағы жылдың 30 шілдесіне дейін визалық режиммен;
- визасыз режиммен ағымдағы жылдың 15 тамызына дейін.

Ағылшын тілін білу талаптары

Ағылшын тілін білу деңгейі 4.1-кестеде көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (Common European Framework Language System) сәйкес келуі тиіс.

Құжаттар тізімі

Сұхбаттасудан өту үшін транскриптілерді (транскриптілердің көшірмесі мен олардың расталған аудармасы), уәждемелік хатты (500 сөзден көп емес) ұсыну керек.

Сұхбаттасудан өткеннен кейін келесі құжаттар ұсынылады:

- төлқұжат көшірмесі;
- жалпыорта, техникалық немесе кәсіптік білімі (бастауыш және орта кәсіптік, ортадан кейінгі) немесе жоғары білімалу (аттестат/диплом көшірмесімен) туралы құжаттың түпнұсқасы;
- шет тілінде ұсынылатын құжаттар қазақ не орыс тілдерінде нотариалды түрде расталған көшірмелерімен бірге болуы керек.
- туу туралы куәлік және ата-анасының біреуінің міндетті түрде болуы (егер талапкер 18 жасқа толмаса, әрі ол Қазақстанда болса);
- сотталмағаны туралы анықтама;
- 3x4 көлемді 6 фотосурет;
- 086-У үлгідегі медициналық анықтама;
- комиссия шешімінің хаттамасы.

Талапкер құжаттарды Қабылдау комиссиясына admission@kazguu.kz электронды поштасына онлайн түрде жіберуге болады. Поштамен жіберілген жағдайда, талапкер құжаттардың түпнұсқаларын университеттің қабылдау комиссиясына қабылдану кезінде көрсетуге міндетті.

Шетелдік білім мекемелерімен берілген білім туралы құжаттар тұлғалардың қабылдаудан өткеннен кейін оқудың бірінші семестрі бойына заңнамада бекітілген тәртіп бойынша нострафикациялау ресімін өтеді.

Талапкер комиссия шешімінің расталғаны туралы дәлелді, виза алуға қажетті нұсқаулықты, АИС Platonus логині мен медициналық сақтандыруды қалай алуға болатыны туралы ақпаратты алады.

Визалық ақпарат

Талапкерге оқу визасын уақытында алу үшін білім беру бағдарламасының үйлестірушісіне хабарласу ұсынылады.

Қабылдау комиссиясының менеджері студентке пошта арқылы M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нің ресми шақырту хатын және өз еліндегі Қазақстан Елшілігіне виза алуға өтініш жазу үшін визалық қолдау нөмірін жібереді.

Талапкер Қазақстан Республикасы аймағынан тысқары болса, шартқа өз елінде отырып қол қоюға және қол қойылған шартты Қабылдау комиссиясына ары қарай ресімдерді өткізу үшін почта арқылы жіберуіне мүмкіндік беріледі (пошта қызметтерінің ақысы талапкерге жүктеледі). Сонымен қатар шартқа электронды түрде онлайн қол қоюға мүмкіндігі бар.

Виза алғаннан кейін талапкер елге ағымдағы жылдың 24 тамызынан кешікпей келіп, 1 семестрдің оқу ақысын төлеуі керек. Оқуға келуіне дейін талапкер төлқұжаттағы виза мен билеттің сканерленген нұсқасын Қабылдау комиссиясының менеджеріне жіберуі міндетті.

Елге келгеннен кейін бір күн бойына (не келесі күні) талапкер ХҚКО заңгерінің журналында және көші-қон қызметінде тіркелуі міндетті.

Қаржы расталуы

Студенттің пәндерге тіркелу мүмкіндігі тек оқу ақысы төленгеннен кейін ғана ашылады.

Медициналық қызмет пен медициналық сақтандыру

М.С.Нарікбаев атындағы КАЗГУУ Университеті–нде білім алуға ниеттенген барлық студенттер сырқатнама үлгісін толтыруы керек. Барлық шетелдік студенттер сақтандыру полисіне қол жеткізуі міндетті.

Тұрғылықты өмір сүру

Студенттік жатақханада тұруды жоспарлау кезінде бөлмені броньдау және тұру шарттарын алдын ала тексеру қажет. Бөлмені брондау туралы қосымша ақпарат алу үшін қабылдау комиссиясының менеджеріне хабарласыңыз.

5 БӨЛІМ. ОҚУ ҮДЕРІСІ

Пәндерге тіркелу

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нде білім алушылардың пәндерге онлайн тіркелуі «Платон» ААЖ арқылы іске асырылады.Әрбір семестр үшін тіркеу кезеңінің күндері, жазғы/қысқы мектептер «Платон» ААЖ және <http://kazguu.kz> сайтында орналастырылған академиялық күнтізбеде көрсетілген.

Тіркелудің басталуына дейін Жоғары мектептер пәндердің таныстырылымын өткізеді, оның мерзімдері академиялық күнтізбеде белгіленген. Пәннің сипаттамасы және оқытушының профайлы тіркелу кезеңінің басталуына дейін «Платон» ААЖ-ға орналастырылады.

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-не жаңадан оқуға түскендер үшін бағдарлану кезеңі бар, оның мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Бағдарлану кезеңінде M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің оқу жүйесімен, пәндерге тіркелу процедурасымен жалпы танысу жүзеге асырылады, Жоғары мектептер мен университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерімен кездесулер өткізіледі.

Білім алушы эдвайзермен бірге алдағы академиялық кезеңде оқуға жоспарланатын пәндердің тізімін айқындайды.

Тіркелуге рұқсат ету үшін негіздемелер:

- сол не басқа пәнді оқу үшін талап етілетін барлық пререквизиттерден өту;
- оқу ақысы бойынша қаржылық қарызының болмауы;
- жоспарланатын кредиттердің саны үшін төлемнің болуы.

Ерекше жағдайларда (асыраушысынан айырылу, жақын туыстарының қайтыс болуы, ауыр науқас және т.б.), білім алушының Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетіне мынадай өтінішпен жүгінуге құқығы бар:

- осы Академиялық саясатта орнатылған кредиттердің санынан азырақ кредитке тіркелуге рұқсат алуға;
- бір академиялық кезеңге тіркелмеуге.

Өтініштер академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Білім алушы академиялық кезең басталғаннан кейін күнтізбелік екі апта ішінде эдвайзердің рұқсатымен:

- басқа пәндерге қайта тіркелуді жүзеге асыра алады;
- тіркелуден бас тарта алады.

Кеш онлайн тіркелу немесе пәндерге тіркелуден бас тарту Академиялық сапа комитетінің рұқсатымен ғана орындалуы мүмкін.

Білім алушының жеке кестесі «Платон» ААЖ-да пәндерге тіркелу негізінде құрылады. Қайта тіркелу кезеңінде білім алушы академиялық кезеңге оқу кестесін құруға міндетті. Бұл кезеңде олар міндетті түрде сабақтарға қатысулары керек.

Пәндерді тіркеу бойынша жиі қойылатын сұрақтарға жауапты мына сілтеме арқылы біле аласыз: <https://smart.kazguu.kz/info>.

Күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушының стандартты оқу жүктемесі оқу жылы ішінде **60** академиялық кредитті құрайды.

Семестрдегі кредиттердің ең көп саны – **30**, семестрдегі кредиттердің ең аз саны-**20**. Кредиттер білім алушыға, егер студент жоспарланған оқу нәтижелерін игерген жағдайда ғана беріледі. Жазғы мектеп кезеңінде білім алушы 20 академиялық кредитке дейін, мектептің қысқы кезеңінде 10 академиялық кредитке дейін оқи алады.

Ерекше жағдайларда білім алушыларға мектептің академиялық сапасы жөніндегі комитеттің шешімімен кредиттердің көбірек санын зерделеуге рұқсат етілуі мүмкін. Кредиттердің ең аз санына тіркеу туралы шешімді де Академиялық сапа комитеті қабылдайды.

Оқу жылының қорытындысы бойынша GPA деңгейі 2,0-ден төмен студентке Academic Probation мәртебесі беріледі, студент курстан курсқа ауыспайды және академиялық сынақ мерзімінде болады. Академиялық сынақ мерзімінде (Academic Probation) студент тіркеле алады:

- егер бүкіл оқу кезеңінде GPA 1,67-ден 2,0-ге дейін болса, семестрде 20 академиялық кредиттен артық емес;

- семестрде 15 академиялық кредиттен артық емес, егер барлық оқу кезеңінде GPA 0-ден 1,66-ға дейін болса.

Егер студент семестрдегі кредиттердің ең аз санына тіркелмесе және академиялық демалыс ресімдемесе, онда ол оқуды жалғастырудан бас тарту себепті университеттен шығарылуы мүмкін.

Университет білім алушыны қаржылық, академиялық берешегінің бар екендігі туралы, сондай-ақ келесі академиялық кезеңге, қайта оқу курсына, пәнді қайта оқуға тіркелу үшін келу қажеттілігі туралы дербес хабардар етпейді (академиялық үлгерім, қаржылық берешек туралы ақпарат Университеттің электрондық ақпараттық ресурстарында орналастырылады).

Тыңдаушыларды тіркеу

M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нде курстарды тыңдауға ниет білдірген тұлға барлық талап етілетін құжаттарды ұсынуға және рұқсат алу үшін тиісті мектептің Академиялық сапа комитетіне академиялық кезеңнің басталуына дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын өтініш беруі тиіс.

Академиялық сапа комитетінің рұқсатын алғаннан кейін шарт жасасуға және академиялық кезеңде оқуға жоспарланған кредиттердің саны үшін толық ақысын енгізуі тиіс. Оқу ақысы ағымдағы оқу жылына Қызметтердің құны тізіліміне сәйкес енгізіледі.

Тыңдаушыларға академиялық дәреже берілмейді, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом берілмейді. Тыңдаушылар Академиялық сапа комитеті ұсынған кредиттердің санына тіркеле алады.

Тыңдаушылар (non-degree) пәндер мен бағдарламалардың барлық талаптарын орындауға және ағымдағы оқу жылы ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сәйкес студенттер мен магистранттар құрамына қабылдану үшін қабылдау сынақтарын тапсыруға міндетті.

Оқуға тыңдаушыларды (non-degree) және «Жоғары сынып (10 -11-сынып) оқушыларына арналған бакалавриат» бағдарламасының тыңдаушыларын (Provisional Program) қабылдауға қойылатын талаптар M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нің Білім алушыларды қабылдау саясатымен реттеледі (<http://kazguu.kz/ru/abiturientam>).

Белгіленген бақылау нысандарынан (ағымдағы, межелік, қорытынды) өтпей және қорытынды баға қойылмай, пәнді тыңдағысы келетін тыңдаушылар Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетіне өтініш береді. Өтінішке жеке куәліктің көшірмесі, 0-86У медициналық анықтама, 3x4 см 2 фотосурет қоса беріледі.

Академиялық кеңес беру

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нде білім алушыларды академиялық қолдауды эдвайзерлер кеңсесі жүзеге асырады.Әрбір эдвайзерге білім алушылардың белгілі бір саны беріледі.

Эдвайзердің кеңесін алу үшін білім алушы оған корпоративтік пошта арқылы өтініш жасай алады, <http://tson.kazguu.kz/ru/moj-edvajzer/> сайтында жеке кеңес алу үшін жазыла алады.

Академиялық кеңес беру – эдвайзер мен білім алушының бірлескен жұмысы.

Осы бірлескен жұмыста эдвайзер:

– білім беру бағдарламасының талаптарын, M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti мен Жоғары мектептің саясаты мен рәсімдерін білуге;

– білім алушының болашақ кәсіби бағытын және оның құзыреттілігін қалыптастыруға көмек көрсету, білім алушының академиялық дайындығы мен өмірлік мақсаттары, оның болашақ жұмысы арасындағы өзара байланысты талқылауға;

– білім алушыларға M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti, Жоғары мектеп пен бағдарламаның талаптары туралы өзекті әрі қажетті ақпаратты ұсынуға;

– оқу жылының әрбір семестріне білім беру траекториясын жоспарлауда, пәндерді таңдау кезінде шешім қабылдауда білім алушыларға көмек көрсетуге;

– бағдарлауда және оқу үдерісіне бейімделуде көмек көрсетуге;

– оқу уақытын жоспарлауда білім алушыларға көмек көрсетуге;

– M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің әкімшілігі алдында білім алушылардың академиялық мүдделерін білдіруге;

– өзіне бекітілген білім алушылардың оқу үлгерімін қадағалауға;

– білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ақылға қонымды қабылдау уақыты мен жеткілікті кеңсе сағаттарын сақтау есебінен білім алушылар үшін қолжетімді болуға (білім алушылармен кездесу мен қабылдау кестесі);

– жекелеген білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне мұқият болуға міндетті.

Білім алушы:

– өзінің оқуымен байланысты бағдарламаларды, M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің, Жоғары мектептің саясатын, каталогын және басқа нормативтік құжаттарды білуі;

– академиялық дәреже алу шарттарын орындау үшін өзінің оқу бағдарламасын жоспарлауы;

– өзінің оқу нәтижелерін, игерілген кредиттерді және алған бағаларын білуі;

– M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің ресми ақпарат көздерінде (сайт, «Платон» ААЖ, Canvas LMS және т.б.) орналастырылған, оқу үдерісіне және M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нде болуына қатысты өзекті ақпаратты уақтылы алуы және қадағалауы;

– оқу саласындағы жеке мақсаттары мен міндеттеріне қатысты шешімдерді қабылдауға қатысты, сондай-ақ M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-н бітіру жөніндегі талаптарды қанағаттандыру үшін жеке жауапкершілігін түсінуі;

– жеке бастамасын көрсетуге және кеңес берулер мен өзінің оқу үдерісін жоспарлауға белсенді қатысуы тиіс.

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ережелері

Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан басқасына ауыстыру жүзеге асырылады.

М.С.Нарікбаев атындағы КАЗГУУ Университеті-нің Провосты білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін кезекті академиялық кезеңнің басталуына дейін бес күн ішінде қысқы және жазғы демалыс кезеңінде қарайды.

Егер білім алушылар жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, олар оқудан шығарылғаннан кейін ауыса алады немесе қайта қабылдана алады.

Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оларды одан әрі оқыту курсы М.С.Нарікбаев атындағы КАЗГУУ Университеті-нің талаптарын және білім беру бағдарламаларын сақтауды пререквизиттерді ескере отырып айқындалады.

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау кезінде олардың алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылық айқындалады.

Бұл ретте білім алушыларды қайта қабылдау және ауыстырудың барлық түрлері жазғы және қысқы каникул кезеңінде жүзеге асырылады.

Бір білім беру бағдарламасынан (мамандығынан) екінші білім беру бағдарламасына ауысу ережелері

Білім алушы ауысуға өтініш бергенге дейін білім беру бағдарламасының эдвайзеріне транскрипт ұсынады және оқу жоспарлары бойынша пәндердің академиялық айырмашылығын анықтауға өтінім береді.

Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан (мамандығынан) екіншісіне ауыстыру туралы бұйрық 5 жұмыс күні ішінде шығарылады. Білім алушы ақылы білім беру қызметін көрсету туралы шартқа қосымша келісім жасасуға міндетті. Мемлекеттік білім беру грантының қаражаты есебінен оқитын білім алушы білім беру бағдарламаларының тобы ауысқан кезде гранттан айырылады және оқуын ақылы негізде жалғастырады. Бұл ретте ол үшін басқа тіл бөліміне немесе білім беру бағдарламалары тобы шеңберінде білім беру бағдарламасына ауысуға болады.

ЖГМ білім беру бағдарламаларының шет тілі бөліміне қабылдау кезінде ағылшын тілінің деңгейін анықтау үшін КЕРТ-ті өткені туралы сертификаты болуы қажет (5.1 және 5.2 кестелерін қараңыз).

5.1-кесте. 6B02301 – Аударма ісі және 6B02302 – Қолданбалы лингвистика білім беру бағдарламаларына басқа ЖОО немесе КАЗГЮУ білім беру бағдарламаларының басқа тобынан ауысқан кезде ағылшын тілін меңгеруге қойылатын талаптар

№	Курстар	КЕРТ(CEFR) нәтижелеріне сай ағылшын тілін білу деңгейі	Academic IELTS	TOEFL IBT/PBT, FCE/CAE (IELTSбаламасы)
----------	----------------	---	---------------------------	---

1	Бірінші курс	Pre-Intermediate B1 (60 баллжәнеодандажоғары)	5.0	45IBT 450PBT 154PET/FCE
2	Екінші курс	Advanced	7.0 –ден кем емес (Speaking және Writing секциялары бойынша 6.0-ден кем емес)	101 IBT (Speaking – 19-дан кем емес және Writing - 23-тен кем емес) 607PBT 185FCE/CAE (Speaking және Writing секциялары бойынша 169-дан кем емес)
3	Үшінші курс	Advanced	7.5-тен кем емес (Speaking және Writing секциялары бойынша 6.5-ден кем емес)	109IBT (Speaking – 22-ден кем емес және Writing – 26-дан кем емес) 633PBT 191CAE (Speaking және Writing секциялары бойынша 176-дан кем емес)

5.2-кесте.6B11101 – Қонақжайлылық және 6B11102 – Туризм (ағылшын бөлімі)білім беру бағдарламаларына ағылшын тілін меңгеруге қойылатын талаптар

№	Курстар	КЕРТ(CEFR) нәтижелеріне сай ағылшын тілін білу деңгейі	Academic IELTS	TOEFL IBT/PBT, FCE/CAE (эквивалент IELTS)
1	Бірінші курс	Pre-intermediate A2 (40 баллжәнеодандажоғары)	3,0	24 IBT 370 PBT 120 PET 140FCE
2	Екінші курс	Intermediate B1 (60 баллжәнеодандажоғары)	5,0	45 IBT 450 PBT 154 FCE
3	Үшінші курс	Intermediate B1 (65 баллжәнеодандажоғары)	5,5	59 IBT 496 PBT 162FCE 162 CAE

Басқа ЖОО-дан ауысу ережелері

Шетелдік білім беру ұйымында оқыған адамдар игерілген оқу бағдарламалары туралы құжатты (академиялық анықтаманы, транскрипт), түсу сынақтарының

нәтижелерін, сондай-ақ алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжаттарды ұсынады. Құжаттар Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс.

Шетелдік ЖОО-дан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде Қазақстан Республикасында жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік білім алған тұлғалар белгіленген шекті баллдан (бар болса) төмен емес баллы бар ҰБТ немесе КТ сертификатын ұсынады.

Білім алушы өтініш бергенге дейін эдвайзерге транскрипт ұсынады және оқу жоспарлары бойынша пәндердің академиялық айырмашылығын анықтауға өтінім береді. "Шығармашылық, қоғамға қызмет ету және зияткерлік даму" жобасы бакалавриат бағдарламасы бойынша басқа ЖОО-дан ауысу кезіндегі академиялық айырмашылыққа әсер етпейді. Алайда, студент студенттер құрамына қабылданғаннан кейін жобаны толық көлемде орындауы керек (2019жылы 1-курсқа түскен студенттер үшін).

Түсу емтихандары бойынша оң баға (50% және одан да жоғары) және Жоғары мектеп Деканының (Директорының) ауысуға рұқсатын алғаннан кейін білім алушы KAZGUU ХҚҚО-ға M.S.Narıkbaev atyndagy KAZGUU Universiteti-нің Провостының атына ауыстыру тәртібімен оқуға қабылдау туралы өтінішті береді.

Эдвайзер білім алушымен бірге ұсыным ресімдейді.

Білім алушыны ауысу тәртібімен қабылдау туралы бұйрық бес жұмыс күні ішінде шығарылады, білім алушы ақылы білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасасады. Бұйрық шыққаннан кейін білім алушы бұрын оқыған ЖОО-ға оның жеке ісін жіберу туралы жазбаша сұрау жіберіледі.

ЖОО басшысы осындай сұратуды алғаннан кейін «Басқа жоғары оқу орнына (ЖОО-ның атауы көрсетіледі) ауысуға байланысты оқудан шығарылды» деген мазмұндағы оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушының жеке ісін М.С.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің мекенжайына жібереді.

Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру

Нормативтік оқу мерзімінде оқуды бітіру үшін білім алушыға курстан курсқа ауысуға қойылатын талаптарды сақтау ұсынылады.

Келесі курсқа ауысу үшін студент/магистрант 5.3, 5.4 және 5.5 кестелерде ұсынылған алдыңғы курсты аяқтау бойынша шарттарды орындауы тиіс:

5.3-кесте. Толық оқу нысанындағы бакалавриат студенттері үшін курстарды аяқтауға қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасы	Курсы	Академиялық кредиттердің минималды саны	Минималды GPA деңгейі
6B11101 - Қонақжайлылық 6B11102 - Туризм 6B02301 – Аударма ісі 6B02302 - Қолданбалы лингвистика	1	58	2.0
	2	120	2.0
	3	182	2.0

6B02303 – Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика	4	240	2.0
Дене шынықтыру	1-2	8	Сынақ
CSI жобасы	1-2	0	Сынақ

5.4-кесте. Қысқартылған оқыту нысанындағы бакалавриат студенттері үшін курстарды аяқтауға қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасы	Курсы	Академиялық кредиттердің минималды саны	Минималды GPA деңгейі
6B11102 Туризм	1	65	2.0
6B02301 Аударма ісі	2	130	2.0
6B02302 Қолданбалы лингвистика	3	184	2.0
6B02303 Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика			
6B03101 Психология			
CSI жобасы	1-2	0	Сынақ

"Бакалавр" академиялық дәрежесін алу үшін білім алушы келесі шарттарды орындауы тиіс:

- пәндердің теориялық курсына толық көлемде меңгеру (толық оқу нысаны үшін 240 академиялық кредит);
- практиканың барлық түрлерінен өту;
- 8 кредит көлемінде "Дене шынықтыру" пәнінен өту;
- CSI курсынан өту (2019 жылдан бастап түскен студенттер үшін);
- барлық оқу кезеңінде кемінде 2,0 балл GPA жинау;
- қорытынды аттестаттаудан өту.

5.5-кесте. Магистранттар үшін курстарды аяқтауға қойылатын талаптар (ғылыми-педагогикалық бағыт)

Білім беру бағдарламасы	Курсы	Академиялық кредиттердің минималды саны	Минималды GPA деңгейі
Аударма ісі	1	60	2.0
Қолданбалы лингвистика	2	120	2.0

"Магистр" академиялық дәрежесін алу үшін білім алушы келесі шарттарды орындауы тиіс:

- оқу қорытындысы бойынша 60 немесе 120 ECTS жинау;

- практикадан өту;
- магистрлік диссертацияны (жобаны)көпшілік алдында қорғаудан өту;
- жалпы GPA деңгейін 2,0-ден төмен емес деңгейде болу.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Академиялық ұтқырлық студенттердің академиялық кезеңде шетелдік серіктес ЖОО – да оқуын көздейді. Бағдарламаға қатысу-бұл шетелдік жоғары оқу орнында оқу тәжірибесін және осымен бірге шетелде тұру тәжірибесін алу мүмкіндігі.

Университет ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдер мен меморандумдар шеңберінде шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен академиялық ынтымақтастықты дамытады:

- Аньян университеті, Оңтүстік Корея
- Батуми мемлекеттік университеті. Шота Руставели, Грузия
- Батыс Аттика университеті, Греция
- Брно қаласындағы Мендель университеті, Чехия
- Виадрина Еуропалық университеті, Германия
- Дунайвар университеті, Венгрия
- Жаен университеті, Испания
- Жоғары экономика мектебі, Ресей
- Корвин университеті, Венгрия
- Льеж университеті, Бельгия
- Марбург университеті, Германия
- Мәскеу мемлекеттік психологиялық-педагогикалық университеті, Ресей
- Острава университеті, Чехия
- Пирей университеті, Греция
- Солтүстік Аризона университеті, Америка Құрама Штаттары
- Тулуза университеті, Франция
- Туриба университеті, Латвия
- Халықаралық қолданбалы ғылымдар университеті (IU), Германия
- Хаминлинна қолданбалы ғылымдар университеті (НАМК), Финляндия
- Шығыс Жерорта теңізі университеті, Солтүстік Кипр
- Экселия групп (Excelia Group), Франция

Академиялық ұтқырлық бағдарламасына кем дегенде 60 кредитті меңгерген білім алушылар қатыса алады. Бағдарламаға қатысу үшін білім алушы онлайн режимде білім алушыларға қызмет көрсету орталығына (КАЗГЮУ ХҚКО) келесі құжаттар топтамасын ұсынуы қажет:

- 1) білім алушының белгіленген үлгідегі өтініші
- 2) Қазақстан Республикасының азаматы паспортының көшірмесі;
- 3) ағымдағы оқу жылындағы үлгерімі туралы транскрипт;
- 4) шет тілін меңгеру деңгейін растайтын құжат (бар болса);
- 5) 3x4 екі фотосурет;
- 6) белгіленген үлгідегі нысан бойынша толтырылған сауалнама;
- 7) кәмелетке толмағандар үшін - академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелге оқуға жіберуге үміткердің ата-анасының (қамқоршыларының, заңды өкілдерінің) жазбаша келісімі

8) екі ұсынымдық хат (таңдауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде);

9) таңдалған оқу бағыты бойынша республикалық немесе халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысқаны үшін грамоталардың, сертификаттардың, дипломдардың көшірмелері (болған жағдайда);

10) келесі санаттағы тұлғаларға жататындығын растайтын құжаттардың көшірмелері бар болған жағдайда: отбасы құрамы туралы құжат, студенттің отбасының көп балалы екендігін растау үшін, студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжат (жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге жататын студенттер санаты үшін), студенттің мүгедектігін растайтын құжат.

Үміткерлердің құжаттары тексеру және конкурстық іріктеу үшін халықаралық ынтымақтастық бөліміне беріледі. Үміткер құжаттарды толық өткізбесе, қолданылу мерзімі өткен немесе жалған құжаттарды ұсынған болса конкурсқа жіберілмейді.

Үміткерлерді конкурстық іріктеу екі кезеңде жүргізіледі:

1 кезең. Шет тілін білу деңгейін анықтау үшін тестілеу.

2 кезең. Конкурстық комиссия мүшелерімен сұхбаттасу.

M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нің серіктес шетелдік жоғары оқу орындарында оқуға үміткерлерді конкурстық іріктеудің екінші кезеңінің негізгі талаптары мынадай:

- ағымдағы үлгерімі жақсы (GPA 2.5-тен төмен емес);
- академиялық ұтқырлық бағдарламаларының талаптарына сәйкес шет тілін білу.

ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ЖГМ студенттері бакалавриат бағдарламасында оқыған 4 жыл ішінде қазақстандық дипломды ғана емес, сонымен қатар шетелдік серіктес ЖОО-ның дипломын да ала алады.

Қатысуға қойылатын талаптар:

- КАЗГЮУ-да кредиттердің белгілі бір санын табысты игеру;
- GPA 3.0-ден төмен емес;
- ағылшын тілі B2 деңгейінен төмен емес.

Бағдарлама шарттары:

1. Шартта айқындалған оқыту моделіне сәйкес бірлесіп әзірленген оқу жоспары бойынша КАЗГЮУ-да және серіктес ЖОО-да оқу(3+1; 2+2; 1+3).

2. Студенттер КАЗГЮУ-ға қабылдау ережелеріне сәйкес түсу емтихандарын тапсырады.

3. Оқыту түрі-КАЗГЮУ-да және серіктес ЖОО-да күндізгі оқу түрі.

4. Бағдарлама түлектері екі мемлекеттік диплом алады: жоғары білім туралы КАЗГЮУ дипломы және шетелдік серіктес жоғары оқу орнының мемлекеттік дипломы.

Серіктес университеттер



- Солтүстік Аризона университеті, NAU (АҚШ)



- Excelia Group (Франция)



- Халықаралық қолданбалы ғылымдар университеті (IU), Германия

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АККРЕДИТТЕУ



FIBAA (Бизнес-әкімшілендіру саласындағы бағдарламаларды халықаралық аккредиттеу қоры) сапа кепілдігі саласындағы ірі еуропалық және халықаралық қауымдастықтар мен желілердің мүшесі болып табылады. FIBAA 20 жылдан астам уақыт бойы жоғары оқу орындарына Экономика, Менеджмент, құқықтану және қоғамдық ғылымдар саласындағы білім сапасының жоғары деңгейін арттыруға және қолдауға ықпал етіп келеді.

"Туризм" білім беру бағдарламасы сәтті аккредиттеліп, FIBAA сапа белгісіне ие болды.



IQAA - Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік (IQUA) 2021 жылға дейін КАЗГЮУ-дың қолданыстағы 19 білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеуді растады. IQAA ұлттық және халықаралық деңгейлерде Қазақстанның білім беру сапасы мен оқу

орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін құрылған.

6 БӨЛІМ. СЕРТИФИКАТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР (MINORS)

Жоғары Гуматинарлық Мектебі негізгі білім беру бағдарламасы аясында игеруге арналған келесі қосымша мамандану бағыттарын ұсынады (minor/майнор):

Мамандануы (minor/майнор):

- қабылдау талаптары бар: GPA, оқылған пәндер-пререквизиттер және т.б. болуы;
- рет-ретімен оқылатын бірнеше пәндерден тұрады;
- жекелеген сертификатталған бағдарлама ретінде ұсынылуы мүмкін (әр түрлі тыңдаушылар деңгейі үшін);
- пәндер түрлі академиялық кезеңдерде біртіндеп оқылуы мүмкін («жинақтық жүйе»), бірақ сертификат алу үшін бірізді болуы керек;
- студент өз бетімен дербес мектептің академиялық каталогынан таңдайды;
- білім беру бағдарламасы аясында оқылуы мүмкін (майнордың пәндер үшін кредиттері негізгі бағдарламаның 240 ECTS құрамына енеді) немесе білім беру бағдарламасына қосымша оқылуы мүмкін.
- курсты аяқтауға қойылатын талаптарды орындағаннан кейін студент сертификаттау бағдарламасынан өткендігі туралы сертификат алады.

Негізгі білім беру бағдарламасы аясында екіден астам емес майнордың оқылуына рұқсат етіледі. Егер білім алушы екіден артық майнорды игергісі келсе, ол Академиялық сапа комитетіне жүгінуі керек.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтау жөніндегі талаптар орындалмаған жағдайда сертификат берілмейді.

Сертификаттық бағдарламалар бойынша оқу мерзімі-5 жылдан аспайды.

Сертификаттау бағдарламасы шеңберінде зерделенген пәндер бойынша кредиттер КАЗГЮУ университетінің білім беру бағдарламаларының оқу жоспары шеңберінде пәнге тіркелген сәттен бастап 5 жыл ішінде қайта есептелуі мүмкін. Көрсетілген кезең аяқталғаннан кейін осы пән бойынша қорытынды баға жарамсыз деп саналады және студент осы пән бойынша кредит алу үшін оны қайта оқып шығуы керек.

Халықаралық қонақ үйлерде немесе туркомпанияларда практикалық пәндерден немесе тағылымдамадан өтуді қамтитын сертификаттық бағдарламалар бойынша орындалуы міндетті болып табылатын қосымша шарттар бар.

“МЕДИАЛИНГВИСТИКА” СЕРТИФИКАТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Аталмыш сертификатталған бағдарлама бұқаралық ақпарат құралдарында тілдің функционалды қызметін оқып-білуге бағытталған. Білім алушылар функционалды стилистика тұрғысынан медиа тілдің мәртебесін анықтайды. Аталмыш курс түрлі үлгідегі медиа мәтіндерді сипаттау әдістерін, әлеуметтік-мәдени факторлар мен тілдік оралымдардың адамдардың санасына әсерін қамтиды. Студенттер медиа мәтіндердің құрастырылуы, таралуы, вербалды және медиа сипаттары тұрғысынан барлық үлгілерін топтастыру мен сипаттауға көмектесетін өлшемдер жүйесімен танысады. Одан басқа білім алушылар БАҚ-тағы жұмысқа қажетті: редакциялау, талдау, мақала жазу мен оқиғаларға шолу жасау сияқты негізгі дағдыларды дамыта алады.

Курс аяқталғаннан кейін студенттер:

- заманауи БАҚ үрдістеріне талдау жүргізе алады;
- медиа мәтіндерді редакциялайды;
- жаңалықтар мақалаларын жаза біледі;
- оқиғаларға шолу жасай алады;
- медиа мәтіндерге талдау жүргізе алады;
- медиа мәтіндердің барлық түрлерін жіктеп, сипаттай алады.

Қабылдану талаптары:

- Ағылшын тілінің деңгейі: Upper-Intermediate (IELTS 6.0 және одан да жоғары);
- 3-4-курс студенттері;
- Міндетті 4 курс;
- 1 курс таңдау бойынша.

Сертификатталған бағдарламаны аяқтауға қойылатын талаптар:

- 25 академиялық кредит;
- Минималды GPA 2.67

Коды	Бағдарлама	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
	Міндетті пәндер	20		
MMS 3215	Бақ және қоғам	5	-	Ағыл.
Styl 4307. Styl 4308	Стилистика	5	Фонетика және фонология/ Лексика, морфология және синтаксис	Ағыл.
FTGMT 3216	Медиа мәтіндердің функционалды түрлері мен жанрлары	5		Ағыл.
SW 3217	Спичрайтинг	5	-	Ағыл.
	Таңдау бойынша пәндер	5		Ағыл.
CE 3218	Қарым-қатынас этикасы	5	-	Ағыл.
NWR 4219	Жаңалықтар журналистикасы	5	-	Ағыл.
FC 4220	Фактчекинг	5	-	Ағыл.
	Қорытынды	25		

«ЖАЗБАША АУДАРМА» СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл сертификаттау бағдарламасы жазбаша аударма дағдыларын және автоматтандырылған аударма жүйелері мен аударма жадын (CAT tools) пайдалану дағдыларын меңгергісі келетін білім алушыларға арналған. Сертификаттау бағдарламасы еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға қажетті қосымша білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Курс соңында студенттер:

- жазбаша аударма әдістері мен техникалары туралы білімді игеріп шығады;
- түрлі тақырыптар мен жанрлардағы мәтіндердің жазбаша аудармасын жүзеге асыра алады;
- аудармаларды өңдеу үшін заманауи технологияларды қолданады;
- аударманы жүзеге асыру кезінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде жазбаша тілді анық және логикалық құруды меңгереді.

Қабылдану талаптары:

- Ағылшын тілінің деңгейі: Upper-Intermediate (IELTS 6.0 және одан да жоғары);
- 3-4-курс студенттері («Аударма ісі» ББ-нан басқа);
- Міндетті 4 курс;
- 1 курс таңдау бойынша.

Сертификатталған бағдарламаны аяқтауға қойылатын талаптар:

- 25 академиялық кредит;
- Минималды GPA 2.67

Коды	Бағдарлама	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
	Міндетті пәндер	20		
TIT 3221	Аударма теориясы	5		АҒЫЛ.
Term 3222	Терминология	5		АҒЫЛ.
Tran I 3229	Жазбаша аударма I	5	Аударма теориясы	АҒЫЛ.
Tran II 4231	Жазбаша аударма II	5	Жазбаша аударма I	АҒЫЛ.
	Таңдау бойынша пәндер	10		АҒЫЛ.
TranIII 4313	Жазбаша аударма III	10	Жазбаша аударма II	АҒЫЛ.
BT 4229	Ресми-іскерлік құжаттарды аудару	5		АҒЫЛ.
TT 4230	Техникалық мәтіндерді аудару	5		АҒЫЛ.
LT 4231	Заңгерлік аударма	5		АҒЫЛ.
TF 4232	TOLES Foundation	5		АҒЫЛ.
TH 4233	TOLES Higher	5		АҒЫЛ.
	Қорытынды	30		

"КОНФЕРЕНЦ-АУДАРМА" СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аталған сертификаттау бағдарламасы бірізді және ілеспе аударманың базалық дағдыларын меңгергісі келетін білім алушыларға арналған. Сертификаттау бағдарламасы білім алушыларға қосымша білім мен дағдыларды игеруге және жұмысқа орналасу шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Курс соңында студенттер мынадай нәтижеге қол жеткізеді:

- Ауызша аударма саласындағы негізгі теориялық білім алады;
- бірізді және ілеспе аударманы жүзеге асыру кезінде ауызша аударманың әдістері мен техникалары туралы білімдерін қолданады;
- бірізді және ілеспе аударманы орындау үшін технологияларды қолданады;
- аудармашының кәсіби этикасын ұстануды меңгереді.

Қабылдану талаптары:

- Ағылшын тілінің деңгейі: Upper-Intermediate (IELTS 6.5 және одан да жоғары);
- 3-4-курс студенттері («Аударма ісі» ББ-нан басқа);
- Міндетті 4 курс;
- 1 курс таңдау бойынша.

Сертификатталған бағдарламаны аяқтауға қойылатын талаптар:

- 30 академиялық кредит;
- Минималды GPA 2.67

Коды	Бағдарлама	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
	Міндетті пәндер	20		
TIT 3221	Аударма теориясы	5		Ағыл.
Term 3222	Терминология	5		Ағыл.
CSI I 3230	Бірізді және ілеспе аударма I	5	Аударма теориясы	Ағыл.
CSI II 4232	Бірізді және ілеспе аударма II	5	Бірізді және ілеспе аударма I	Ағыл.
	Таңдау бойынша пәндер	10		
CSI III 4314	Бірізді және ілеспе аударма III	10	Бірізді және ілеспе аударма II	Ағыл.
	Interpretation skills development techniques	5		
	ИТОГО	30		

**«ӨЗГЕ ТІЛДІЛЕРГЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ»
СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(TESOL - Teaching English to Speakers of Other Languages)**

Бұл сертификаттау бағдарламасы шет тілдері оқыту саласында өз мансабын құрғысы келетін студенттерге арналған.

Осы қосымша мамандандыруды меңгерген студенттер басқатілдердің спикерлеріне ағылшын тілін үйретуге құқылы. Minor in TESOL бағдарламасын тіркелу кезінде үміткерлердің бағдарламаны өтудің ықтимал нұсқаларының бірі таңдау мүмкіндігі бар: M.S.Narıkbaev атындағы KAZGUU Университетінің базасында (офлайн) немесе Northern Arizona University базасында (онлайн).

Курс аяқталғаннан кейін студенттер:

- грамматика бойынша тереңдетілген білім алып, оны тіл оқытуда қолдана алады;
- шет тілін оқытудағы заманауи әдістер мен тәсілдердің теориялық және практикалық білімдерін көрсетеді;
- шет тілін оқытуда технологияларды қолдана алады;
- курс бағдарламасы мен оқу материалдарын әзірлейді.

Қабылдану талаптары:

- Ағылшын тілінің деңгейі: Upper-Intermediate (IELTS 6.5 және одан да жоғары);
- 3-4-курс студенттері;
- 5 курс міндетті;
- 1 курс таңдау бойынша.

Сертификатталған бағдаламаны аяқтауға қойылатын талаптар:

- 27 академиялық кредит (практиканы қоса алғанда);
- Минималды GPA 2.67;
- Педагогикалық практикадан өту (2 кредиттен кем емес).

Ескертпе:

1. Тілдік білім беру бағдарламаларының студенттері үшін силлабустар мен транскриптердің негізінде жекелеген пәндерді қайта тапсыруға болады. Қайта есептеу туралы шешім ЖГМ ААК-мен қабылданады.

2. Northern Arizona University-де TESOL бағдарламасына тіркелу кезінде осы минордың пәндері қайта есептелуі тиіс (тіркеу шарттары сақталған жағдайда)

Коды	Бағдарлама	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
	Міндетті пәндер	20		
НТМ 2304 НТМ 2223	Шет тілдерін оқыту әдістемесінің тарихы	5		Ағыл.
LA 3305 LA 3224	Шеттіліноқытутеориясыменәдістемесі	5		Ағыл.
CDMD 3306 CDMD 3225	Курстар мен оқу материалдарын әзірлеу	5		Ағыл.
LTA 4309 LTA 4226	Тілдік білімді бағалау әдістемесі	5		Ағыл.
	Таңдау пәндері	5		
TL2TL 3233 TL2TL 3227	Ағылшын тілін оқытудағы технологиялар	5		Ағыл.
CLIL 3234 CLIL 3228	Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту	5		Ағыл.
	Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы	5		Ағыл.
	Қорытынды	25		
	Педагогикалық практика	2 кредиттен кем емес		

"ІШКІ ЖӘНЕ КІРМЕЛІ ТУРИЗМ" СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

"Ішкі және кірмелі туризм" майноры студенттерге ішкі және кірмелі туризмнің артықшылықтарын түсінуге және осы нарыққа қалай шығу керектігі туралы саналы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Әсіресе қазір, пандемияға байланысты ел ішіндегі саяхаттар үлкен сұранысқа ие болып отырғанда, Қазақстанның өзінің ішкі туризмін дамыту үшін өзінің елеулі рекреациялық ресурстарын пайдалануға үлкен мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, шетелдік келушілердің талаптарын қалай шешуге болатындығын білу керек, өйткені бұл арнайы білімді, мәдени түсіністік пен инвестицияны қажет етеді. Осылайша, осы сертификаттау бағдарламасының мазмұны студенттерге саяхатшыларға да, ішкі саяхатшыларға да туристік қызметтерді қалай ұсынуға болатындығын білуге көмектеседі.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін студенттер:

- Ішкі және кірмелі туризмнің негізгі тұжырымдамаларын түсінуді;
- Туризм және саяхат саласында көшбасшылық және басқару дағдыларын қолдануды;
- Туризмнің ауылдық, қалалық және тауашалық түрлерін дамытуда үздік тәжірибелерді қолдануды;
- Туризм және саяхат индустриясының түрлі сын-қатерлерін анықтауды және шешуді;
- Жазбаша, презентациялық және коммуникативтік дағдыларды көрсетуді үйренеді.

Оқуға қабылдау талаптары:

- Бағдарлама КАЗГЮУ Университетінің 2-ші, 3-ші курс студенттері үшін қолжетімді ("Қонақжайлылық" мамандығының студенттерінен басқа);
- Ағылшын тілін білу - Intermediate және одан жоғары;
- Минималды GPA-2.67.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

- Студент 30 кредитті меңгеруі тиіс;
- Осы бағдарламаны аяқтау үшін қажетті GPA минимумы - 2.67;
ББ басшысының ұсынысына сәйкес КАЗГЮУ университетінің Туризм орталығында/ішкі және кірмелі туризмін ұйымдастыруда айтарлықтай тәжірибесі бар туркомпанияда тағылымдамадан өту.

Коды	Бағдарлама	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
MICET 4311	MICE Туризм	5	Қонақжайлылыққа кіріспе	Ағыл.
EE 3222	Эко & Этнотуризм	5	Туризмология негіздері	Ағыл.
UT 3221	Қалалық туризм	5	Туризмология негіздері	Ағыл.
RT 3223	Ауылдық туризм	5	Туризмология негіздері	Ағыл.
MMTD 3225	Туристік дестинациялардың маркетингі және менеджменті	5	Туризмология негіздері / Туризм маркетингі	Ағыл.
СНТ 4224	Мәдени мұра және туризм	5	Қонақжайлылыққа кіріспе / Туризмология негіздері	Ағыл.
	Қорытынды:	30		
Туркомпанияда (туроператор) 3-ші оқу жылын аяқтағаннан кейін тағылымдама				

«ЭККУРСИЯТАНУ» СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Эккурсиятану» майноры студенттерге туризм және қонақжайлылық индустриясында өз мансабын құруда тиімді болуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты-кез келген форматтағы қалалық және тақырыптық турларды жоспарлау мен ұйымдастырудың практикалық дағдыларын меңгеру, тургидтер жұмысының қағидағдарын, атап айтқанда, этикетті, рөлдер мен міндеттерді меңгеру; туристердің мінез-құлқын түсіну, күтпеген жағдайларды басқаруды үйрену, көрікті жерлерді түсіндіру принциптерін меңгеру, Қазақстандағы мәдениет (салт-дәстүрлер), география, тарих, сәулет, экономикалық және саяси процестер бойынша елеулі білім алу. Сондай-ақ студенттер экскурсияны қызықты өткізудің барлық құпияларын ашатын Нұр-Сұлтанның туристік көрікті жерлері бойынша экскурсияларға тікелей қатыса алады.

Курстың едәуір мазмұны ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енген әртүрлі туристік дестинацияларды және Қазақстанның табиғи және мәдени-тарихи маңызы бар (материалдық және материалдық емес) объектілерін зерделеуге шоғырландырылатын болады. Қазақстанның туризм және қонақжайлылық индустриясы көшбасшыларының (келу және ішкі туризм туроператорларының, "Kazakh Tourism" ҰК АҚ кәсіпқойларының және Қазақстан Республикасындағы ЮНЕСКО өкілдерінің) нақты практикалық семинарлары мен мастер-класстарының арқасында студенттер экскурсиялық турларды өткізу кезінде алған дағдыларын қалай қолдану керектігін үйренеді.

Курстың едәуір мазмұны ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енген әртүрлі туристік дестинацияларды және Қазақстанның табиғи және мәдени-тарихи маңызы бар (материалдық және материалдық емес) объектілерін зерделеуге шоғырландырылатын болады. Қазақстанның туризм және қонақжайлық индустриясы көшбасшыларының (жетекші туроператорлардың кірмелі және ішкі туризмінен, "Kazakh Tourism" ҰК АҚ кәсіпқойларының және Қазақстан Республикасындағы ЮНЕСКО өкілдерінің) нақты практикалық воркшоптары мен мастер-кластарының арқасында студенттер экскурсиялық турларды өткізу кезінде алған дағдыларын қалай қолдану керектігін үйренеді.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін студенттер:

- туристердің сұраныстарын қанағаттандыратын турды және туристік маршрутты жоспарлау және ұйымдастыруды;
- экскурсия жетекшісі де, туристер де, гидтер де ұстануға тиісті туристік этика, гидтердің міндеттері, рөлдері, ережелері шеңберін анықтауды;
- күтпеген жағдайларға тап болған кезде тактиканы қолдану және негізгі стратегияны анықтауды және туристер мен туристік топтың мінез-құлқын басқаруды;
- Қазақ өнері мен мәдениетін дұрыс түсіндіру, қазақ тарихына шолу жасау және Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облысы сияқты туристік дестинацияларға сипаттама беруді;
- Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облысының басты туристік көрікті жерлері туралы нақты ақпарат ұсынуды;
- Қазақстанның материалдық және материалдық емес мәдени мұрасын білу, мұра объектілерін пайдалану принциптері мен құндылықтарының, әртүрлі мағыналарын түсіну, сәйкестендіру және бағалауды;
- мәдениетаралық ортада көпшілік алдында таныстыру және коммуникация дағдыларын пайдалануды.
- тиісті құнды ақпаратты жинау және онымен жұмыс істеуді;
- туристік формальдылықтарды ұйымдастыру арқылы туристердің нақты сұраныстарына жауап беруді (алғашқы көмек және басқа да форс-мажорлық жағдайлар);
- туризм және қонақжайлылық индустрияда басқарушылық және көшбасшылық дағдыларды қолдануды үйренеді.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін алынған Сертификат студентке өтеулі негізде (ішкі және кірмелі туризмі бойынша туроператорлық компания-КАЗГЮУ серіктесі өткізетін) экстерн - емтихан тапсыруға және 3-санаттағы гид-экскурсоводтың тиісті куәлігін алуға мүмкіндік береді.

Оқуға қабылдау талаптары:

- Ағылшын тілі деңгейі: Intermediate және одан жоғары;
- GPA минималды көрсеткіші-2.67;
- Тіркелу КАЗГЮУ-дың 2-3 курс студенттері мен "Туризм", "Аударма ісі", "Қонақжайлылық" дайындық бағыты бойынша бейіндік колледждері үшін ашық.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

- 30 академиялық кредит;
- Ең төменгі GPA 2.67;

Алынған білімді бекіту және экскурсия жүргізудің практикалық дағдыларын меңгеру үшін КАЗГЮУ университетінің Туризм орталығында немесе Ішкі және кірмелі туризмді ұйымдастыруда айтарлықтай тәжірибесі бар туркомпанияда тағылымдамадан өту ұсынылды.

Коды	Курс атауы	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
LNG2201	Кәсіби шет тілі (ағылшын)	5	Шет тілі (ағылшын тілі) (A2 B1)	Ағыл.
TG 3302 TG 3329	Экскурсиятану/Саяхаттану	5	Қонақжайлылыққа кіріспе / Туризмология негіздері	Ағыл.
СНТ 4224 СНТ 4223	Мәдени мұра және туризм	5	Қонақжайлылыққа кіріспе / Туризмология негіздері	Ағыл.
АММ 4312 АММ 4315	Өнер және мұражай менеджменті	5	Мәдени мұра және туризм	Ағыл.
TUR 2203	Халықаралық туризм географиясы	5	Қонақжайлылыққа кіріспе	Ағыл.
СВ 2214 СВ 2217	Тұтынушының мінез-құлқы	5	Маркетинг/ Туризм маркетингі	Ағыл.
	Қорытынды:	30		
Тағылымдама (оқудың 3-ші жылын аяқтағаннан кейін)				

«ТУРИЗМ МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ САЛАЛАРЫНЫҢ МАРКЕТИНГІ» СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

"Туризм және қонақжайлылық салаларының маркетингі" майноры студентке туризм және қонақжайлылық индустриясының қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі туралы теориялық және практикалық білім алуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама туризм мен қонақжайлылықты басқару саласындағы Маркетинг теориясы мен практикасын зерттеуге қызығушылық танытқан студенттердің қажеттіліктері мен мүдделеріне бейімделген.

Курс аяқталғанда студенттер:

- туристік өнімдерді маркетингтік алға бастыру әдістерін қолдануды;
- туристік нарықтың мақсатты сегменттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын нарықтарды анықтап бөлуді, тауарлар мен қызметтерді орналастыруды;
- туристік қызметтерді тиімді жарнамалау және алға жылжытуды;
- туризм және қонақжайлылық саласында көшбасшылық және басқару дағдыларын қолдануды меңгереді.

Оқуға қабылдау талаптары:

- Бағдарлама КАЗГЮУ Университетінің "Туризм", "Қонақжайлылық" мамандығының 2-ші, 3-ші курс студенттеріне қолжетімді;
- Ағылшын тілін білу - Intermediate және одан жоғары;
- Минималды GPA-2.67.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

- 35 академиялық кредит;
- Осы бағдарламаны аяқтау үшін қажетті GPA минимумы - 2.67;
- Халықаралық дәрежедегі қонақүйлерде /ішкі және кірмелік туризмін ұйымдастыруда айтарлықтай тәжірибесі бар туркомпанияда/ университеттің серіктес ұйымдары базасында тағылымдамадан өту.

Коды	Курс атауы	Кредиттер саны	Пререквизиты	Язык
IN 1109	Қонақжайлылыққа кіріспе	5	Талап етілмейді	Ағыл.
TMark 3213	Туризм маркетингі	5	Туризмология негіздері	Ағыл.
CB 2214 CB 2217	Тұтынушының мінез-құлқы	5	Маркетинг/ Туризм маркетингі	Ағыл.
ASP 3226 ASP 3224	Жарнама стратегиясы және алға жылжыту	5	Маркетинг/ Туризм маркетингі	Ағыл.
MMTD 3225	Туристік дестинациялардың маркетингі және менеджменті	5	Туризмология негіздері және туризм маркетингі	Ағыл.
DM 4227 DM 4226	Сандық маркетинг	5	Маркетинг/ Туризм маркетингі	Ағыл.
PRMM 3307 PRMM 3306	Туризм және қонақжайлылықтағы PR & маркетинг менеджменті	5	Маркетинг/ Туризм маркетингі	Ағыл.
	Қорытынды:	35		
ТУРКОМПАНИЯДА (туроператор)/отельде/КАЗГЮУ серіктес ұйымында тағылымдама (оқудың 3-ші жылын аяқтағаннан кейін)				

"ҚОНАҚ ҮЙ ЖӘНЕ МЕЙРАМХАНА ІСІ" СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қонақ үй және мейрамхана ісіндегі Minor бағдарламасы студенттерге әлемдегі ең ірі салалардың бірінде теориялық және практикалық білім алуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама қонақжайлылық менеджері ретінде мансапқа қызығушылық танытатын студенттердің қажеттіліктері мен мүдделеріне бейімделген. Бағдарлама қонақжайлылық принциптерін әр түрлі курстарда және қонақ үйдің екі негізгі бөлімінде (сонымен қатар басқа бөлімдерде) тәжірибеден өткізуге көмектесетін етіп жасалған.

Курс соңында студенттер мынадай білім алып шығады:

- Қонақ үй және мейрамхана менеджментімен байланысты негізгі ұғымдарды түсіну;
- Қонақ үй бөлімдерінде операциялық қызметті жүзеге асыру (F&B бөлімі, нөмірлерді жинау бөлімі және т. б.);
- Қонақ үй және мейрамхана менеджментінің күнделікті жұмысының әртүрлі мәселелерін анықтау және шешу.
- Көшбасшылық қасиеттерді, сондай-ақ таныстырылымдық және коммуникативтік дағдыларды көрсету.

Оқуға қабылдау талаптары:

- Бағдарлама КАЗГЮУ Университетінің 2-ші, 3-ші курс студенттері үшін қолжетімді ("Қонақжайлылық" мамандығынан басқа);
- Ағылшын тілін білу - Intermediate және одан жоғары;
- Минималды GPA-2.67.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

- 35 академиялық кредит;
- Осы бағдарламаны аяқтау үшін қажетті GPA минимумы - 2.67;
- Халықаралық дәрежедегі қонақүйлерде ғана тағылымдамадан өту (ЖГМ-нің практика жөніндегі Ережесіне сәйкес)

Коды	Курс атауы	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
IN 1109	Қонақжайлылыққа кіріспе	5	Талап етілмейді	Ағыл.
HRM 3301	Қонақ үй және мейрамхана менеджменті	5	Қонақжайлылыққа кіріспе	Ағыл.
HLO 3305	Қонақ үйдің операциялық қызметі	5	Қонақжайлылыққа кіріспе	Ағыл.
FBCO 4304	Тамақтану, сусындар және тамақтану бөлімінің операциялық қызметі	5	Қонақ үй және мейрамхана менеджменті	Ағыл.
IATH 2206	Туризм және қонақжайлылық үшін бухгалтерлік есепке кіріспе	5	Қонақжайлылыққа кіріспе	Ағыл.
ROM 3313	Нөмірлер бөлімінің операциялық қызметі	5	Қонақжайлылыққа кіріспе	Ағыл.
DSH 3315	Қонақжайлылық қызметі	5	Қонақжайлылыққа кіріспе	Ағыл.
	Қорытынды:	35		
Тағылымдама (оқудың 3-ші жылын аяқтағаннан кейін)				

"HILTON-ASTANA" ТАҒЫЛЫМДАМАСЫНЫҢ СЕРТИФИКАТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

"HILTON-ASTANA" сертификаттық бағдарламасының тағылымдамасы студенттердің қонақ үй бизнесі индустриясындағы жұмыстың практикалық дағдыларын игеруіне арналған.

Тағылымдама қазіргі заманғы бес жұлдызды Hilton - Astana қонақ үйінде ұйымдастырылады. Бағдарлама 2018 жылы Университетіміздің Hilton-Astana Hotel компаниясымен ынтымақтастық туралы екіжақты келісім жасасқаннан кейін ашылды.

Hilton -люкс қонақүйлер мен толық қызмет көрсететін курорттардан бастап, ұзақ мерзімді люкс бөлмелері мен орташа бағалық қонақ үйлерге дейінгі әлемдік жетекші қонақ үй компаниясы. 2016 жылы Hilton Hotels 100 елде және аумақта таныстырылды. Тиімді туристік бағыттардың бірі болуға үлкен мүмкіндігі бар Нұр-Сұлтан қаласында Hilton Hotels халықаралық қонақ үй желісінің Hampton by Hilton, Hilton Garden Inn және Hilton-Astana сынды үш брендті ұсынылған.

Hilton-Astana-дағы тағылымдама студенттер үшін тамаша тәжірибе болады және болашақта олардың мансаптық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар, тағылымдама студенттердің функционалдық/техникалық дағдыларын, сондай-ақ қонақ үй жұмысының ерекшелігі туралы тұжырымдамалық білімдерін жақсартады. Қонақ үйде тағылымдамадан өту студенттер үшін өте пайдалы, өйткені ол оларды қонақ үй бизнесінде мансапқа дайындайды.

Функционалды жұмыс дағдыларын игерумен қатар, студент қонақ үй ортасының жұмысын бақылауға мүмкіндік алады. Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, сала мамандарымен байланыс орнату және қонақ үйдің барлық операциялық жүйе-сімен танысу арқылы Қазақстанда да, шетелде де қонақ үй индустриясында өзінің жеке кәсіби жолын құруға ықпал етеді.

Оқуға қабылдау талаптары:

- Тағылымдамадан өту бағдарламасына түсу үшін студенттер мотивациялық хат ұсынуы керек;
- Тағылымдама бағдарламасы "Қонақжайлылық" мамандығының студенттері үшін де, "Туризм" мамандығының студенттері үшін де қолжетімді;
- Ағылшын тілін меңгеру (Intermediate және одан жоғары);
- Тағылымдама басталғанға дейін студенттер медициналық тексеруден өтіп, рұқсат мөрі бар медициналық кітапшаны ұсынуы керек;
- Минималды GPA-2.67.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

- Студент қонақ үй супервайзерінің барлық нұсқауларын орындауы және қызметтік міндеттерін орындауы және белгіленген кестеге сәйкес ауысымдарына қатысуы керек - қонақ үйде тағылымдамадан өту кезінде сабаққа қатысу және ұқыптылық негізгі талаптар болып табылады;
- Студент қонақтар мен қызметкерлерге төзімділік пен құрмет көрсетуі керек;
- Студент бүкіл курсты аяқтағаннан кейін баға алады және бұл баға студенттің транскриптіне ауыстырылады;
- Бағдарламаны аяқтау үшін талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, студентке Hilton-Astana сертификаты берілмейді.

Коды	Курс атауы	Кредит саны	Тілі
PRMM 3218	Қонақжайлылық индустриясындағы PR& маркетинг менеджменті	5	Ағыл.
FBCO 4304	Тамақтану, сусындаржәне тамақтану бөлімінің операциялы қызметі	5	Ағыл.
GSM 4215	Қонақ қанағаттануының менеджменті	5	Ағыл.
ROM 3302	Нөмірлер бөлімінің операциялық қызметі	5	Ағыл.
HTM 4318	Қонақ үй тренингін басқару	5	Ағыл.
SPAM 4317	SPA менеджменті	5	Ағыл.
HBD 4303	Қонақ үй бизнесін дамыту	5	Ағыл.
HRMTH 3219	Туризм және қонақжайлылық саласындағы HR менеджменті	5	Ағыл.
	Қорытынды:	40	

«ЛОГОПЕДИЯ» СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама балалар үшін де, ересек пациенттер үшін де өзекті сөйлеу ақауларын жоюдың қажетті әдістері анықталатын және жүзеге асырылатын мамандарды даярлауға бағытталған. Тыңдаушылар дыбыстарды дұрыс "қою" туралы, айтылудың дұрыстығы туралы, сондай-ақ кекештік (логоневроз) туралы біледі, олардың көмегімен қажетті ақпарат бекітілетін сөйлеу жаттығулары арқылы сөйлеу ақауларын жоюды үйренеді.

Бағдарламаның мақсаты-логопедия саласындағы барлық жас топтарымен олардың қажеттіліктерін, ықтимал мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, түзету-психологиялық қызметті тиімді жүзеге асыра алатын білікті мамандарды кәсіби даярлау.

Курс соңында студенттер:

сөйлеу қателерін түзетуді жүзеге асыру;
процесті басқару әр түрлі аурулардың салдарынан сөйлеу ақаулары пайда болған пациенттерді оналту;
пациенттерде үйлесімді және жиналмалы грамматикалық құрылымдарды құру дағдыларын жетілдіру;
сөйлеу ақауларының пайда болу механизмдерін зерттеу және түзету әдістерін әзірлеу;
сөйлеу аппаратының органикалық бұзылыстарын анықтау және осы патологияларды ескере отырып, дикцияны жақсарту бойынша әдістерді әзірлеу;
сабақ қорытындысы бойынша нәтижелерді бағалау, нәтижелерді бастапқы деректермен салыстыру дағдыларын меңгереді.

Оқуға қабылдау талаптары:

3-4 курс студенттері;
Төмендегі кестеден 2 міндетті және 3 элективті курстарды жабу;
GPA минималды деңгейі - 2,67.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

30 академиялық кредит;
Ең төменгі GPA 2.67

Коды	Бағдарлама	Кредит ер саны	Пререквизиттер	Тілі
Міндетті пәндер		10		
PsyL 2203	Психоллингвистика	5	***	орыс
PA 3208	Психоанализ	5	Жалпы психология	орыс
Таңдау бойынша пәндер		20		
LS 3219	Логопедиялық сүйемелдеу	5	Тұлға психологиясы және жеке айырмашылықтар Жас психологиясы және даму психологиясы	орыс
SMDKUR 3220	Ауызша сөйлеуді диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістері	5	Психоанализ Психоллингвистика	орыс
PKPSR 3221	Сөйлеудің айтылу жағын түзету бойынша семинар	5	Логопедиялық сүйемелдеу	орыс
LM 3222	Логопедиялық массаж	5	Логопедиялық сүйемелдеу Ауызша сөйлеуді диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістері	орыс
ITOD 4223	M1 сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды оқытудың инновациялық технологиялары	5	Ауызша сөйлеуді диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістері	орыс

"HR-АНАЛИТИКА" СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл бағдарлама адамдарға әсер етуді жүзеге асыру әдістері арқылы еңбек ұжымының даму заңдылықтары туралы білімі бар; жанжалды жағдайларды, қызметкерлердің жас және кәсіби дағдарыстарын шешуге көмектесе алатын; есептерді құрастыруда, жоғары білікті кадрларды есептеуде, кадрлардың жасару кезеңін болжауда және деректерді статистикалық есепке алуда құзыретті маман даярлауға бағытталған.

Сонымен қатар, студенттер мәліметтер базасымен жұмыс істеу үшін қажетті негізгі дағдыларды дамыта алады.

Курс соңында студенттер:

қызметкерлердің жасына, кәсіби өсуіне және күйіп қалуына байланысты есептер құрастыру;

ең жоғары біліктілігі бар кадрларды есептеу;

бизнестің негізгі талаптарына жауап беретін ізденушілерді таңдау;

кадрлардың тұрақтамау деңгейін анықтау;

кадрлардың "жасару" кезеңін болжау;

қызметкерлерді есепке алу статистикасын жүргізу;

ұйымдағы адами капиталды басқару саласындағы басқарушылық шешімдердің тиімділігін талдау қабілеттерін меңгереді.

Оқуға қабылдау талаптары:

3-4 курс студенттері;

Төмендегі кестеден 2 міндетті және 3 элективті курстарды жабу;

GPA минималды деңгейі - 2,67.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

30 академиялық кредит;

Ең төменгі GPA 2.67

Коды	Бағдарлама	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
Міндетті пәндер		10		
ЮР 3303	Индустриалды-ұйымдастырушылық психология	5	Әлеуметтік психология	орыс
МОР 4213	Персоналды бағалау әдістері	5	Индустриалды-ұйымдастырушылық психология Қызмет және қабілеттер психологиясы	орыс
Таңдау бойынша пәндер		20		
IMUP3224	Персоналды басқарудағы инновациялық менеджмент	5	Индустриалды-ұйымдастырушылық психология	орыс
OUK 3227	Басқарушылық кеңес беру негіздері	5	Индустриалды-ұйымдастырушылық психология	орыс
OM 3225	Менеджмент негіздері	5	Психологиядағы сандық зерттеу әдістері, психологиядағы сапалы зерттеу әдістері, индустриалды-ұйымдастырушылық психология	орыс
BP 3228	Бизнес-жоспарлау	5	***	орыс
ADHR3226	HR және Әлеуметтік зерттеулердегі деректерді талдау	5	Психологиядағы сандық әдістер Персоналды бағалау әдістері	орыс

URI 4229	Интернет-кеңістіктегі беделді басқару	5	Стратегиялық менеджмент	орыс
Қорытынды		30		

«BRAND-АНАЛИТИКА» СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл курс студенттерді жасанды интеллектті қолдана отырып, әлеуметтік медианы талдау негіздеріне оқытуға бағытталған. Бағдарлама, Brand Analytics әлеуметтік медиа мен БАҚ мониторинг және талдау жүйесі арқылы практикалық жұмысты қарастырады.

Бағдарламаның мақсаты-беделге төнетін қауіп туралы ескертетін, медиа алаңда бастысын көрсететін, ақпараттық трендтерді көрсететін, дашбордты қалыптастыратын және презентациялық есеп дайындайтын маман дайындау. Бағдарлама әлеуметтік медианы талдау процесі және оны PR, маркетинг және компаниялар мен ұйымдардың функционалды бағыттары үшін қолдану туралы нақты түсінік қалыптастырады.

Курс соңында студенттер:

тауарлар мен қызметтер нарығы, бәсекелестер және тұтынушылардың мінез-құлқы туралы ақпаратты жинау және талдау;

түсініктерді іздеу;

беделді басқару;

ұсынымдар, болжамдар (Даму, маңызды көрсеткіштер динамикасы) және маркетингтік стратегияларды әзірлеу.

сату топтарына және ішкі жобаларға кеңес беріңіз.

Оқуға қабылдау талаптары:

3-4 курс студенттері;

Төмендегі кестеден 2 міндетті және 3 элективті курстарды жабу;

GPA минималды деңгейі - 2,67.

Сертификаттау бағдарламасын аяқтауға қойылатын талаптар:

30 академиялық кредит;

Ең төменгі GPA 2.67

Коды	Бағдарлама	Кредиттер саны	Пререквизиттер	Тілі
Міндетті пәндер		10		
OSM3230	Әлеуметтік маркетинг негіздері	5	***	орыс
UBR3231	Жұмыс берушінің брендін басқару	5	Эргономика және юзабилити Әлеуметтік маркетинг негіздері	орыс
Таңдау бойынша пәндер		20		
AVTR3232	Жарнамадағы аудиовизуалды технологиялар	5	Мотивация және эмоциялар психологиясы Таным психологиясы Эргономика және юзабилити	орыс
MIK 3233	Интеграцияланған коммуникациядағы Маркетинг	5	Коммуникация психологиясы, Әлеуметтік Маркетинг негіздері	орыс
PPRP 3234	Сату психологиясы және жарнамалық жарнама	5	Әлеуметтік таным психологиясы Коммуникация психологиясы	орыс
UAS 4235	Сайттардың юзабилити-	5		орыс

	аудиті		
Қорытынды		25	

"ЗАҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ" СЕРТИФИКАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл майнор студенттерге заңгерлердің қызметі барысында туындайтын және адвокаттың психологиялық құзыреттілігі мен қауіпсіздігімен байланысты психология мәселелерін шешу негіздерін оқытуға бағытталған. Бағдарлама медициналық-психологиялық сараптамалардың мәтіндерін, заң практикасында туындайтын даулы жағдайларды талдау, виктимологиялық алдын алу шараларын әзірлеу арқылы практикалық жұмысты көздейді.

Бағдарламаның мақсаты-Юриспруденция мен психологияның тоғысындағы мәселелерді шешуде психологиялық білімді қолдана алатын маман дайындау: Виктимологиялық алдын-алуды жоспарлауды жүзеге асыру; судьяның, адвокаттың немесе прокурордың өтініші бойынша сарапшы жауап бере алатын сұрақтарды бөлу; жанжал жағдайын талдау және ондағы мінез-құлықтың оңтайлы нұсқасын іздеу; қылмыскердің психологиялық ерекшеліктерін қайта құру және т. б.

Курс соңында студенттер:

мінез-құлықты оның биологиялық және эволюциялық де-терминанттарының негізінде талдау;

қақтығыс жағдайында мінез-құлықтың оңтайлы алгоритмін анықтау және қолдану;

қылмыскердің/қылмыстық топтың психологиялық сипаттамаларын талдау;

Сипаттамасы: Аталмыш курс студенттерді бұқаралық ақпарат құралдарына нақты, риясыз, әділ, толыққанды сипаттағы репортаждар мен газетке мақала жазуға үйретеді. Студенттер репортаждың негізгі элементтерін қалай қолдануға болатынын, оқиғаларды қалай шолу керек екенін, сұхбат алуды қалай жүргізу керек екенін, басқа зерттеу құралдарын қалай қолдануға болатынын үйренеді. Студенттер баспасөз, радио, телебағдарламалар, сонымен қатар интернет сияқты түрлі бұқаралық ақпарат құралдары үшін жаңалықтар

репортаждарын жазуға, газет мақаласын жазуға үйренеді.

Пререквизиттер: -

Атауы: БАҚ және қоғам

Код: MMS 3215 **ECTS:** 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс білім алушыларды БАҚ-пен және оның қоғамға деген әсерімен таныстырады. Аталмыш курс аясында білім алушылар қоғамның түрлі ақпараттық дереккөздерінен алынған мәліметтерді қолданудың жағымды және жағымсыз жақтарын қарастырады. Білім алушылар БАҚ мәліметтерін сандық сауаттылық тұрғысынан дербес және кәсіби мақсаттарда қалай қолдануға болатынын, әрі қоғамның өкілдері арасында құзыретті, этикалық және стратегиялық өзара ықпалдасуды жүзеге асыру үшін әлеуметтік бұқаралық ақпарат құралдарын қалай қолдануға болатынын қарастырады.

Пререквизиттер: -

Атауы: БАҚ-тағы құқықтық сауаттылық пен ақпараттың анықтылығы

Код: FC 4220 **ECTS:** 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс аясында білім алушылар Қазақстандағы сот жүйесінің БАҚ туралы ҚР заңнамасын құрастыру және түсіндіру тарихымен және оның кәсіби журналистер, блогерлер әрі республика азаматтарына қатысты әсерімен танысады. Курс жеке ақпарат құпиясы, жала, баспасөз бостандығы, ақпараттық технологиялар туралы заң сияқты тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар студенттерді мәтіндегі пікірдің шынайылығы мен дұрыстығын анықтау үшін түрлі БАҚ дереккөздеріндегі фактілерге негізделген пікірді тексере білуге үйретеді.

Пререквизиттер: -

Атауы: Медиа мәтіндердің функционалды түрлері мен жанрлары

Код: FTGMT 3216 **ECTS:** 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс аясында студенттер медиа мәтіндердің алуантүрлілігін қамтитын универсалды

типологиялық топтастырумен танысады. Студенттер медиа мәтіндердің ерекшеліктерін және түрлі коммуникациялық мәнмәтіндердегі мәтінді аудиторияның қабылдау механизмдерін оқып біледі. Студенттер медиа мәтіндерді олардың тақырыптық құрылымына байланысты және лингвомәдени факторды ескере отырып, талдауды үйренеді.

Пререквизиттер: Стилистика

Атауы: Қарым-қатынас этикасы

Код: CE 3218 ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс білім алушыларға қоғамда өзін-өзі ұстау этикалық нормаларымен таныстырады және БАҚ қызметкерлерінің қазіргі кезде қарым-қатынас жасауда кездесетін этикалық өзекті мәселелеріне қатысты талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Курс ақиқат, құпиялылық, мүдде қайшылықтары, әлеуметтік әділдік сияқты ұғымдарды ашады.

Пререквизиттер: -

Атауы: Коммерциялық аударма

Код: BT 4224/4229 ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс студенттерде жазбалар, есеп және ауызша таныстырылымдар сияқты кәсіби және ресми бизнес құралдарының көмегімен ағылшын тілінде қарым-қатынас жасаудың негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім алушылар коммерциялық құжаттарды ағылшын тілінен қазақ/орыс тілдеріне және керісінше аударма жасау әдістерімен танысады.

Пререквизиттер: -

Атауы: Заңгерлік аударма

Код: LT 4225/4231 ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс құқықтық тақырыпта жазбаша/ауызша мәтіндер/баяндамалар сияқты екіжақты диалог жүргізудің практикалық дағдыларын дамытуға және бекітуге бағытталған. Курсты меңгеру барысында студенттер заңгерлік лексика ерекшеліктерімен танысады.

Пререквизиттер: -

Атауы: Мағына теориясы

Коды: TM 3322 ECTS: 5

Сипаттамасы: Курстың мақсаты-аударма саласындағы негізгі білім мен түсіну дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру. Мәтіннің мағынасын түсіну (сөз емес) ауызша және жазбаша аудармада өте маңызды. Осылайша, бағдарлама студенттерге кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін қажетті құралдарды ұсынады.

Пререквизиттер: -

Атауы: Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы

Код: GA 3221/2202 ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс мақсаты ағылшын тілі грамматикасына қатысты білімді жетілдіру және студенттердің сол білімдерін кәсіби мәнмәтін аясында қолдана білулерін жақсарту. Курс бағдарламасы сөз таптары, сөйлем құрылымдары, уақыт, аспект, модальділік, сабақтылық сияқты тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар аталмыш курс мәтіндерге грамматикалық талдау жасату арқылы студенттердің өздерінің талдаушылық машықтарын дамытуға мүмкіндік береді.

Пререквизиттер: -

Атауы: Корпустық лингвистика

Код: CL 3307/4308 ECTS: 5

Сипаттамасы: Бұл курс ағылшын тілінің мәтіндік корпусын зерделеуге және оны лингвистикалық талдауда (лексика-грамматикалық деңгейде және графемалар деңгейінде) қолдануға бағытталған. Пән шеңберінде студенттер мамандандырылған жүйе – Британ ұлттық корпусын пайдалана отырып, тілдік деректердің құрылымдалған массивімен жұмыс істеуді үйренеді. (Ағылшын тілін меңгерудің ең төменгі деңгейінде пәнді оқуға рұқсат беру-B2)

Пререквизиттер:

Атауы: Ізбе-із аудармаға кіріспе

Коды: ALP 3221 ECTS: 5

Сипаттамасы: Бұл курс бірізді аударманың негізгі техникаларын және

бірізді аударманы жүзеге асыруға дайындық дағдыларын зерттеуге бағытталған. Білім алушылар дәйекті аудармамен жұмыс істеу үшін қажетті білім алады және дағдыларды дамытады, сондай-ақ аудармашының этикасы туралы біледі.

Пререквизиттер: Ағылшын тілі және аударматану

Атауы: Синхронды аудармаға кіріспе

Коды: ALP 4222 ECTS: 6

Сипаттамасы: Аталмыш курс ілеспе аударманың негізгі техникаларын үйренуге, аударма жасауға қажетті арнайы құралдарды пайдалану машықтарын дамытуға бағытталған. Білім алушылар ілеспе аудармада жұмыс істеуге керек машықтарды ала отырып, білімдерін тереңдетеді, сонымен бірге аудармашы этикасы туралы ақпаратпен танысады.

Пререквизиттер: -

**"АУДАРМА ІСІ" БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ ҮШІН
(2018 ЖЫЛЫ ТҮСКЕНДЕР ҮШІН)**

Курс атауы: Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі негізгі шетел тілі B1 B2

Код: ENG1108/ENG1209 **ECTS:** 10

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс сөздік қорын және грамматикасын жүйелі түрде кеңейту және 4 (тыңдау, оқу, сөйлеу және жазу) дағдыны жаттықтыру арқылы ағылшын тілінің B2 деңгейін жоғарылатқысы келетін студенттерге арналған. Әр сабақта лексикалық сөздер және грамматикамен таныстырып, оларды тәжірибеде қолданып, айтылымды дамытуға назар аударылады. Оқу және тыңдау жаттығулары студенттердің ағылшын тіліндегі сөйлесімді есту және түсіну қабілетін дамытуға және жалпы сөз тіркестерін, идиомаларды және ауызекі тілдегі лексиканы меңгеруге көмектесу үшін қолданылады. Курс барысында студенттерді сөйлесуге және пікір алмасуға ынталандыратын заманауи тақырыптар ұсынылады.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі негізгі шетелтілі B1

Курс атауы: Коммуникациялық мақсаттағы ағылшын тілі

Код: ENG1210 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттерді ағылшын тілінің тәжірибелік жүйесінің тәсілдері мен принциптерінің негіздерімен таныстырады. Курс күнделікті жағдайларда эмоцияны білдіру, рөлдік ойынға ену сияқты басқа да коммуникациялық мәселелерді қамтиды.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі негізгі шетелтілі B1 B2

Курс атауы: Ауызша сөйлеу тәжірибесі

Код: ENG1111 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттерге тілдік дағдыларды меңгерудің жаңа және интерактивті әдістерін ұсынады. Сондай-ақ, курс тілдік дағдыларын жақсартқысы келетін және әр дағдыны

басқа контексте қолдануға ынталы студенттерге арналған.

Пререквизиттер: жоқ

Курс атауы: Сын тұрғысынан ойлау

Код: GED 1108 **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы: Бұл курс сұрақтар мен проблемаларды талдау негізінде қорытындыларды тұжырымдау, дұрыс шешімдер қабылдау, сондай-ақ алынған нәтижелерді өмірлік және кәсіби жағдайларда қолдануға негізделген дәлелдер мен сенімдер жүйесін зерттейді. Сын тұрғысынан ойлау кез келген тұжырымның дәлелдігіне көз көз жеткізіп барып қабылдауды, жаңа идеялар мен тәсілдерге ашық болу керектігін негізге алады.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл не нәрсеге де сену үшін не істеу керектігі туралы пікір. Сын тұрғысынан ойлау студенттердің өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға, сонымен қатар өмір бойы білім алуға және олардың қарқынды жұмыс істеуі мен мансабына қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Пререквизиттер: қажет етпейді.

Курс атауы: Бизнес-коммуникациялар

Код: BUS2201, BUS 3201 **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы: Адамдармен қарым-қатынас процесі кәсіби және әлеуметтік табыста маңызды болып табылатын қажетті коммуникацияларды құруға негізделген. Бұл курстың негізгі мақсаты студенттердің тәжірибеде алған білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, тиімді қарым-қатынас және олардың әдістемелері туралы білімдерін қалыптастыру – жеке адамдар мен топтардың әлеуметтік мінез-құлқын басқару.

Пререквизиттер: қажет етпейді

Курс атауы: Бизнес этикасы

Код: BUS3204 **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы:

Курс болашақ кәсіби қызмет аясында этикалық мәселелерді зерттеуге бағытталған. Бұл адам әрекетіндегі адамгершілік тақырыбын зерттеуді талап етеді; кәсіби қызметтегі этикалық мәселелерді анықтау және талдау; негізгі

бизнес құндылықтарын түсіну және этикалық мінез-құлықты насихаттау; заманауи бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі және жахандық контекстегі әдеп.

Пререквизиттер: Философия

Курс атауы: Академиялық жазылым

Код: TLNG3213 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс жазылым арқылы студенттердің аналитикалық ойлауын дамыта отырып, болашақ мамандығына дайындайды. Зерттеу дағдылары ғылыми жұмыс жазудың негізі болып табылады. Осы пән арқылы студенттер әртүрлі академиялық тақырыптар бойынша өз ойлары мен идеяларын құрылымдық түрде жеткізуге мүмкіндік беретін қажетті ақпаратты алады және курсты аяқтағаннан кейін дағдылары қалыптасалы.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетелтіліB1B2

Курс атауы: Ізбе-із аудармаға кіріспе

Код: INT3302 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл пән студенттерді ізбе-із аударманың негіздерімен, оның техникалық ерекшеліктерімен таныстырады және аударманың конспектілеу аспектісіне ерекше назар аударады, көпшілік алдында сөйлеуге, дискурсты талдауға және есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығуларға басымдық береді. Бұл курс сонымен қатар «Аудармашылық кәсіптің сипаттамасы, аударма әдістерінің әртүрлілігі және жалпы талаптар» сияқты тақырыптарды талқылауды қамтиды. Ізбе-із аударманы орындау үшін нұсқаулықтармен танысқаннан кейін, студенттер қарапайым жаттығулар арқылы өздерін сынап көріп, техникаларын дамыта бастайды.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетелтілі,

Курс атауы: Ілеспе аудармаға кіріспе

Пәннің сипаттамасы:

Бұл пәнді оқу ілеспе аударманың қарқынды тәжірибесіне және «shadowing» сияқты (студент аудиожазбаны тыңдайды және сонымен бірге оны мүмкіндігінше түпнұсқаға жақын етіп дауыстап қайталауға тырысады) аударма техникасы мен көзбен шолып аудару әдістеріне негізделген. Курс ілеспе аударманың негізгі әдістерін, арнайы жабдықты пайдалану мен оқыту әдістерін меңгеруге арналған. Осы пәннің аясында студенттер аударма сапасын арттыратын қажетті дағдылардың белгілі бір жүйесін құруға ықпал ететін барлық қиындықтар мен сынақтарды есепке ала отырып, шынайы жағдайда өздерін аудармашы рөлінде сезінуге мүмкіндік алады.

Пререквизиттер: Ізбе-із аудармаға кіріспе

Курс атауы: Ізбе-із аударма – ілгері деңгей

Код: INT4306 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Пән аударма бағдарламасы бакалавриатының жоғарғы курс студенттеріне арналған. Аударманың негізгі дағдыларын меңгеру, дамыту және кеңейту; конференциялар мен жиналыстарда аударма жасау үшін есте сақтаудың тиімді тәсілдерін үйрену; алынған ақпаратты жинақтау және синтездеу дағдыларын дамыту; белгілі бір білім саласына қатысты сөздік қорды меңгеру мен кеңейтудің тәсілдері; тіл (ана тілі және басқа тілдер) бойынша білімдерін жетілдіру; жалпы білімді кеңейту және тереңдету, мәдениетаралық түсінудің белгілі деңгейіне жету курстың мақсаты мен міндеттері болып табылады.

Пререквизиттер: Ізбе-із аудармаға кіріспе

Курс атауы: Ілеспе аударма – ілгері деңгей

Код: INT4307 **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы: Пән ілеспе аудармашы дағдыларын жетілдіргісі келетін жоғары курс студенттеріне арналған. Курс бағдарламасы ақпаратты қысқаша тұжырымдау және біріктіру қабілетін дамытуға бағытталған; сәйкес білім салалары бойынша сөздік қорын зерделеу және кеңейту; техникалық және саяси тақырыптардағы кездесулер мен конференциялар аясында жасалатын ілеспе аударма дағдыларын дамыту.

Пререквизиттер: Ілеспе аудармаға кіріспе

Курс атауы: Екінші шетел тілі (фран., исп., қытай) A1A2

Код: TLRN2203 ECTS: 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл негізгі курс «Аударма ісі» кафедрасының студенттеріне екінші шетел тілін оқытудың бастапқы кезеңіне арналған. Курс қарым-қатынаста фонологиялық, грамматикалық және лексикалық құбылыстарды және екінші шетел тілінің қағидаттарын қолданудың негізгі дағдыларын қалыптастыру арқылы студенттердің тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Пререквизиттер: жоқ

Курс атауы: Екінші шетел тілі (Нем., франц., исп., қыт., италия тілі) B1B2

Код: TLNG3213 ECTS: 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл таңдау курсы «Аударма ісі» мамандығы бакалавриатының студенттеріне екінші шетел тілін меңгерудің аралық кезеңі ретінде ұсынылады. Курс тақырыптар бойынша өнімді тілдік материалды арттыра отырып, тереңдетіп беру арқылы студенттердің тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Курсты сәтті аяқтау үшін студенттер Жалпы еуропалық тілдерге арналған анықтамалық негіздемеге сәйкес екінші шетел тілінің кем дегенде А2 деңгейіне жетуі керек.

Пререквизиттер: Екінші шетел тілі (Нем., франц., исп., қыт., италия тілі) A1A2

Курс атауы: Іскери ағылшын тілі

Код: TLRN2204, LNG3203 ECTS: 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттерге құрылымдық іскерлік ортада хаттар, есептер және ауызша таныстырылымдар сияқты кәсіби және іскерлік құралдарды пайдалана отырып, ағылшын тілінде негізгі коммуникациялық дағдыларды дамытуға және арнайы коммерциялық құжаттарды ағылшын тілінен орыс тіліне және керісінше аударуға көмектесуге арналған.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетел тілі B1

Курс атауы: Оқытылатын тіл теориясының негізі

Код: TLRN2202 ECTS: 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс тілдің ерекшеліктерін көрсете отырып, тіл және лингвистика негіздерімен таныстырады. Фонетика, фонология, морфология, семантика, синтаксис және прагматика сияқты тақырыптар курстың негізгі элементтері болып табылады. Өтілетін негізгі ұғымдар дыбыс жүйесі (фонология), флексия және этимология, морфема, сөзжасам және құрылым (морфология), сөйлем құрылымы (синтаксис), сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы (семантика), екінші тілді үйренуден тұрады. Қолданбаны (қолданбалы лингвистика), тілді үйрену мен меңгеруді, диалектілерді, тілдің әлеуметтік аспектілерін (тілдік вариациялар) және тілдің өзгеруін қарастырады.

Пререквизиттер: жоқ.

Курс атауы: Англия және Америка әдебиеті

Код: TLRN4219 ECTS: 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттердің Англия мен Америка әдебиетін оқудағы білім, білік және дағдыларын дамытады. Сөздік қорын молайта отырып, білім алушы өз ойын шет тілінде еркін жеткізе алады.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетел тілі B1B2

Курс атауы: Аудармашылар кәсіби қызметінің негіздері

Код: TRN2201 ECTS: 5

Пәннің сипаттамасы:

Бұл курс аударматанудағы әртүрлі мәселелер мен даулы тұстарды қамтиды. Курстың мақсаты студенттерді аударманың әртүрлі теорияларымен және көпқырлы тәсілдерімен таныстыру.

Пререквизиттер: жоқ

Курс атауы: Субтитрлеу: деректі және ғылыми жанрлар

Код: TRN3310 ECTS: 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл пән түрлі ерекшеліктерге ие әртүрлі деректі және ғылыми жанрдағы субтитрлі бейнематериалдарды, ақпараттық бағдарламаларды, мемлекеттік және халықаралық өзекті оқиғаларға қатысты бағдарламаларды талдауға бағытталған. Сонымен қатар, жұмыс процесі топтық талдау және бағалауы бар субтитрлі тапсырмаларды құруды қамтиды.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетелтілі

Курс атауы: Ауызша аударма тәжірибесі

Код: TRN4305 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл пән студенттердің аударма тапсырмаларын орындау және жоғарыда аталған міндеттерді шешудің жүйелі және рефлексивті тәсілін табу қабілетін және түсіну дағдыларын мен білімін нығайтуға бағытталған. Курс студенттерге өз күшін сынап көруге және алған білімдерін нақты кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыруға, белсенді тыңдау және талдау дағдыларын, есте сақтау қабілеті мен хабарды жеткізу тәсілін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Студенттерге аудио және бейне материалдардың көмегімен экономикалық, саяси, ғылыми, медициналық және басқа салаларда ілеспе және ізбе-із аударма тәжірибесін алу мүмкіндігі беріледі.

Пререквизиттер: Аудармаға кіріспе

Курс атауы: Жазбаша аударма тәжірибесі

Код: TRN3305 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл пән аударма саласындағы бірқатар мәселелерді анықтап, оларды шешу, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету мақсатында әзірленген және аударма кафедрасында бакалаврларды дайындаудың заманауи талаптарына толық жауап береді. Студенттердің өзіндік жұмысына бағытталған тапсырмалар түпнұсқа мәтінді (аударма алдындағы талдау) және мәтіннің соңғы нұсқасын (аудармалық талдау) талдау дағдыларын бекітуге, сонымен қатар жазбаша толыққанды аударманы жүзеге асыруға бағытталған.

Пререквизиттер: тілдің теориялық негіздері

Курс атауы: Кәсіби бағытталған шетел тілі

Код: TLNG3201 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Міндетті компоненттің бұл курсы негізгі шет тілін оқытудың келесі кезеңі ретінде «Аударма ісі» мамандығының бакалавриат студенттеріне арналған. Мәдениетаралық қарым-қатынас контексіндегі негізгі шетел тілінен басты айырмашылығы – болашақ мамандықтың ерекшеліктерін қарастыру. Курс аудармашы/аудармашы мамандығына қатысты тақырыптар бойынша рецептивтік және өнімді тілдік материалды арттыру және тереңдету арқылы студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетел тілі B1B2

Курс атауы: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі арнайы-бағытталған шетел тілі

Код: TLNG4213 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Курс студенттердің рецептивтік және өнімді тілдік материалды арттыру және тереңдету арқылы коммуникативті және кәсіби құзыреттерін нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, курс студенттерге Қазақстандағы және әлемнің басқа елдеріндегі, әсіресе оқылатын тіл еліндегі экономикалық, саяси және мәдени жағдайды салыстыруға мүмкіндік береді.

Пререквизиттер: Кәсіби бағытталған шетел тілі

Курс атауы: Кәсіби бағытталған аударма-ілгері деңгей

Код: TLNG4217 **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы: Бұл коммуникацияға бағытталған және кәсіби бағдарланған курс болып табылады. Курстың мақсаты студенттерді мұнай-газ саласындағы болашақ жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін болашақ аудармашыларға арналған әртүрлі құзыреттермен таныстыру болып табылады. Бұл курс қазіргі халықаралық жұмыс саласында студенттердің кәсіби қарым-қатынас жасауына ықпал етеді және оларды

болашақта кездесетін әртүрлі жағдайларға дайындайды.

Пререквизиттер: Жазбаша аударма тәжірибесі

Курс атауы: Аударма ісі бойынша арнайы курс

Код: TRN2210, TRN3215, TRN3314, TRN4309, **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы: Бұл курс инструкторлардың академиялық қызығушылықтары мен студенттердің жан-жақты мүдделеріне қатысты әртүрлі тақырыптарды қамтиды және басқа университеттердің курстарынан алынған сынақты қарастыру үшін негіз бола алады.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетелтілі B1B2

Курс атауы: Кәсіби Қазақ/Орыс тілі

Код: LNG2202 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы:

Бұл курс студенттердің кәсіби ой-өрісін кеңейту, болашақ мамандығының ерекшеліктерін терең білу арқылы мамандық тілін меңгертуге арналған. Оқу материалдары «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңы» сияқты қазақ, орыс тілдерін оқуға арналған жедел құжаттарға сәйкес ұсынылуы тиіс.

Пререквизиттер: Қазақ/ Орыс тілі B2

Курс атауы: Көркем аударманың тәжірибелік курсы

Код: TRN3307 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы:

Бұл пән студенттерді әдеби шығармалардың ағылшын тілінен орыс және қазақ тілдеріндегі аудармасымен таныстырады және аударма бағдарламасының бакалавриат студенттеріне арналған. Оқытылатын пәннің мақсаты мен міндеттері ағылшын және қазақ (орыс) тілдеріндегі көркем мәтіндерді түсіну және аудару дағдыларын қалыптастыруға бағытталған; ағылшын және қазақ (орыс) тілдері бойынша мәдени және тілдік қабілеттерін дамыту; көркем аудармаға қажетті техникалық және кәсіби аударма дағдыларын жетілдіру; ағылшын және қазақ (орыс) тілдерінің нормалары мен талаптарына сәйкес мәтінді құрастыру және өңдеуді меңгеру

Пререквизиттер: Мәдениет және Ұлыбритания қоғамы, Мнглия және Америка әдебиеті

Курс атауы: Техникалық аударма/Техникалық мәтіндерді аудару

Код: TRN3308 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл пән әртүрлі салалық бағыттағы техникалық мәтіндерді аударуға және алған білімдерін іс жүзінде жүзеге асыруға қажетті дағдыларды меңгеруге бағытталған. Пәннің негізгі міндеттері: техникалық мәтіндердің ағылшын немесе орыс/қазақ тілдеріне жазбаша аудармасын орындаудың негізгі дағдылары мен машықтарын дамыту; терминологиялық және басқа лингвистикалық ресурстармен жұмыс; аударма процесіне сыни көзқарасты дамыту.

Пререквизиттер: Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі негізгі шетелтілі

Курс атауы: Көшбасшылық

Код: MGT2303 **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы:

Курс жеке және мемлекеттік сектордағы ұйымдарда басқару мансаптарын жалғастыруды жоспарлайтын ынталы студенттерге бағытталған. Курс озық көшбасшылық тәжірибелер дәрістері мен таныстырылымдарынан біріктірілген құрылым ретінде үлгіленген. Сондай-ақ студенттерге атақты сала көшбасшыларының, билік органдарының және мемлекеттік сектор кәсіпорындарының кең ауқымды көрнекі тәжірибелері ұсынылады.

Пререквизиттер: Менеджмент

Курс атауы: Шешендік өнер

Код: TLNG3214 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттерге әртүрлі жағдайларда ауызша таныстырылым дайындау дағдыларын дамытуға арналған. Сондай-ақ тыңдау дағдыларын сыни тұрғыдан жетілдіреді. Бұл курс тәжірибеге бағытталған және көпшілік алдында анық және сенімді сөйлеуге үйретеді. Мақсаты студенттерге негізгі теориялық білімдер мен әдістерді беру. Нұсқаушы мен сыныптастары өз пікірлерін айтады.

Пререквизиттер: жоқ

Курс атауы: Елтану
Код: TLNG3214 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Курс Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияқоғамы, мәдениеті, әдебиеті, тарихының әртүрлі аспектілерін зерттейді. Бұл курс аясында студенттерге бірлескен ғылыми және шығармашылық жобаларға қатысуға бірегей мүмкіндік беріледі. Курсты аяқтағаннан кейін студенттер өздерінің сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын тәжірибеде қолдана алады.

Пререквизиттер: жоқ

Курс атауы: Халықаралық қатынас негіздері

Код: IRF2201 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттерді қалыптасқан халықаралық қатынастармен таныстырады және халықаралық қатынастарды зерттеуге теориялық көзқарас арқылы әлемдік саясат туралы нақты түсінік береді. Курс келесі тақырыптарды зерттеуге бағытталған, мысалы: халықаралық аренадағы жағдай, негізгі саяси ойыншылар, әлемдік ұйымдар және басқа институттар, аймақтық саясат және әлемдік, халықаралық экономиканы басқару мәселелері. Студенттер халықаралық қатынастардағы негізгі проблемаларды, олардың салдары мен халықаралық экономикалық және іскерлік қатынастардың дамуымен байланыстарын талдау, болжау дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер: жоқ

Курс атауы: Дипломатиялық хаттамалар және құжаттамалар

Код: IRF3302 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттерді дипломатиялық ережелермен, тарихпен, негізгі ұғымдар мен анықтамалармен, мақсаттармен және олардың қолданылуымен, соның ішінде дипломатиялық және іскерлік хат алмасумен, сондай-ақ дипломатиялық түрде жазылған құжаттардың әртүрлі түрлерімен таныстырады. Студенттер дипломатиялық салада білім, білік және дағдыларды меңгереді, сондай-ақ студенттер дипломатиялық хаттамалар мен

құжаттарды талқылауға және талдауға қатыса алады.

Пререквизиттер: Халықаралық қатынас негіздері

Курс атауы: Жобалау жұмысы

Код: IR4208 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл пән студенттер курс барысында өткен барлық материалдарды біріктіретін жобаны құруға арналған. Курс мыналарды қамтиды: зерттеу мақсаттарын тұжырымдау, әдебиеттерді талдау, мәліметтерді жинау, алынған білімді іске асыру және МО курсының бөлігі ретінде есеп беру. Семестрдің соңына қарай әрбір студент немесе студенттер тобы осы жобаны аяқтауы керек. Жұмыс студенттің нақты қазіргі жағдайда жобаларды басқару және дамыту қабілетін көрсетеді. Жобаның соңғы өнімі сонымен қатар Халықаралық қатынастар саласындағы қосымша мамандандыру бағдарламасы кезінде студенттің алған барлық дағдылары мен білімін көрсетуі керек.

Пререквизиттер: Халықаралық қатынас негіздері, Бизнес этика

Курс атауы: Дипломатиялық клуб (семинар)

Код: IR3310 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс халықаралық саясат, экономика, мәдениет және білім саласындағы практикалық білімді меңгеруге, сондай-ақ дипломатиялық ортада толеранттылық пен дипломатиялық этика сияқты мәдени дағдылар мен коммуникациялық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Студенттер Академиялық Дипломатиялық клубқа қатыса алады және экономика, саясат, мәдениет пен білім берудің әртүрлі мәселелерін талқылауда диалогтік алаңға белсенді қатыса алады.

Пререквизиттер: Халықаралық қатынас негіздері, Бизнес Этика

Курс атауы: Жахандану және халықаралық ұйымдар

Код: IR3303 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: Бұл курс студенттерді саясаттағы, экономикадағы және білімдегі жахандандудың негізгі

тенденцияларымен және салдарымен таныстырады. Студенттер Дүниежүзілік банк және Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да мамандандырылған агенттіктер сияқты ірі халықаралық ұйымдардың рөлі туралы білетін болады. Бұл курсты аяқтағаннан кейін студенттер жахандандудың болашақ дамуы мен әсерін болжауды үйренеді.

Пререквизиттер: Көшбасшылық

Курс атауы: Келіссөздер жүргізу және көпшілік дипломатиясы

Код: IR3204 **ECTS:** 5

Пәннің сипаттамасы: қоғамдық дипломатия мен келіссөздерде бейбітшілік пен қауіпсіздік, климаттың өзгеруі және халықаралық сауда сияқты жахандық және т.б. өзекті мәселелер, ең соңында, қоғамдық дипломатия рөлінің артуы және олардың халықаралық қатынастардағы шешімдері зерттеліп, студенттерге ұсынылады.

Пререквизитор: Халықаралық қатынастар негіздері

Курс атауы: Ұйымдастырушылық мінез-құлық

Код: MGT2201 **ECTS:** 5

Курс сипаттамасы: Ұйымдастырушылық мінез-құлық ұйымдағы адамдардың мінез-құлқын зерттейді және оның өнімділікке әсерін бағалайды. Ұйымдастырушылық мінез-құлық курсы нысан ретінде адам ресурстарын басқаруға бағытталған. Студенттің осы пәнді оқу нәтижелеріне негізделген негізгі құзыреттері: ұйымдағы жеке тұлғаның мінез-құлқының теориялық мәселелерін меңгеру, топтарды құру және олардың мінез-құлқын дамыту; компаниядағы ұйымдық мәдениеттің мәнін, «көшбасшылық» және «билік» арасындағы тепе-теңдікті, қақтығыстың ұйымға әсерін түсіну қабілеті; тұлғааралық және топ аралық қарым-қатынастарды басқару дағдылары және ұйымдастырушылық өзгерістер.

Пререквизиттер: талап етілмейді

«Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика» білім беру бағдарламасы үшін

Атауы: Базалық шет тілі II (A2-B1)

Код: BFL 1201

ECTS: 10

Сипаттамасы: Курс білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін грамматикалық, лексикалық құрылымды контекстілік талдауды қолданып зерттеу арқылы дамытуға бағытталған. Курс аясында білім алушылар практикалық тәжірибе арқылы жазылым, оқылым, айтылым және тыңдалым дағдыларын заманауи және түпнұсқа материалдар негізінде дамытады, сондай-ақ ағылшын тіліндегі жағдаяттық тілдік құрылымдарды коммуникацияның мақсаты мен функциясына орай қолдануды үйренеді. Курс соңында студенттер ағылшын тілінің B1 деңгейін толықтай меңгереді.

Пререквизит: Базалық шет тілі I (A1-A2)

Атауы: Базалық шет тілі III (B1-B2)

Код: BFL 1202

ECTS: 10

Сипаттамасы: Курс аясында студенттер ағылшын тіліндегі академиялық мәтіндерді оқуды, дәрістерді дұрыс қабылдауды және талдауды үйренеді. Білім алушылар эссе түрлерін жазуды; таныстырылым жұмыстарын жасап, оларды көпшілік алдында қорғауды үйренеді. Студенттер сыни ойлауларын дамытып, дәрістерді конспектілеуге және өздігінен оқуға бейімделеді. Курс соңында студенттер ағылшын тілінің B2 деңгейін толықтай меңгереді. Аталмыш пәннің пререквизиті Базалық шет тілі II (A2-B1) пәнін меңгеру болып табылады.

Пререквизит: Базалық шет тілі II (A2-B1)

Атауы: Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы

Код: GU 1104

ECTS: 5

Сипаттамасы: Курс барысында студенттер ағылшын тілінің грамматикалық ерекшеліктерін оқып, өз ойларын грамматикалық және стилистикалық

нормаларға сай сауатты жеткізуді үйренеді. Курс соңында алған теориялық білімдерін практикада қолдана алады.

Пререквизит: -

Атауы: Академиялық ағылшын тілі

Код: AE I 2203

ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс академиялық сөздік қордың дамуы мен толықтырылуына, академиялық мәтіндерді оқу (ғылыми-зерттеу жұмыстары), сондай-ақ эссе түрлерін (argumentative, problem-solution, comparison and contrast, cause and effect) жазу дағдыларын дамытуға бағытталған. Студенттер жұмыстарын академиялық адалдық ұстанымдарын ұстануға септігін тигізетін АРА стилінде рәсімдеуді үйретеді. (Пәнді оқу үшін ағылшын тілі B2 деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: Базалық шет тілі III (B1-B2)

Атауы: Тіл біліміне кіріспе (қазақ тілі)

Код: IL 1108

ECTS: 5

Анықтамасы: Аталмыш курс қазақ тілінің лингвистикасы туралы іргелі ақпаратты игертуге бағытталған. Білім алушылар тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис және лексика салаларымен танысады, сондай-ақ тілдің маңыздылығы және заманға сай өзектілігі сияқты мәселелерді зерделеу дағдыларын меңгереді. Жүйелі талдау тәсілдерін қолдана отырып, тілдің өзгеру құбылыстарын және олардың түрлену себептерін анықтайды.

Пререквизит: -

Атауы: Тіл біліміне кіріспе (ағылшын тілі)

Код: IL 2208

ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс ағылшын тілінің лингвистикасы туралы іргелі ақпаратты игертуге бағытталған. Білім алушылар тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис және лексика салаларымен танысады, сондай-ақ тілдің маңыздылығы және заманға сай өзектілігі сияқты мәселелерді зерделеу дағдыларын меңгереді. Жүйелі талдау тәсілдерін қолдана отырып, жазба тілдің

ерекшеліктерін, тілдің өзгеру құбылыстарын және олардың түрлену себептерін анықтайды. (Пәнді оқу үшін ағылшын тілі B2 деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: -

Атауы:Қазақ тілінің фонетикасы

Код: PKL 2205

ECTS: 5

Сипаттамасы:Курс барысында студенттер аймақтық айтылым материалдары негізінде қазақ тілінің фонетикасын, оның процестері мен құбылыстарын (дыбыстық заңдылықтар, фонологиялық сипаттамалар) зерделейді. Курс студенттердің фонетикалық талдау және фонологиялық сипаттама жасау дағдыларын меңгертуге бағытталған. Білім алушылар курс соңында графикалық жүйелердің қызмет ету ерекшеліктерін біліп, түсінетін болады.

Пререквизиты: Тіл біліміне кіріспе (қазақ тілі)

Атауы:Морфология, синтаксис және лексикология (қазақ тілі)

Код: MSLKL 2210

ECTS: 5

Сипаттамасы:Курс барысында қазақ тілінің морфологиялық, лексикалық және синтаксистік жүйенің ерекшеліктері оқытылады. Білім алушылар пәнді оқу кезінде алған теориялық білімдерін лингвистикалық талдау жасауда қолдана алады. Студенттер түрлі лексикалық және стилистикалық құралдарды орынды қолдану арқылы сауатты сөйлеуге үйренеді.

Пререквизит: -

Атауы:Функционалды грамматика

Код: IL 1109

ECTS: 5

Сипаттамасы:Аталмыш курс студенттердің қазақ тіліндегі функционалды грамматика ерекшеліктерін терең зерттеуге, тілдегі дәстүрлі қолданыстар мен қазіргі таңдағы қолданыстарды өзара салыстыра отырып, сыни ойлауларын дамытуға бағытталған. Білім алушы тілдегі грамматиканың өзгеруін зерттеу арқылы лингвистикалық талдау әдістерін меңгереді.

Пререквизит: Морфология, синтаксис, лексикология (қазақ тілі)

Атауы:Фонетика және фонология (Ағылшын тілі)

Код: PPEL 3212

ECTS: 5

Сипаттамасы:Аталмыш курс ағылшын тілінің фонемалар жіктелімін, буынға бөлуін, акцентологиясы мен просодиясын; тілдің фонетикалық сипаттамасы мен айтылымының аймақтық ерекшеліктерін қамтитын фонетика пәнін, оның мақсаты мен міндеттерін қарастырады. Курс барысында студенттер аналитикалық қабілеттерін дамытып, мәтіндегі сөздерге фонологиялық және фонетикалық талдау жасауды үйренеді. (Пәнді оқу үшін ағылшын тілі B2 деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: Тіл біліміне кіріспе (ағылшын тілі)

Атауы:Лексика, морфология және синтаксис (ағылшын тілі)

Код: MSLEL 2209

ECTS: 5

Сипаттамасы:Курс барысында ағылшын тілінің морфологиялық, лексикалық және синтаксистік жүйесінің ерекшеліктері оқытылады. Аталмыш курсты меңгеру студенттердің аналитикалық дағдыларын дамытып, мәтінді лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыда талдауға қажетті теориялық және практикалық білімдерін қалыптастырады. (Пәнді оқу үшін ағылшын тілі B2 деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: Тіл біліміне кіріспе (ағылшын тілі)

Атауы:Қазіргі әдеби процесс

Код: KL 2207

ECTS: 5

Сипаттамасы:Курс аясында студенттер қазақ ақын-жазушыларының туындыларымен, классикалық және заманауи шығармалардың тарихымен танысады. Курс студенттің сыни ойлауына, ой-өрісінің кеңеюіне, сөйлеу мәдениетінің дамуына септігін тигізеді.

Пререквизит: -

Атауы:Мәтін лингвистикасы (қазақ тілі)

Код: LT 2206

ECTS: 5

Сипаттамасы: Курс барысында білім алушылар түрлі стильде жазылған қазақ мәтіндерін грамматикалық, стилистикалық, функционалдық тұрғыдан талдау әдістемесін меңгереді. Алынған білім студенттің мәтіндегі негізгі ойды анықтауына, автордың сөз қолданысындағы ерекшеліктерді зерделеуіне көмектеседі. Сол арқылы білім алушы өзінің сөздік қорын, сыни ойлауын дамытаты.

Пререквизит: Фонетика казахского языка, Лексикология, морфология, синтаксис казахского языка

Атауы: Психоллингвистика

Код: PLing 4213

ECTS: 5

Сипаттамасы: Курс аясында білім алушы психоллингвистика саласындағы тіл мен ойдың байланысындағы ерекшеліктер жайлы теориялық білімді меңгереді. Студенттер шынайы коммуникация үдерісі барысында эмоционалды интеллектіні басқара отырып, тілдік амалдарды тиімді қолдануды үйренеді. Курс соңында кез келген коммуникативтік мақсаттарды адресат пен адресанттың психоллингвистикалық ерекшеліктерін талдау арқылы сәтті жүзеге асыра алады.

Пререквизит: Мәтін лингвистикасы (қазақ тілі)

Атауы: Әлеуметтік лингвистика

Код: SLing 4214

ECTS: 3

Сипаттамасы: Курс аясында тіл мен қоғамның байланысындағы ерекшеліктер, қазақ және ағылшын тілдеріндегі гендерлік, аумақтық, әлеуметтік және мәдени айырмашылықтар қарастырылады. Студенттер қоғамның тілдік мәселелерін талдап, әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізеді. (Пәнді оқу үшін ағылшын тілі B2 деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: -

Атауы: Мәдениетаралық коммуникация

Код: CCC 4215

ECTS: 5

Сипаттамасы: Мәдениетаралық коммуникация пәні жаһандану және

интернационалдандыру дәуірінде ерекше өзекті болып табылады. Курс барысында студенттер аталмыш курстың заманауи теорияларын құрайтын ұғымдық-категориялды аппаратты меңгереді. Олар әртүрлі мәдениет өкілдерінің тиімді қарым-қатынастарының тәсілдерін және олардың аспектілерін үйренеді. (Пәнге тіркелу үшін ағылшын тілі (B2) деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: Әлеуметтік лингвистика

Атауы: Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Код: CLIL 3234

ECTS: 5

Сипаттамасы: Курс аясында студенттер қазақ тілін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерімен танысып, білім алушылардың деңгейіне сай оқу-әдістемелік материалдарды сұрыптап, практикалық тапсырмаларды дайындауды үйренеді.

Пререквизит: -

Атауы: Қазақ тілін әдебиет арқылы оқыту

Код: TKLTL 2301

ECTS: 5

Сипаттамасы:

Курс барысында студенттер қазақ тілін әдеби шығармалар арқылы оқытудың креативті әдістемесін меңгеріп, инновациялық әдістерді және оқу үдерісін ұйымдастыруды оқиды, классикалық және заманауи шығармаларды пайдаланып оқу әдістемелерін жасауды үйренеді.

Пререквизит: Қазақ тілінің оқыту әдістемесі

Атауы: Терминология: теория және практика

Код: TTP 4310

ECTS: 5

Сипаттамасы: Бұл курс студенттерді "терминология" ұғымымен, оны аударма жасау, редакциялау және медиа хат барысында қолданудың теориялық және практикалық аспектілерімен таныстырады. Курс аясында студенттер түрлі сөздіктермен жұмыс істеуді, глоссарий құрастыруды үйренеді.

Пререквизит: Лексикология, морфология, синтаксис (қазақ тілі)

Атауы: Креативті жазылым

Код: CW 4312

ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс студенттердің медиа саласында жұмыс істеуіне қажетті креативті жазу дағдыларын дамытуға бағытталған. Курс барысында студенттер мақсатты аудиторияға байланысты мақала, рецензия, блог-жазба, аннотация, пресс-релиз секілді жазбаша мәтіндерді жазудың техникаларын меңгереді.

Пререквизит: -

Атауы: Корпустық лингвистика

Код: CL 4308

ECTS: 5

Сипаттамасы: Бұл курс ағылшын тілінің мәтіндік корпусын және оның лингвистикалық талдауда (графематикалық, лексика-грамматикалық деңгейде) қолданылуын зерттеуге бағытталған. Курс аясында студенттер Британия ұлттық корпусы секілді мамандандырылған іздестіру жүйелерін қолдану арқылы тілдік деректердің құрылымдалған жиымымен жұмыс істеуді үйренеді. (Пәнге тіркелу үшін ағылшын тілі (B2) деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: -

Атауы: Зерттеу әдістері I

Код: RM I 3302

ECTS: 6

Сипаттамасы: Аталмыш курс заттардың табиғатын терең тануға бағытталған және «неге?», «қалай?» деген сұрақтарға жауап беретін әлеуметтік зерттеулердің сапалы әдістерін оқуды қарастырады. Курс бағдарламасы сапалы ақпаратты жинақтауға қажетті негізгі құралдармен танысуды, оларды талдауды және нәтижені түсіндіруді қамтиды. Курс алған білімді тәжірибе жүзінде қолдануға және зерттеулер жүргізуде сыни ойлау дағдысын дамытуға мүмкіндік беретін тәжірибелік құрылымнан тұрады (Пәнді оқу үшін ағылшын тілі B2 деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: -

Атауы: Зерттеу әдістері II

Код: RM I 3303

ECTS: 5

Сипаттамасы: Аталмыш курс статистикалық талдау көмегімен өлшенетін үдерістер мен құбылыстардың эмпирикалық зерттеулері болып табылатын әлеуметтік зерттеулердің сандық әдістерін оқытады. Курс бағдарламасы зерттеу этикасын, сандық ақпаратты жинақтаудың негізгі амалдарын оқып білуді, сандық мәліметтерді статистикалық талдаудың түрлері мен нәтижелерді түсіндіруді қамтиды. Курстың алынған білімді іс жүзінде қолдана білуге және зерттеу нәтижелеріне сын тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретін практикалық құрамдас бөлігі бар. (Пәнді оқу үшін ағылшын тілі B2 деңгейінде меңгерілуі қажет).

Пререквизит: Зерттеу әдістері I

«Туризм» және «Қонақжайлылық» білім беру бағдарламалары үшін

Курстың атауы: Туризм негіздері
Коды: BTS 1108/2203 **ECTS:** 5
Курстың сипаттамасы: Курс студенттерді туризмнің даму тарихымен, оның экономикалық мәнімен және болашағымен таныстырады; оның аймақтық ұйымдастыру және туристік бағыттарды басқару негіздерімен қамтамасыз етеді. Бұл курсты оқу студенттерге туризмді экономиканың басым секторларының бірі, болашақ мамандығының пәні ретінде тұтас түсінуге мүмкіндік береді.

Пререквизиттер: қажет етпейді.

Курстың атауы: Қонақжайлылыққа кіріспе
Курстың атауы: Қонақжайлылыққа кіріспе және туризмнің тарихы
Коды: ІН 1109/2204 **ECTS:** 5
Курстың сипаттамасы: Бұл курс қонақжайлылық және туризм индустриясы, оның өсуі мен дамуы, сала сегменттері және олардың ерекше сипаттамалары, тенденциялары мен ағымдағы қиындықтарына шолу жасайды. Студенттер қонақжайлылықтың белгілі бір салаларында табысты болу үшін қажетті мансап мүмкіндіктерімен және жұмыс дағдыларымен танысады. Сондай-ақ ол қажылықтарды, Гранд-турды, теміржол және әуе қатынасын дамытуды және демалыс экономикасын қамтитын туризмнің тарихын қамтиды.

Пререквизиттер:

Курстың атауы: Халықаралық туризм географиясы
Коды: ITG 2205/2207 **ECTS:** 5
Курстың сипаттамасы: «Халықаралық туризм географиясы» курсы туризмнің дамуы мен көрінісінің әртүрлі контекстінде – мәдени, экологиялық, тарихи және саяси тұрғыдан қарастырады. Бұл курс елдер мен аймақтардың атақты туристік

бағыттарының қалыптасу механизмдерін зерттейді. Саяхат пен туризмнің кеңістіктік құрылымын әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде және әлемдегі негізгі салалардың бірі ретінде қарастырады; оның институционалдық ұйымдастырылуын, негізгі мотивацияларын және туристік ағымдарды зерттейді.

Пререквизиттер: Қонақжайлылыққа кіріспе

Курстың атауы: Туризм менеджменті
Коды: TMan 2207/08 **ECTS:** 5
Курстың атауы: Бұл курс терминологияға, демографияға, туризм мен саяхатқа экономикалық, әлеуметтік-мәдени және экологиялық ықпалдарға аса назар аударатырып, қазақстандық және шетелдік саяхат пен туризмге шолу жасайды; жаһандық контексте өнеркәсіпті басқару мәселелері қарастырады. Курс саяхат пен туризмнің барлық аспектілерін зерттейді - орналастыру, тамақтану, конгресстер мен көрмелерді ұйымдастыру және демалыс.

Пререквизиттер: Туризм негіздері

Курстың атауы: Туристік маркетинг
Коды: TMar 3213/14 **ECTS:** 5
Курстың сипаттамасы: Туризм маркетингі курсы саяхат және туризм индустриясына қолданылатын маркетингтік жүйелерді зерттейді. Туристік және саяхаттау маркетингтің негізгі концепциялары өнім мен қызмет көрсету маркетингіне ұқсас болғанымен, туризм индустриясының мүмкіндіктер ашатын және қиындықтар тудыратын өзіндік ерекше сипаттамалары бар - оны жүзеге асыру және шешу туристік маркетингтің кәсіпкерлер жауапкершілігіне жатады.

Пререквизиттер: Туризм негіздері

Курстың атауы: Эко және этнотуризм
Коды: EE 3221/22 **ECTS:** 5
Курстың атауы: Бұл курс студенттерді экотуризм ұғымымен және оның экономикалық, мәдени, қоршаған ортаға әсерімен таныстырады. Студенттер экотуризмді сатуға және басқаруға болатын

әдістерді, сондай-ақ оны дұрыс ұйымдастырудың мүмкіндіктері мен жағымсыз тұстарын үйренеді. Бұл курсты оқу арқылы студенттер туризмнің жаңа және перспективалы түрлерінің бірі – этнотуризм туралы да білім алады.

Курстың атауы: Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы

Коды: ТТАТТ 2217 **ECTS:** 5

Курс барысында студенттер туристік маршрутты құрастырудың практикалық дағдыларын меңгереді – олар велотурларды, жаяу серуендеуді, рафтингті, альпинизмді, атпен және жаяу серуендеу турларын және ашық турларды ұйымдастыру үшін кеңінен қолданылатын басқа да туристік іс-шараларды ұйымдастырудың техникасы мен техникасын меңгереді.

Пререквизиттер: Туризм негіздері

Атауы: Шет тілі I (A0,A1)

Коды: FL I 2208 **ECTS:** 10

Сипаттамасы: Бұл курс екінші шет тілін нөлдік деңгейде меңгерген студенттерге арналған. Мақсаты – шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту. Бұл курста студенттер күнделікті қарым-қатынасқа қажетті ең көп қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін үйренеді, сонымен қатар жалпы грамматикалық конструкцияларды меңгереді, сөйлеуді тыңдау арқылы қабылдай алады және сөйлесушілердің ескертулеріне дұрыс жауап береді.

Пререквизиттер: -

Атауы: Шет тілі II (A2)

Коды: FL II 2209 **ECTS:** 10

Сипаттамасы: Бұл курс оқу және көру дағдыларын қалыптастыруға, сонымен қатар ауызша және жазбаша сөйлеуді дамытуға бағытталған. Грамматикалық материал негізгі грамматикалық құбылыстарды қамтиды, оларды меңгеру тілде түсіндіріліп, мәтіндер мен әңгімелерді оқу үшін қажет.

Пререквизиттер: Шет тілі I (A0,A1)

Атауы: Шет тілі III (B1)

Коды: FL III 3210 **ECTS:** 5

Сипаттамасы: Бұл курс әлеуметтік-мәдени білім мен дағдыларын дамытуға әсер етеді. Курста заманауи лексиканың үлкен қоры бар. Сөйлесуге үйрету кезінде бұрыннан білетін айтылым дағдысын одан әрі жетілдіреді. Жазбаша жазуға үйретуде хат, эссе жазу қабілетін дамытуға мән береді.

Пререквизиттер: Шет тілі II (A2)

Атауы: Шет тілі IV (B2)

Коды: FL IV 3211 **ECTS:** 5

Сипаттамасы: Бұл курс студенттердің лингвистикалық және экстралингвистикалық білімдерін кеңейтуге, тілді түсіну аясын кеңейтуге, сөздік қорын байытуға, лексикалық және грамматикалық тақырыптар аясында ауызша және жазбаша сөйлеуді жетілдіруге бағытталған.

Пререквизиттер: Шет тілі III (B1)

Атауы: Шет тілі V (C1)

Коды: FL V 4212 **ECTS:** 5

Атауы: Бұл курс студенттердің академиялық жазылым, эссе жазу, презентация жазу және перифраздарды орындау сияқты дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл курста студенттер түпнұсқа аудио және бейне жазба материалдарды тыңдау және көру арқылы оқу, көру және тыңдау дағдыларын жетілдіре алады.

Пререквизиттер: Шет тілі IV (B2)

Курстың атауы: Экскурсия

Коды: TG 3302/3229 **ECTS:** 3

Курстың сипаттамасы: Экскурсия курсы қала ішінде және одан тыс жерде жаяу турларды жобалау және өткізу үшін қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған. Курс барысында студенттер зерттеу дағдыларын, интерпретациялау, сценарий жазу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын, сонымен қатар жаяу турды сәтті өткізу

үшін қажетті логистикалық бағдарлау дағдыларын дамытады. Курстың мазмұны экскурсиялық саяхат жүргізудің техникасы мен әдістерін зерттеуді қамтиды.

Пререквизиттер: Қонақжайлылыққа кіріспе

Курстың атауы: Ивент – менеджмент

Коды: EM 3303

ECTS: 5

Курстың сипаттамасы: Бұл пәнде Батыс және отандық компаниялардың «наследие» әлеуетін дамыту, жылжыту, бағалау және талдаудағы практикалық тәжірибесін зерттеу болып табылады. Курстың мазмұны келесі негізгі аспектілерді қамтиды: осы бағыттағы іс-шаралардың рөлін күшейту, мега-іс-шаралар типологиясы, іс-шаралардың стратегиялық ұлттық жоспарларына шолу, мега-іс-шаралардың нәтижелері мен «мұрасы», іс-шаралардың стратегиялық жоспары, іс-шараларды концептуалдау, оқиғаларды жобалық басқару, іске асыру және оның орындалуын бағалау.

Пререквизиттер: Қонақжайлылыққа кіріспе

Курстың атауы: Қонақ үй менеджменті

Коды: HRM 3301/4306

ECTS: 5

Курстың сипаттамасы: Курстың мақсаты – студенттерге қонақ үй индустриясының операциялық қызметінің негіздері туралы білім беру болып табылады. Қонақжайлылық менеджменті курсы қонақ үй әкімшілігінің, қаржының, маркетингтің, үй шаруашылығының, фронт-офистің, қоғамдық тамақтандыру және тамақтану қызметтерінің және заманауи қонақүйдің қосалқы қызметтерінің операциялық жүйелерін ашуға бағытталған.

Пререквизиттер: Қонақжайлылыққа кіріспе және туризмнің тарихы

Курстың атауы: Қонақ үйдегі операциялық қызмет

Коды: HLO 3305/3314

ECTS: 5

Курстың сипаттамасы: Курс студенттерді қонақ үйлер, мотельдер, В&В қонақ үйлері, киіз үй «қалалар», курорттық қонақ үйлер және басқа да заманауи қызмет түрлерінің ерекшеліктерімен таныстырады. Операциялық ерекшеліктері мен тұтынушыға бағытталған қызмет көрсетуді ұйымдастырумен қатар курс келесі аспектілерді қамтиды: маркетинг және бренд тұжырымдамасын құру мәселелері, персоналды оқыту бағдарламаларын қалай ұйымдастыру керек, энергия үнемдейтін технологиялар мен инновацияларды қалай енгізу керек, қалай үлкен бәсекелестіктің ортасында жұмыс істеу және көшбасшылықты қалай құру керек.

Пререквизиттер: Қонақ үй менеджменті

Курстың атауы: Көркем өнер және мұражай менеджменті

Коды: АММ 4312/4315 **ECTS:** 5


Әлеуметтану

Курс кіріспе, пропедевтикалық сипатта. Оның мақсаты – студенттерді әлеуметтанудың негізгі принциптері мен қарапайым ұғымдарымен таныстыру, оларда қоғам мен оның ішкі жүйелерін зерттеудің кейбір негізгі теориялық тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру, оларға әлеуметтанулық ойлау дағдыларын қалыптастыру, фактілер мен оқиғаларды әлеуметтік ғылым тұрғысынан талдау қабілетін дамыту.

Пререквизиттер: ***

Психологиядағы сапалы зерттеу әдістері

Бұл курс заттардың «неге?» және «қалай?» сұрақтарына жауап беретін олардың терең табиғатын зерттеуге, сапалы психологиялық және әлеуметтік әдістерді зерделеуге бағытталған. Курс бағдарламасы сапалы ақпарат жинаудың негізгі құралдарымен танысуды, сапалы деректерді талдауды және нәтижелерді түсіндіруді қамтиды. Сондай-ақ, курстың тәжірибелік құрамдас бөлігі бар, ол алынған білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Пререквизиттер: ***

Психологиялық практиканың құқықтық және этикалық негіздері

Курс психологиялық қызмет саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуге бағытталған; психологиялық араласудың этикалық негіздерінің пікірталас мәселелерін шешуге бағытталған. Пәнді меңгеру тәжірибелік кейстерді (case-study) талқылаумен, сот практикасын талдаумен, студенттермен өзара іс-қимылдың иммерсиялық нысандарымен және кәсіби психологиялық қызметтің

құқықтық және этикалық жағының шектеулері, қайшылықтары мен ерекшеліктері туралы жемісті пікірталастармен қатар жүреді. Пәнді игеру нәтижесінде студенттерде жоғары деңгейлі құқықтық сана, жауапты азаматтық кәсіби ұстаным және іс жүзіндегі қызметтегі этикалық және құндылық бағдарлары қалыптасады.

Пререквизиттер: - ***

Агрессия психологиясы

Бұл курс агрессия мен зорлық-зомбылықтың әртүрлі формалары мен факторларын егжей-тегжейлі зерттеуге арналған. Курс барысында агрессиялық мінез-құлықтың негізгі өзекті теориялары, заманауи зерттеулері мен тәжірибелер, адамның агрессиялық мінез-құлқының даму ерекшеліктері, агрессияның жағдаяттық факторлары, нақты адамдар мен топтар арасындағы өзара іс-қимылдағы агрессияның ерекшеліктері, терроризм мен жаппай зорлық-зомбылық, сондай-ақ агрессияны жеке және қоғамдық деңгейде азайту тәсілдері қозғалады.

Пререквизиттер: - Жалпы психология

Ынталандыру мен эмоция психологиясы

Курс психологиямен танысуды бастаған студенттерді адам психикасының жалпы негіздерімен, осы саладағы зерттеулердің тарихымен, әдіснамасымен, қазіргі жағдайымен және құрылымымен таныстырады. Курстың ерекшелігі – ынталандыру, өзін-өзі реттеу және эмоциялар процестерінің бірыңғай түсіндірме шеңберіндегі, сондай-ақ шетелдік және отандық зерттеулердің үйлесуі. Пән студенттерде тұлғаның эмоционалды және ынталандыру – қажеттілік салалары, жеке ерекшеліктері, олардың дамуы мен бұзылу заңдылықтары туралы идеялар жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ адамның эмоционалды және ынталандыру ерекшеліктерін, эмпирикалық зерттеу дағдыларын игеруге бағытталған.

Пререквизиттер: Жалпы психология

Қызмет және қабілеттер психологиясы

Пән бағдарламасы іс-әрекеттің психологиялық құрылымының ең танымал және ықпалды отандық және шетелдік үлгілерін, жалпы және арнайы қабілеттердің дәстүрлі тестологиялық, тәжірибелік-психологиялық және танымдық теорияларын, сондай-ақ іс-әрекетті психологиялық талдаудың заманауи құралдарын және қабілеттердің психодиагностикасын қамтиды. Осы бағдарламаның оқу белсенділігі нысандарының мазмұны студенттің кәсіби қызметіндегі іс жүзіндегі міндеттерді шешуге дайындығын қалыптастыруға бағытталған, атап айтқанда: психологиялық қасиеттері мен жағдайларын, психикалық процестердің сипаттамаларын, жеке адамдар мен топтардың әртүрлі іс-әрекеттерін талдауды жүзеге асыру, психикалық жағдайларды оңтайландыру және өзара әрекеттесу формаларын ұйымдастыру үшін диагностика мен әсер етудің стандартты әдістерін қолдану.

Пререквизиттер: Тұлға психологиясы және жеке айырмашылықтар

Когнитивті нейроғылым

Когнитивті нейроғылым – бұл пәнаралық білім саласы. Нейровизуализация әдістерін қолдана отырып, когнитивті нейроғылым таным мен байланыс процестерінің мидың ұйымдасуын зерттейді. Ол мидың есте сақтау, зейін, қабылдау, сөйлеу, ойлау, эмоция, ынталандыру, шешім қабылдау сияқты психикалық функцияларды қалай қамтамасыз етеді деген сұраққа жауап беруге тырысады, сонымен қатар әртүрлі контексттердің танымдық процестерге әсері. «Когнитивті нейроғылым» курсының мақсаты – студенттерді мидың белсенділігі мен жоғары психикалық функциялардың өзара байланысы туралы классикалық тұжырымдамалармен және жаңашыл идеялармен, осы саладағы соңғы зерттеулердің нәтижелерімен, сондай-ақ психофизиологиялық тәжірибелердің ұстанымдары мен әдістерімен таныстыру.

Пререквизиттер: Когнитивті психология

Әлеуметтік таным психологиясы

Курс басқа адамдар мен әлеуметтік жағдайлар туралы ақпаратты алу, кодтау, сақтау, қалпына келтіру және пайдалану процесін зерттейтін әлеуметтік психологияның бөлігі болып табылады. Бұл – психологиялық сипаттама (көңіл-күй, аттитюдтер, психологиялық қорғау) және әлеуметтік (әлеуметтік консенсус, әлеуметтік құндылықтар) осы процестің детерминанты. Әлеуметтік таным психологиясы адамдар басқалардың мінез-құлқының мағынасын және өздерін қалай түсінетінін, яғни олардың әлеуметтік өзара әрекеттесудегі рөлін білдіреді. Әлеуметтік танымның нәтижесі ретінде адамдар әлеуметтік әлемнің бейнесін және оның элементтерін (жеке тұлғаларды, топтарды, қауымдастықтарды) және әлеуметтік институттардың (отбасы, мектеп, БАҚ, шіркеу) рөлін түсінуді қалыптастырады.

Пререквизиттер: Әлеуметтік психология

Кросс-мәдени және этникалық психология

Бұл курста жалпы психология, тұлға психологиясы және әлеуметтік психология теорияларын танымдық процестерді, жеке дамуды, тұлғааралық және топтар арасындағы қарым-қатынасты мәдени контекстті ескере отырып талдауға қолдану қарастырылады. Зерттеу жүргізу және әртүрлі мәдениеттерде тәжірибеге бағдарланған жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларды игеруге ерекше назар аударылады. Курс дәрістерді, заманауи зерттеулердің нәтижелерін топтық талқылауды және студенттердің практикалық дағдыларымен жұмыс істеуін қамтиды. Курстың негізгі бөлімдері: Этникалық және кросс-мәдени психологияның ғылыми білім жүйесіндегі орны; Этникалық және кросс-мәдени психология; Мәдениет және психикалық танымдық процестер; Мәдениет және

тұлға; Тұлға әлеуметтенуінің этникалық факторлары; Этникалық топтардың психологиялық мәдени ерекшеліктеріне байланысты қарым-қатынас жағдаяттарындағы факторлар; Әртүрлі этникалық және мәдени контексттегі қарым-қатынас; Көші-қон психологиясы және мигранттар мен этникалық аз топтармен іс жүзіндегі жұмыс ерекшеліктері.

Пререквизиттер: Жалпы психология, Тұлға психологиясы, Әлеуметтік психология

Психологиядағы сандық әдістер

Курс қолданбалы психологиялық зерттеулерде қолданылатын ықтималдық теориясы мен математикалық статистиканың негізгі ұғымдары мен тәсілдерімен танысуға арналған. Курстың міндеттері сонымен қатар студенттерді SPSS статистикалық пакетінде компьютердегі деректерді талдаудың негізгі әдістерімен және алгоритмдерімен таныстыруды қамтиды. Курсты игеру үшін мектептегі математика курсынан алынған білім мен дағдылар жеткілікті. Курстың мақсаты психологиялық тәжірибелердің деректерін жоспарлау және өңдеу үшін ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика негіздерін меңгеру болып табылады; SPSS компьютерлік бағдарламасын қолдана отырып, эксперименттік мәліметтерді өңдеудің қарапайым тәжірибелік дағдыларын игеру.

Пререквизиттер: - ***

Психоталдау

Пәнді игерудің негізгі мақсаты қазіргі психоталдаудың негізгі теориялық және тәжірибелік мәселелері туралы түсініктерді студенттерде қалыптастыру болып табылады. Оқу пәнін меңгеру үшін студенттер негізгі заманауи психоаналитикалық мектептер туралы түсінікке ие болуы керек; Қазақстандағы және шетелдегі психоталдаудың даму үрдістерін түсінуі керек; қазіргі психоталдаушылық тәжірибенің мәселелері мен міндеттерін түсінуі керек.

Пререквизиттер: - Тұлға психологиясы

Коммуникация психологиясы

Осы курс аясында біз адамдардың ақпаратпен қалай алмасатындығы, соның ішінде қарым-қатынастың ауызша және вербальды емес жақтарының ерекшеліктері, топтық шешімдер қабылдау және жолда қандай қиындықтарға тап болғанымыз туралы сөйлесетін боламыз. Қарым-қатынас психологиясын және ашық зерттеу мәселелерін зерттеудің негізгі теориялық тәсілдері туралы түсінік қалыптастыра отырып, студенттер нақты коммуникативтік жағдайларды талдау үшін қолданыстағы үлгілер мен тәсілдерді пайдалануды үйренеді. Курс онлайн дәрістер мен қосымша материалдарды: көркем фильмдерден үзінділер, сарапшылармен сұхбат, жеке әлеуметтік-психологиялық тәжірибелердің сипаттамасын қамтиды. Семинарларда негізгі тақырыптарды талқылау, кейстер мен квиздерді шешу, сендіргіш хабарламалар бағдарламасын әзірлеу өтеді.

Пререквизит: Әлеуметтік психология

Эргономика және юзабилити

Эргономика және юзабилити – психологтың практикалық қызметінің маңызды бағыттарының бірі. «Юзабилити» (ыңғайлылық) ұғымы пайдалану ыңғайлылығы тұрғысынан әртүрлі нысандар мен қызмет құралдарын жақсартуға бағытталған жұмыс бағытын білдіреді. Мысалы, ыңғайлылықтың мақсаты ең тәжірибесіз пайдаланушы үшін ыңғайлы, қарапайым және түсінікті сайт құру болуы мүмкін. Осы курс шеңберінде эргономика және юзабилити саласындағы негізгі ұғымдар қаралатын болады. Бұдан басқа, юзабилити -маманның жұмысының: ыңғайлылықты тестілеуі, пайдаланушыларды жаппай сұрау, карталарды сұрыптау, веб-талдау негіздері сияқты негізгі әдістері талданады.

Пререквизит: Әлеуметтік психология

Қақтығыстарды басқару

Осы пән аясында студенттер саяси қақтығыстың қиындықтары мен феноменологиясы туралы теориялық шолумен танысады, жанжал жағдайындағы адамдардың өзара әрекеттесуін зерттейді, қақтығыстарды шешудің келіссөздер үлгілерін, сондай-ақ саяси қақтығыстар туындаған және шешілген кезде психологиялық көмек көрсету теориясы мен тәжірибесін игереді. Пәнді игерудің мақсаты – студенттерде шиеленістік мәселелер, осы пән саласындағы жұмыс ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру. Одан өзге, пәннің мақсаты әртүрлі салалардағы, соның ішінде саяси және этникалық қақтығыстар саласындағы жанжалдарды психологиялық талдау және басқару дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Пререквизит: Әлеуметтік психология

Персоналды іріктеу технологиялары

Нарықтық экономика жағдайында ұйымның бәсекелестік артықшылықтары өндірістік технологиялық факторлармен де, ұйымда жұмыс істейтін адамдармен жұмыс сапасымен де қамтамасыз етіледі. Ұйымдағы қызметкерлермен жұмыстың бастапқы кезеңі – компанияның миссиясына, мақсаттары мен ұйымдастырушылық міндеттеріне негізделген қызметкерлерді таңдау және бағалау. Осы курс шеңберінде мынадай мәселелер қарастырылды: персоналды іріктеу тиімділігін экономикалық бағалау, персоналды іріктеу жүйесін құруға классикалық (ЗФТ) және құзыретті тәсілдер, құзыреттер моделін әзірлеу кезеңдері, персоналды бағалау әдістерінің валидтілігі мен сенімділігі, персоналды бағалаудағы сұхбат түрлері (өмірбаяндық, құзыреттілік, ситуациялық, панельдік), персоналды бағалауға арналған тестілерді әзірлеу қағидаттары, персоналды сараптамалық бағалау әдісі ретінде іскерлік және рөлдік ойындар, персоналды бағалау орталығының стандарттары,

персоналды іріктеу және бағалаудың құқықтық және этикалық нормалары.

Пререквизит: Әлеуметтік психология

Персоналды оқыту және дамыту

Бағдарламаны зерделей отырып, студенттер менеджерлерді қоса алғанда, қызметкерлердің әртүрлі санаттары үшін оқытудың ұйымдастырушылық жүйесін құрудың және дамытудың нысандары мен әдістерімен; дамымайтын (ынталандыру, стратегиялық ойлау, көшбасшылық және т.б.) даму ұстанымдарымен; оқуға деген қажеттілікті айқындау, өзін-өзі оқытатын ұйым құру тәсілдерімен, қазіргі динамикалық сыртқы ортаның преадаптивті жағдайларымен; оқытудың заманауи сандық технологияларымен танысады.

Пререквизит: Тұлға психологиясы

Индустриалды-ұйымдастырушылық психология

Пәнді меңгерудің мақсаты: студенттерді ұйымдастырушылық психологтың практикалық қызметінің теориялық негіздерімен таныстыру; студенттерді ынталандыру, басқару және көшбасшылықтың негізгі теорияларымен, басқарушылық шешімдер қабылдау әдістерімен таныстыру. Курс барысында студенттер ұйымдағы еңбек қызметі мен адам мінез-құлқын талдаудың негізгі категорияларымен, ұғымдарымен және зерттеу мәселелерімен; жұмыс орнындағы адам мінез-құлқының заңдылықтарымен, сондай-ақ ұйымдағы әлеуметтік-психологиялық процестерді диагностикалау мен басқарудың психологиялық аспектілерімен танысады.

Пререквизит: Тұлға психологиясы

Жеке кеңес беру техникасы

Оқу пәні студенттердің жеке психологиялық кеңес берудің негізгі ұстанымдары мен теориялық тәсілдерін терең меңгеруіне, психологиялық кеңес

беру әдістері туралы идеяларды кеңейтуге бағытталған, сонымен қатар психологтың жұмысына қажетті негізгі кеңес беру дағдыларын қалыптастыруда негіз болып табылады.

Пререквизит: Когнитивті психология. Тұлға психологиясы. Зерттеу әдістері.

Топтық кеңес беруге кіріспе

Пән студентті топтық психологиялық кеңес беру саласына бағыттайды және пән туралы негізгі түсініктерді қалыптастырады, оқу бітіргеннен кейін болашақта психологиялық топтардың жетекшілігіне мамандануына негіз дайындайды.

Пререквизит: Когнитивті психология. Тұлға психологиясы. Зерттеу әдістері.

Персоналды бағалау әдістері

Пән студенттерді іріктеу және персоналды дамыту кезінде қызметкерлерді бағалау әдістерімен таныстырады. Практикаға бағытталған сабақтар барысында студенттер бағалаудың ортасы, 360-тық бағалау, жағдаяттық тестілер, құзыреттіліктер бойынша сұхбат және т.б. сияқты әдістерді әзірлеуді және қолдануды үйренеді. Пәнді игерудің мақсаты студенттердің персоналды бағалаудың негізгі тұжырымдамаларын және осы қызмет саласының құралдары туралы түсініктерін игеру болып табылады.

Пререквизиттер: Индустриалды-ұйымдастырушылық психология

Психотерапия

Курс барысында терапевтік және кеңес берушілік психологиямен байланысты мәселелер талданады. Курс психотерапиялық тәсілдерді, психотерапияны зерттеудегі үлгілерді қарастырады. Психотерапиялық кеңес берудің ең маңызды әдістері ұсынылған. Курстың мақсаты психотерапия ұғымын медициналық-психологиялық пән ретінде қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы ауытқулардың алдын-алу

және түзету, жеке, тұлғааралық, отбасылық және басқа да мәселелердің алдын-алу және түзету үшін психотерапиялық әдістер мен әдістерді қолдану дағдыларын дамыту.

Пререквизиттер: Әлеуметтік психология, Тұлға психологиясы

Психологиялық кеңес берудің негізгі тәсілдері

Оқу пәнін меңгеру үшін студенттер келесі білім мен құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс: жалпы психология негіздерін білуі тиіс; ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысы, оның ішінде - ЖОО-ның электрондық ресурстары болуы тиіс; эссе, үй тапсырмаларын жазу дағдысы болуы тиіс.

Пререквизиттер: Жалпы психология

Бұқаралық коммуникация психологиясы

Пәнді меңгеру нәтижесінде студент: БК зерттеуінің негізгі теориялық тәсілдері мен әдістерін; БК әсер ету механизмдерін және осы процеске әсер ететін факторларды білуі; психологиялық заңдылықтар мен әсерлер тұрғысынан бұқаралық коммуникация хабарламаларының психологиялық мазмұнын талдай білуі; аудиторияға бұқаралық коммуникация хабарламаларының психологиялық әсер ету тиімділігін талдауды жүзеге асыру дағдысы (тәжірибе жинақтауы) болуы тиіс.

Пререквизиттер: Жалпы психология

Психологиялық практикум: коучинг

Курс жеке коучинг дағдыларын меңгергісі келетін студенттерге арналған. Оқу пәнін меңгеру үшін студенттер қарым-қатынас орнату,

қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-психологиялық тетіктері мен техникаларын білуі керек; қарым-қатынас сипатына әсер етуі мүмкін жеке ерекшеліктерін білуі керек (темперамент түрлері, мінез, тұлғаның бағыты, мінез акцентуациясы және т.б.), мақсат қоюдың, шешім қабылдаудың, іс-әрекетті жоспарлаудың, мотивациялық процестердің психологиялық тетіктерін білуі керек. Курсқа жеке коучинг кезеңдері, коучинг технологиясы: коучингтегі ынталандырумен және құндылықтармен жұмыс, коучингтегі қарсылықпен жұмыс, қорытынды және коучингтің аяқталуы сияқты бөлімдер кіреді

Пререквизиттер: Тұлға психологиясы, ынталандыру психологиясы, қабілеттер психологиясы

Балалар мен ата-аналарға психологиялық көмек, Отбасылық кеңес беру

Пән студенттерді балалармен және олардың ата-аналарымен (ресми өкілдермен және басқа мамандармен) жұмыс істейтін психологтың негізгі қызмет түрлерімен таныстыруға, сондай-ақ әртүрлі жастағы балалармен өзара әрекеттесу әдістемелерімен танысуға бағытталған. Пәннің мақсаты студенттердің отбасылық кеңес беру теориясы мен практикасы саласындағы базалық білімді меңгеруі болып табылады; жүйелік ойлау негіздерін, негізгі теориялық білімді және отбасылық кеңесшінің практикалық дағдыларын отбасымен әлеуметтік және консультативтік жұмыс үшін, сондай-ақ маманның отбасымен практикалық психотерапиялық жұмыс дағдыларын одан әрі дамыту және жетілдіру үшін қажетті негіз ретінде игеру.

Пререквизиттер: Жалпы психология, Әлеуметтік психология

10-БӨЛІМ.ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ

Осы Саясат бакалавриаттың мынадай бағдарламалары үшін кәсіби тағылымдаманың мақсаттарын, шарттарын, мазмұнын және нәтижелерін айқындайды: Қолданбалы лингвистика, Аударма ісі, Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика, Туризм және Қонақжайлылық. Кәсіптік практика студенттердің таңдаған мамандығы бойынша дағдыларды игеруіне бағытталған. Практика білім беру және зерттеу жобаларын іске асыру арқылы кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған. Кәсіптік практика оқу-танысу практикасынан, өндірістік және дип-ломалдыпрактикадан тұрады. Кәсіптік практиканың ұзақтығы мен кезеңі оқу жоспарымен және оқу процесінің кестесімен айқындалады.

Практиканың түрлері, мақсаттары, міндеттері және ұйымдастырылуы.

1 Оқу-таныстыру практикасы

Оқу-танысу тәжірибесінің негізгі мақсаты-мансаптық жоспарды қалыптастыру, сондай-ақ болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын негізгі практикалық дағдылар мен іскерліктерді дамыту.

Оқу-таныстыру практикасының міндеттері:

- мамандық бойынша кәсіби қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерттеу;

- кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын дағдыларды анықтау;
- кәсіби дағдыларды дамытудың мансаптық жоспарын құру;
- әр түрлі ақпарат көздерімен зерттеу дағдыларын игеру.

Оқу практикасын аяқтағаннан кейін студент келесі нәтижелерге қол жеткізеді деп болжанады:

- мамандыққа қатысты әр түрлі лауазымдардың функциялары мен міндеттерін ажырата біледі;
- белгілі бір лауазымға қажетті дағдылар туралы, сондай-ақ осы дағдыларды дамыту жоспары туралы түсінікке ие болады.

Оқу-таныстыру практикасын ұйымдастыру:

Оқу таныстыру практикасы 1-курстың 2-семестрі аяқталғаннан кейін 2 апта бойына өткізіледі. Оқу-таныстыру практикасына жетекшілік етуді практика

үйлестірушісі жүзеге асырады. Практиканы үйлестіруші практика бағдарламасын әзірлейді, жұмыстардың орындалу мерзімін белгілейді, студенттерге практика бойына кеңес береді, сонымен бірге жұмыс нәтижелерін бағалайды.

2. Өндірістік практика

Өндірістік практика білім алу үдерісінде алынған білімді кәсіби қызметте қолдана білуге бағытталған.

Өндірістік практика нәтижелері бойынша студенттер:

1. Білім алу кезінде алған теориялық білімдерін жүйелейді.
2. Мамандықтың стандарттарына сай қажетті кәсіби машықтарды қолдана біледі.
3. Құзыреттерді кәсіби табысқа қол жеткізу үшін қолдана алады.

Өндірістік практиканы ұйымдастыру:

Өндірістік практика 3-курстың 6-семестрінде 2 апта бойы өткізіледі. Өндірістік практикаға жетекшілік жасауды практика үйлестірушісі жүзеге асырады. Практика үйлестірушісімен бірге студент практика бағдарламасын әзірлеп, әрі оны орындау мерзімдерін белгілейді.

Студент белгіленген мерзімде «Өндірістік практиканы өту бойынша өтініш» толтырады. Студентпен практиканы өту мекемесін таңдауынан кейін ЖГМ мен студент, мекеме өкілі мен Практика үйлестірушісі арасында шарттар даярланып, оларға қол қойылады.

Өндірістік практика нәтижелері:

- Кәсіби ортада теориялық және практикалық білімді қолдану;
- Қызметтік міндеттерді түсіну және кәсіби салада тәжірибе жинақтау;
- Мамандыққа қатысты негізгі талаптарды түсіну;
- Оқу қызметінің кәсіби мақсаттары мен нәтижелерін жинақтап қорыту;
- Кәсіби бағытта өсуі үшін жаңа салаларды анықтау және іздестіру машықтарын дамыту;
- Тындай білу, сынды қабылдай алу және кері байланысты қолдана білу сияқты коммуникациялық қабілеттерді дамыту.

3. Дипломалды практика

Дипломалды тәжірибе теориялық білімді практикада қолдануға бағытталған.

Дипломалды тәжірибе нәтижелері бойынша студенттер:

1. мамандық бойынша кәсіби дағдылар алады.
2. теориялық білімді өз бетінше қолдану дағдыларын дамытады.
3. нақты кәсіби қызметтің мазмұнын түсінуді дамытады.

Дипломалды практиканы ұйымдастыру:

Дипломалды практика 4-курстың 8-семестрінде 2 ай бойы өткізіледі. Практикаға басшылықты үйлестіруші жүзеге асырады, онымен бірге студент практика бағдарламасын әзірлейді және жұмыс мерзімін белгілейді.

Студент белгіленген мерзімде «Кәсіптік практиканы өту бойынша өтініш» толтырады. Студент практиканы өту мекемесін таңдағаннан кейін ЖГМ-мен, студентпен, мекеме өкілімен, практика үйлестірушісімен шарттар даярланып, оларға қол қойылады.

Дипломалды практика нәтижелері:

- Кәсіби ортада теориялық және практикалық білімді қолдану;
- Қызметтік міндеттерді түсіну және кәсіби салада тәжірибе жинақтау;
- Оқу қызметінің кәсіби мақсаттары мен нәтижелерін жинақтап қорыту;
- Кәсіби бағытта өсуі үшін жаңа салаларды анықтау және іздестіру машықтарын дамыту;

Практикадан босатылу

Бағдарлама бейініне сәйкес келетін ұйымдарда қызмет атқаратын студенттер практикадан босатылуы мүмкін. Практикадан босату және кредиттерді қайта есептеу үшін студент келесі құжаттарды қоса отырып, ЖГМ академиялық сапа комитетіне өтініш жазуы керек:

- еңбек шартының көшірмесі;
- "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" ААҚ ("БЖЗҚ" ААҚ) соңғы айда зейнетақы жарналарының бар-жоғы туралы анықтамасы;
- қызметтік жағдайын растайтын анықтама;
- кадр жөніндегі менеджердің немесе ұйым басшысының мөрімен және қолымен расталған лауазымдық нұсқаулықтардың көшірмесі.

Тәжірибе үйлестірушісі еңбек қатынастарының жарамдылығын, сондай-ақ студент көрсеткен функционалдылықтың орындалуын тексереді.

Өтінімді ЖГМ ААҚ қарастырғаннан кейін, оң шешім қабылданған жағдайда студентке "өте жақсы" (100 балл) бағасы қойылады.

Студенттердің құқықтары мен міндеттері

- Практика бойынша сұрақтар туындаған жағдайда студент практика үйлестірушісімен байланыса алады;
- Студент практика бағдарламасында белгіленген мерзімде барлық жұмыс түрлерін орындауға міндетті;
- Студент практика бағдарламасында көзделген тапсырмаларды тиісінше орындамаған жағдайда қанағаттанарлықсыз баға алады;
- Студенттер практика өтетін ұйым мен ЖОО-ның ішкі тәртіп ережелерін сақтауы тиіс;
- Студенттер кітапхана мен барлық қажетті оқу құралдарын пайдалануға құқылы.

Практика үйлестірушісінің міндеттері

- практика бағдарламасын әзірлеу және оның орындалуын бақылау;
- практика бағдарламасында қарастырылған іс-әрекеттерді орындау;
- студенттермен ұйымдастырушылық және оқу кездесулерін өткізу, оларды практиканың мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру;
- ұйымда практикаға студенттерді қабылдауды бақылау;
- ұйымнан практика үйлестірушісімен байланыс орнату және практиканың жеке күнтізбелік жоспарларын түзету;
- компаниядағы студенттердің жұмысын ұйымдастыруды бақылау;
- практика барысын бақылау, студенттерге кеңес беру;
- практика бағдарламасының орындалуын, күнделіктердің, есептердің жай-күйін және олардың орындалу сапасын тексеру;
- студенттерге бағдарламаны меңгеруге, жеке тапсырмаларды орындауға және практикадан өту туралы есептерді құрастыруға көмектесу.

11-БӨЛІМ. ТІЛДІК КУРСТАР KAZGUU Language Learning and Certification Centre

KAZGUU Language Learning and Certification Centre «M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ жанындағы тілдік орталық болып табылады. Біздің негізгі қызметіміз – жоғары білікті оқытушыларды тарту арқылы кәсіби тілдік даярлық өткізу. Біз қазақ/орыс/ағылшын тілдері бойынша өз деңгейін арттыруға ниет еткен барша азаматтарға курстар ұсынамыз.

Орталықта бастауыш және жалғастырушы тілдік топтарға арналған келесі бағдарламалар бар:

➤ Ағылшын тілі

General English course тілді нәтижелі меңгеру үшін қажетті негізгі дағдыларды дамытуға бағытталған ағылшын тілін кезеңдеп (біртіндеп) (Elementary деңгейінен Advanced деңгейіне дейін) оқытуды қамтиды. Барлық ниет білдірушілер бар-жоғы 3-4 айға созылатын курс барысында сөздік қорын едәуір толықтыра алады және өз ойларын ауызша да, жазбаша да сенімді түрде айтуды үйренеді.

КЕРТ – КАЗГЮУ университетіндегі ағылшын тілінен қабылдау емтиханына даярлану үшін арналған 3 апталық қарқынды курс. Жазғы демалыс кезеңінде өту ұсынылады. Бұл курста тыңдаушылар осы емтиханды тапсыру форматымен танысады, эссе жазуды үйренеді және қосымша тыңдау, оқу және сөйлеу дағдыларын дамытады.

Pre-IELTS Intensive Course Elementary/Pre-Intermediate деңгейіндегі IELTS халықаралық емтиханын тапсыруға дайындықтың бастапқы кезеңі болып табылады. Курс ағылшын тілінің деңгейін арттыруға, сондай-ақ тыңдаушыларды IELTS құрылымымен, форматымен және қыр-сырымен таныстыруға бағытталған.

IELTS Intensive Course артық уақыты жоқ адамдарға арналған жақсы шешім болып табылады. Біздің мамандардың жетекшілігімен қарқынды курста оқып, тыңдаушылар бар болғаны бес апта ішінде өз нәтижесін 1-2 балға көтере

алады. Бұл курс емтихан тапсыру стратегиясымен таныстырады және емтиханның 4 секциясының әрқайсысына практикалық дайындыққа бағытталған. Осы курстан өткеннен кейін тыңдаушылар IELTS тапсыру үшін КАЗГЮУ арқылы British Council-де тіркеле алады, өйткені М.С.Нәрікбаев атындағы Университет IELTS емтиханы үшін British Council-дің авторизацияланған тіркеу орталығы болып табылады.

SAT – Scholastic Assessment Test шетелдік, қазақстандық университеттер мен колледждерге түсу үшін стандартталған халықаралық тест болып табылады. SAT студенттің білімін және оның дайындық деңгейін анықтауға көмектеседі. Ол 3 бөлімнен тұрады: мәтінді талдау, математика және жазу. Қазақстанда SAT, ACT және IB халықаралық стандартталған тестілерінің балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы енгізілді. Тыңдаушылар КАЗГЮУ-дың SAT-қа дайындық курсына оқи отырып, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарын таңдауға және оқуға түсуге мүмкіндік алады.

TOLES – Test of Legal English Skills – заңгерлік ағылшын тілін меңгеруін анықтауға арналған тест. Құқық саласында тілдік дағдыларды тестілеу үшін құрастырылған және халықаралық жетекші компанияларда танылған. **M.S.Narikbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti GLOBAL LEGAL ENGLISH** (Ұлыбритания) мойындалған, әрі Қазақстан мен Орта Азияда **TOLES** бойынша тестілеу орталығына тіркелудің жалғыз авторландырылған орталығы болып табылады.

TOLES кімге арналған? - құқықтық салада тәжірибеленіп жүрген заңгерлер, мамандар, құқықтану мамандығының студенттері.

TOLES артықшылықтары:

- заңгердің құқықтық және лингвистикалық құзыреттерін қателеспей анықтау
- GLOBAL LEGAL ENGLISH (Ұлыбритания) деңгейді беруді жүзеге асырады
- Сертификат мерзімі шектеусіз
- Еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік
- 78 елде танылған және **The Law Society of England and Wales, Baker and McKenzie, PwC, European Court of Justice Sony Mobile, Siemens** және тағы басқа институттар мен фирмаларда сұранысқа ие.

институттар мен фирмаларда сұранысқа ие.

Емтихан мен даярлық үш деңгейде жүргізіледі:

- 1) TOLES Foundation
- 2) TOLES Higher
- 3) TOLES Advanced

➤ **Қазақ тілі/ Орыс тілі**

Шетелдіктерге арналған орыс / қазақ тілдері - орталықта орыс/қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту бағдарламалары бар. Ұсынылатын курстар шетелдік студенттердің тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін әр түрлі жағдайларда дамытуға бағытталған.

«Қазақ тілі/Орыс тілі» курсының бағдарламасы 2 модульді қамтиды: 1-модуль – қазақ тілі/ орыс тілінің грамматикасы мен фонетикасын (150 сағат); 2-модуль – Жазылым мен оқылым дағдыларын дамыту, вокабуляр (150 сағат). Одан басқа оқу барысында студенттер Қазақстанның тарихы, мәдениеті, экономикасы, саясатымен танысады.

Өту мерзімдері: топтың жинақталуына байланысты (қыркүйек-қаңтар, қаңтар – мамыр).

Деңгейлер: бастауыштан жалғастырушыға дейін.

Оқу визасына сай ресми шақырту ресімделеді. Курс аяқталған соң сертификат беріледі.

KAZTEST-ке дайындық - бұл курс мемлекеттік қызметкерлерге және барлық ниет білдірушілерге арналған. Қазақ тілі KAZTEST жүйесі бойынша — A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлері бойынша оқытылады. Курс 3 ай бойы (72 сағат) өткізіледі. Қарқынды курс 3 апта бойы 72 сағат жүргізіледі. Оқыту заманауи білім беру мен халықаралық тәжірибе стандарттарына сәйкес келеді.

Барлық ниет білдірушілер үшін Қазақ тілі A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлерін қамтиды. Курстың ұзақтығы-6 ай. Курсты КАЗГЮУ-дің жоғары білікті мамандары жүргізеді.

Нақтырақ ақпаратты алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз:

Гульмира Баржаксина,

Ішкі байланыстар бойынша менеджер

Жоғары Гуманитарлық мектебі

M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti

Байланыс нөмірі: +7 (7172) 70 30 49, +7 771 999 14 13

каб. 503 e-mail: g_barzhaksina@kazguu.kz

<https://www.toleslegal.com/find-examination-centre/kazakhstan/>

KAZGUU Language Learning and Certification Centre байланыс ақпараттары:

Тел.: +7 (7172) 70 30 49

Каб. 503

e-mail.: zh_bopurova@kazguu.kz

Курстарға тіркелу сілтемесі: www.bit.ly/ges_study

12-БӨЛІМ. СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАР

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti студенттерге аудиториядан тыс қызықты және ұмытылмас мүмкіндіктерді ұсынады. Жоғары құлшынысқа ие, ынта-жігерлі студенттер дербес түрде таңқалдыратын түрлі іс-шараларды өткізеді. Мұның барлығы студенттік ұйымдар қызметтерінің белсенділігінің арқасында атқарылады!

Әр семестрде жаңа жобалар мен ерекше идеялар іске асырылып жатады. M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-ндегі студенттік өмір – кез келген студенттің жеке тұлғалық өсуі мен өзін-өзі танытуына ықпал ететін керемет орын.

Студенттік ұйымдарға тіркеуге байланысты сұрақтар бойынша Студенттік істер жөніндегі департаментке хабарласыңыз: dsa@kazguu.kz

1. КАЗГЮУ Times

«M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ-дағы студенттік пресс-орталық.

2. «Батыр Ұрпақ»

Ата-бабадан мұра ретінде қалған ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, салт - дәстүрді, құнды тіл мен біртұтас рухты насихаттаушы ынталы патриоттар тобы. Ата-бабаларымыз өз өмірлерінің есебінен бізгетыныш бейбіт өмір сыйлады, ал біздің міндетіміз — қолда бар құндылықтарымызды сақтау.

3. «Enactus KAZGUU» бизнес орталығы

Студенттерге жаңа табысты бизнес-жобаларды құрастырып, дамытуға көмектесетін студенттік жастар клубы.

4. «Билер Кеңесі» Жоғары студенттік кеңесі

«M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ студенттердің өзін-өзі басқару органы. Аталмыш кеңес студенттік мәселелерді шешуге белсенді ықпалдасады, сонымен бірге студенттік өмірдің жарқын, көркем, оқиғаға толы болуына барлық жағдайлар жасайды.

5. «Жан Шуақ»

Креативті, мейірімді және өмірге құштар студенттерді біріктірген қайырымдылық студенттік ұйымы барлық көмекке мұқтаж жандарға өз көмегін беріп, жанының шуағын төгеді.

6. «ProEtContra» дискуссия орталығы

Қазақстан мен әлемдік қоғамдастықтағы әлеуметтік-саяси өзекті мәселелерді талдап, талқылау үшін студенттерді біріктіретін студенттік ұйым.

7. «KAZGUU EAGLES»

Дене шынықтыру мен спортты дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, са-лауатты өмір салтын насихаттау - басты мақсаты болып табылатын студенттік ұйым. Во-лейбол, баскетбол, үстел теннисі, мини-футбол сияқты секциялары бар. Барлық спортсмендер «KAZGUU EAGLES» клубына мүше.

8. «Орда» дебат клубы

«Орда» дебат клубы – қоғамның болашақ белсенді көшбасшыларына арналған интеллектуалды ойын. Дебаттар өркениетті демократиялық қоғамға қажетті дағдылар мен дер-бестікке, шешімдерді жауапты қабылдауға үйретеді.

9. ВИА КАЗГЮУ

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің вокалды-аспапты ансамблі.

13-БӨЛІМ. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

ХҚКОКАЗГЮУ(ЦОН)

<http://tson.kazguu.kz/ru/>

E-mail: tson@kazguu.kz

Тел.: 8 (7172) 70 28 54

Ұсынылатын қызмет түрлері:

- студенттерге кеңес беру (қаржылық, академиялық, әлеуметтік-тұрмыстық сұрақтар бойынша);
- оқу орнынан анықтамалар беру;
- транскрипт беру;
- өтініштерді қабылдау (ауысу туралы, қайта орнына қабылдану, апелляция, академиялық демалысты ресімдеу, қаржылық мәселелер және т.б.).

Өтініш түрлерімен сіз мына сілтеме арқылы таныса аласыз:
<http://tson.kazguu.kz/ru/vse/ochnaya-forma-obucheniya/>

КІТАПХАНА

1. Оқырман билеті

Оқырман билетінің орнына әр студентке автоматты түрде сәйкестендіру нөмірі беріледі. Бұл нөмір оқырман сұраныстарын ескере отырып кітапхананың барлық қызмет түрін пайдалануға мүмкіндік береді. Өз сәйкестендіру нөміріңізді сіз М.С.Нарикбаев атындағы кітапхана тіркеу орнында ала аласыз.

Сізге берілген сәйкестендіру нөмірі сізге келесі мүмкіндіктерді береді:

- абонементте кітаптарды алуға (өзіңізбен бірге жеке куәлігіңізді немесе студенттік билетіңізді ала келіңіз);
- сайтта әдебиетке тапсырыс беру және «МегаПро» Электронды каталогы жүйесінде басқа операцияларда авторизациялану үшін логин/пароль қолдана аласыз;

Бұл өз алдына сізге мына мүмкіндіктерді береді:

- электронды каталогта іздеу, жеке компьютерден өзіңізге ыңғайлы уақытта керекті басылымдарды броньдау, кітапханаға келе салысымен абонементте кітаптарды алу;
- толық мәтінді қорларда жұмыс істеу.

Электронды каталогқа library.kazguu.kz сайты арқылы кіре аласыз.

2. Оқырмандар залы

Кітапхана университеттің бірінші және нөлдік қабаттарында орналасқан. Бірінші қабатта 9 оқырман залы бар: профессор М.С.Нарикбаев жеке кітапханасы залы, электронды қорлар залы, шетел әдебиеті залы, ғылыми зал, мерзімді басылымдар залы, PhD докторанттары мен оқытушылар залы, Erasmus+ жоба аясындағы зал, әмбебап оқырман залы, сирек және құнды кітаптар залы, оқырмандар кіші залы орналасқан әрі әр студентке кіру шектеусіз.

3. Абонемент

М.С.Нарикбаев атындағы кітапхана абонементі нөлдік қабатта орналасқан. Мұнда Сіз үйге кітаптар ала аласыз. Қысқы бақ арқылы баспалдақпен төмен түсіп, нөлдік қабатқа жете аласыз.

4. Open Room

Open Room 6 бөлмесі бар ыңғайлы демалыс аймағы болып табылады. Кішігірім семинарлар, мәжілістерден келіссөздерге дейін кез келген үлгідегі іс-шараларды өткізуге даярланған. Аталмыш залға кіру үшін М.С.Нарикбаев атындағы кітапхананың тіркеу орнында тіркелу керек.

Кітапхана және ондағы дербес жұмыс әдістері туралы толығырақ ақпаратты Сіз кітапхананың сайтынан ала аласыз library.kazguu.kz

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. ДЕНСАУЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Әр студент медпунктіге алғашқы жедел көмек алу үшін бара алады:

149 каб. (1-қабат),
тел. (7172) 70-17-61 (ішкі.1164)

Жұмыс кестесі:

09.00-ден 18.30-ға дейін

13.00-14.30 — түскі үзіліс

демалыс күндері: сенбі, жексенбі

2. СТУДЕНТТІК ЕМХАНА

КАЗГЮУ студенттері емханада емделе алады.

Емханаға тіркелуге қатысты сұрақтар бойынша Денсаулық орталығына хабарласа аласыз.

ЖАТАҚХАНА

Жатақханадан орын ұсыну АИС «Платон» - «Общежитие» модуліне өтініш жазу арқылы жүзеге асырылады. Өтініштерді қарау АИС «Платон» бағдарламасында көрсетілген құжаттар тапсырылған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Ең алдымен сәйкесінше жеңілдіктері бар студенттерге орын беріледі. Сәйкесінше құжаттарды тапсыру міндетті.

Университет жатақханасына ең алдымен орналасу құқығы келесі студенттерге беріледі:

- бала жасынан мүгедек, 1-2-топтардағы мүгедектер, жетім балалар мен анасының қарауынсыз қалған балалар, ата-анасының біреуі не екеуі де мүгедек болған жағдайдағы балалар

- бірінші курсқа қабылданған «Алтын белгі» иегерлері, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпазы болғандығын растайтын сертификаты бар студенттер, оқу орнын үздік аяқтағандар (аттестат, диплом сияқты білім алу туралы құжаты бар болған жағдайда).

2021 жылдың 23-24 тамызында Тұрғын үй комиссиясының жатақхана орындарын бөлу туралы отырысы өтеді. Тұрғын үй комиссиясының шешімі АИС «Платон» арқылы да хабарланады.

2021 жылдың 27 тамызында (болжалды) – оң шешім қабылданған студенттер арасында Университет жатақханасына орналасу жүргізіледі.

Жатақханаға орналасу кезінде төлемі төленгені туралы түбіртек бірге болуы керек:

- Ай сайынғы тұру – 10000 теңге (алдын ала төленетін сома 3 айға 30000 теңге);
- Кепіл ақша – 20000 теңге.

«ЭНДАУМЕНТ КАЗГЮУ» КОРПОРАТИВТІК ҚОРИ

Эндаумент қайырымдылық шараларда берілетін қайыр есебінен толықтырлады. Эндаумент-қорға ірі компаниялардан, қарапайым азаматтардан, табысты мансапқа қол жеткізген, осылайша білімге салынған инвестицияларды қайтаруға тырысып жүрген, сонымен бірге студенттерге қолдау көрсетіп жүрген университет түлектерінен ақшалай қаражаттар келіп түседі. Эндаумен-қорлардың қызмет ету ерекшелігі іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеді. Мысалы, АҚШ-та осы қорлардың арқасында америкалық ЖОО-лары ғылымның көптеген саласында өздерінің әлемдік деңгейдегі көшбасшылық орындарын ұстап отыр. Соның арқасында үздік оқытушылар сабақ беруде, дарынды студенттердің оқу ақылары төленуде, ЖОО-лардың құрылымы қаржыландырылып, құрал-саймандар сатылып алынуда, жаңа заманауи кафедралар мен факультеттер ашылуда. Қаражатты тарту студенттердің білім алуына ықпалдасады, материалдық-техникалық базаны нығайтады, «M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ студенттері мен оқытушыларының ғылыми жобаларына қолдауды жүзеге асырады.

Материалды көмекті кім сұрай алады?

- толық емес отбасының балалары (ата-аналары ресми түрде ажырасқан);
- көпбалалы отбасының балалары (отбасында 4 және одан көп бала);
- аз қамтылған отбасының балалары;
- бір немесе екі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- ата-анасының біреуі не екеуі де барлық топтағы мүгедектер болып табылатын балалар;
- барлық топтағы мүгедек болып табылатын балалар.

Өтініштерді қабылдау мерзімдері: оқу жылы бойына

Өтініштерді қарастыру мерзімдері: 3 ай ішінде

Қайда хабарласуға болады?

«Эндаумент КАЗГЮУ» КҚ (239 каб.)

Тел.: + 7 (7172) 70 30 30 (ішкі.1199)

endowment@kazguu.kz

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

«M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ Әскери кафедрасы запастағы офицерлерді әскери даярлау бағдарламасы бойынша оқытуды жүзеге асырады. Әскери даярлықтың толық курсын тамамдаған студенттерге запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша «запастағы лейтенант» әскери атағы беріледі.

Әскери кафедрада оқуға іріктеу қабылдау жоспарына сай байқау негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау жоспары жыл сайын қабылдау жылының 1 наурызында ҚР Қорғаныс Министрлігіне жіберіледі.

Байқауға күндізгі бөлімде оқитын, ҚР азаматтары, қабылдау жылында 25 жастан аспаған, сотталмағандығы туралы ақпараты бар студенттер қатыса алады.

Әскери кафедрадан әскери даярлықты өтуге ниет білдірген студенттер КАЗГЮУ университетінің ректорының атына университет канцеляриясы арқылы өтініш бере алады.

Студенттерді іріктеу үш кезеңнен тұрады:

- 1) Бірінші кезең — медициналық куаландырудан өту;
- 2) Екінші кезең — кәсіби-психологиялық тестілеуді өткізу;
- 3) Үшінші кезең — дене даярлығын тексеру.

Әскери даярлыққа жіберілген үміткерлер студенттерді байқау бойынша іріктеу нәтижелерінің хаттамасы негізінде ректордың бұйрығымен әскери даярлыққа жіберіледі.

Әскери кафедра байланыс телефондары: 70-30-37

Әскери кафедра басшысы: Ибраев Амангелды Аманзакович;

Әскери кафедра басшысының орынбасары: Байназаров Қайрат Нарынбаевич.

14-БӨЛІМ. M.S.NARIKBAEV ATYNDAGY KAZGUU UNIVERSITETI ТҮЛЕГІНІҢ ПРОФАЙЛЫ

Университет түлектерінің әрқайсысы мамандыққа деген адал көзқарасымен, моральдық-этикалық қағидаттары және жеке жауапкершілігінің жоғары деңгейімен ерекшеленетініне сенімдіміз. Біздің түлегіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсылық таныта отырып, алға қойған мақсатына, үнемі кәсіби тұрғыда өсуге ұмтылады.

КАЗГЮУ УНИВЕРСИТЕТІ ТҮЛЕГІНІҢ ЖЕКЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Кәсіби біліктілігі

- ✓ Бизнестегі құндылықтар мен кәсібилік негізін түсініп, оны қолдануы
- ✓ Аналитикалық, стратегиялық, сыни және еркін ойлап, сондай-ақ жоғары мақсаттылықты меңгеруі
- ✓ Күрделі шешімдерді өздігінен қабылдап, оның нәтижесін бағамдай алу қабілетінің болуы
- ✓ Өз кәсіби құзыреттілігін көтеру мақсатында өзіндік білім алу мен дамуға ынталануы

Адалдық

- ✓ Ұжымдық және жеке жауапкершілік танытудағы адалдығы мен қабілеттілігі
- ✓ Сенімділік, табандылық, өзін өзі ұстай білуі және тапқырлық танытуы
- ✓ Кәсіби қызмет көрсету кезіндегі ұқыптылығы, шыншылдығы
- ✓ Өзіне және басқа тұлғаларға талап қоя білуі, ұқыптылық және азаматтылық танытуы

Әділеттілік

- ✓ Кәсіби этиканы сақтауы
- ✓ Адамның адамға, қоршаған ортаға, қоғамға қарым-қатынасын реттейтін құқықтық, этикалық нормаларды сақтауы, түсіне білуі, үгіт-насихат жүргізуі
- ✓ Теріс әрекет немесе теріс түсіністіктен, даулы жағдайлардан бойын аулақ салу немесе басқа адамдардың әсер етуінен туындаған қайшылықтарға объективті түрде қарауы
- ✓ Жоғары моральдық қағидаларға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрекет етуі, өмір сүруге таза ниетінің, терең сенімінің болуы

Өзара сыйластық

- ✓ Моральдық және этикалық қағидаларды ескере отырып, әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени үдерістерді бағалай білу қасиеті
- ✓ Мәдениаралық ортада өздігінен жұмыс істей білуі
- ✓ Топта ұтымды жұмыс істеп, оны құра алу қабілеті
- ✓ Кәсіби және өзара жеке қарым-қатынас жасаудағы коммуникативтік құзыреттілікті қабылдай білуі
- ✓ Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін кәсіби деңгейде меңгеруі